

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы « »
№ бұйрығына
қосымша

**«Qazaq national school programme»
оқу бағдарламалары**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 1 тамыздағы №3 хаттама).

**Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

2025 жылғы 1 тамыз

Астана қаласы

Кеңес төрағасы – ғылым жөніндегі вице-президент А. Тапирбергенова

Хатшы – ғалым хатшы Ж.Есепбай

Қатысқандар: кеңестің барлық мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Абай ұлттық мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесі үшін Абай ұлттық мектебі үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған арналған пәндер бойынша «Qazaq national school programme» (Қазақ нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасын таныстыру

1 сұрақ бойынша Қазақ филологиясы зертханасының ғылыми қызметкері Ахмер Біржан Ермекұлы баяндады.

Баяндамашы ұсынылған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған пәндер бойынша «Qazaq national school programme» (Қазақ нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасының мазмұнын, құрылымын таныстырды және кеңес мүшелерімен талқыланды, баяндамашы қойылған сұрақтарға жауап берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Абай ұлттық мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесі үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған пәндер бойынша «Qazaq national school programme» (Қазақ нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасы мақұлданын.

2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Qazaq national school programme» (Қазақ нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Абай ұлттық мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесінде эксперименттік режимде сынақтан өткізу үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетіне тапсырылсын.

Төраға



А. Тапирбергенова

Хатшы



Ж. Есепбай

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Абай ұлттық мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесінде
эксперименттік білім беру бағдарламаларын сынақтан өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 5-тармағына, 25-бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларына сәйкес және білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу жөніндегі сараптамалық топ кеңесінің 2025 жылғы 18 тамыздағы хаттамасы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Абай ұлттық мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп) (Қ.М. Мұқашев) республикалық бюджеттен 2025-2026 жылдарға бөлінген қаражат шеңберінде «Qazaq national school programme» (Казах нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасын осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес сынақтан өткізсін.

2. Мектеп «Qazaq national school programme» (Казах нейшнал скул програм) эксперименттік білім беру бағдарламасын сынақтан өткізуді кезең-кезеңімен жүзеге асырсын:

- 1) 2025-2026 оқу жылында 7-сыныптарға;
- 2) 2026-2027 оқу жылында 8-сыныптарға;
- 3) 2027-2028 оқу жылында 9-сыныптарға;
- 4) 2028-2029 оқу жылында 10-сыныптарға;
- 5) 2029-2030 оқу жылында 11-сыныптарға.

3. Мектеп әр оқу жылының қорытындысы бойынша 10 маусымға дейін білім беру бағдарламасын сынақтан өткізу нәтижелері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті (Қ.Б. Жұмашев) осы бұйрықты орындауға қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне (М.Т. Мелдебекова) жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі**

Ғ. Бейсембаев

Согласовано

23.08.2025 12:33 Жумашев Каныбек Бекболатович

23.08.2025 12:58 Махсұтова Зейнеп Абдыжусуповна

23.08.2025 13:23 Муздыбекова Гулсила Орынбековна

25.08.2025 08:56 Рахметова Жанар Исахметовна

Подписано

25.08.2025 08:58 Бейсембаев Гани Бектаевич



10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Жаһандану мен цифрландыру жағдайында мәдени, тарихи және ұлттық бірегейлікті сақтау құралы. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ана тілі.

Қазақ тілі тұлғааралық қарым-қатынас пен өзін-өзі танудың негізі, сонымен қатар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін, ғылыми дүниетанымын, шығармашылық ой-өрісін, патриоттық санасын, адамгершілік бағыт-бағдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі кезеңдегі 10-11 сынып оқушыларына арналған негізгі оқу бағдарлама аясында қазақ тілін оқытуда заманауи лингвистикалық, филологиялық қол жеткен ғылыми нәтижелерді, заманауи тіл білімі мен сөйлеу шеберліктеріне қатысты талаптарды меңгертуде шектелу байқалады. Мұндай шектеу қазақ тілін тереңдетіп оқытуда тек сағат санын көбейткенімен, сапалы яғни мазмұндық құнарлылығы жағынан толықтырып, жаңартылмағандықтан, оқушылардың қазақ тілінде өмірдің барлық дерлік саласында жазу мен сөйлеу қажеттіліктерін түсініп, қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылықтың төмендеуіне және тіл тәжірибесінің әлсіреуіне әкеледі. Қазақ тілін тереңдетіп оқытуда тек грамматикалық тақырыптарды кеңейте беру деп түсінбей, функционалдық, прагматикалық, коммуникативтік, шешендік салаларының тақырыптары да қажетті минимумда іріктелінуі қажет.

Қазақ тілін тереңдетіп оқыту арқылы заманауи қажеттіліктерді қанағаттандыратын тіл білімі мен және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру процесін ұйымдастыру оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, сауаттылығын, сөйлеу мәдениетін арттыруға және тілін дамытуда оқушының өзі де белсенді қосылуға деген тұрақты мотивациясын қалыптастыруға көмектеседі.

Қазақ тілі - қарым-қатынас құралы ретінде қазақ ұлтының ана тілі болып табылатын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде, түрлі ұлт тұратын еліміздің ұйытқысы ретінде ерекше мәртебесі мен қызметі анықталған таңбалар жүйесі ретінде тереңдетіле оқылатын пән. Қазақ тілі пәнін тереңдете оқыту 10-11 сынып оқушыларын қазақ әдеби тілінің тамырындағы дүниетанымдық, ғылыми таным, эстетикалық, тәрбиелік мүмкіндіктерді өзінің өмірлік қажеттілігіне жұмсай алатын мүмкіндіктерге ие қылады. Қазақ тілінің орфоэпиялық және орфографиялық, ауызша және жазбаша нормаларын теориялық және практикалық тұрғыдан тереңдете меңгертіп, лексикалық қоры мен грамматикалық, стилистикалық функционалдық мүмкіндіктерін 10-11 сынып оқушыларының өмірлік қажеттілігін қанағаттандыратын білім мен дағдылар жүйесі ретінде меңгертудің рөлі зор.

Қазақ тілін тереңдете оқыту оқушылардың орфографиялық, пунктуациялық сауаттылығын жетілдіріп, 10-11 сынып оқушыларының лингвистикалық танымының аясын кеңейтеді. Қазақ тілінен базалық білімін тереңдету арқылы оқушылардың тілдік-лингвистикалық, коммуникативтік,

мәдениеттанымдық, елтанымдық, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық тілдік құзыреттілігі қалыптастырылып, дамытылады.

Қазақ тілін 10-11 сыныптарда тереңдете оқыту процесінде мәтінтану, сөйлеу мен тілтану, дискурстық талдау сияқты базалықтан анағұрлым жоғары деңгейдегі білім материалдары оқытылады. Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасында көрсетілген жеке тұлғалық дамытуға арналған білім берудің «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары бойынша оқу мақсаттарының мазмұнына келесі тіл білімі салаларының мәліметтерін енгізу көзделіп отыр. Атап айтқанда:

- «Көшбасшылық» бағытында қазақ тілін тереңдете оқытуда «Спичрайтинг», «Медиалингвистика», «Дебат», «Пікірталас», «Публицистикалық шешендік» салалары бойынша оқу мақсаттарымен толықтыру көзделді.

- «Ғылым» бағытында қазақ тілін тереңдете оқытуда «Академиялық жазу», «Академиялық шешендік», «Эссе жазу», «Ғылыми жоба қорғау тілі» салалары бойынша оқу мақсаттарымен толықтыру көзделді.

- «Шығармашылық» бағытында қазақ тілін тереңдете оқытуда «Көркем сөз табиғаты», «Креативтік жазу», «Лингвопоэтика», «Лингвостилистика» салалары бойынша оқу мақсаттарымен толықтыру көзделді.

Қазақ тілін тереңдете оқыту арқылы 10-11 сынып оқушылары тұлғасының тіл мен әдебиет, интеллектуалдық-зияткерлік, рухани, адамгершілік тұрғыдан дамуы және әлеуметтік өсу жолының траекториясын құру мүмкіндігі анықталады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын жүзеге асырудағы мақсаты:

- қазақ тілін тереңдете оқыту негізінде Абай ұлттық білім беру мектебі шәкірттерінің жалпыадамзаттық және қазақ ұлттық құндылықтарын меңгерген тұлғалық болмысын қалыптастыру және дамыту, 10-11 сынып оқушыларының қазақ тілінен алған өзінің білімін өмірлік шынайы жағдаяттарда біліктілікпен қолдануға дағдыландыру, өз бетімен ғылыми жолмен іздену және шешімге келу дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

- қазақ тілін тереңдете оқыту нәтижесінде Абай ұлттық мектебі түлектерінің жеке тұлғалық, отбасылық, елдік, мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын құзыреттіліктерге ие болып, тілдік-коммуникативтік, академиялық және публицистикалық, шешендік және көркем әдеби шығармашылық маңызды дағдыларды қалыптастырып, осы бағыттар бойынша көзделген тілдік-коммуникативтік, елтанымдық, аксиологиялық, патриоттық тәрбиелік нәтижелерге қол жеткізу.

Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асырудың қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін шешілуі тиіс болатын төмендегі міндеттер белгіленді:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін тереңдете оқытып-меңгерту арқылы Абай ұлттық мектебі 10-11 сынып шәкірттерінің азаматтық, ұлттық тұлғасын, қазақша тілдік тұлғасын қалыптастыру және дамыту;

- 10-11 сынып оқушыларына қазақ тілі жүйесі туралы тіл білімін жалпыадамзаттық құндылық ретінде және ұлттық бірегейліктің басты белгісі ретінде бағалап қабылдану;

- қазақ тілінің фонетикалық, сөзжасамдық, грамматикалық жүйесін коммуникативтік-функционалдық бағдарда оқыту арқылы тіл бірліктерінің академиялық, публицистикалық, медиалингвистика, әлеуметтік-мәдени және заң мен қоғамдық-саяси дискурс өрісіндегі мәтіндерді құраудағы қызметі мен ерекшеліктерін, лингвистикалық-коммуникативтік заңдылықтарын меңгерту;

- қазақ тілінің фразеологиялық-лексикалық жүйесінде сақталған ғылым мен технология, тарихи, мәдени, көркем әдеби, этнографиялық, өнер-білім ақпараттарын меңгертіп, 10-11 сынып оқушысының білімдік қазынасын байыту арқылы қазақ халқының қазақ тілінде сақталған рухани және мәдени құндылықтарын сақтауға және дамытуға дағдыландыру;

- қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стилінің, академиялық стилінің, публицистикалық стилінің, көркем әдебиеті стилінің ерекшеліктерін қазақша ауызша және жазбаша мәтін құру арқылы меңгерту;

- 10-11 сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырып, ұлтжандылық, елсүйгіштік, көшбасшылық, ғылымға талаптану, шығармашылық қабілеттері мен қасиеттерін дамытуда арнайы сұрыпталған мәтіндерді, атап айтқанда, Күлтегіннің мемлекет құру, елді қорғау мен тәуелсіздікті сақтау туралы қағидаларын, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактаттағы» қайырымды қаланың Бірінші басшысының адал қасиеттерін, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты Білік» кітабындағы Күнтуды мен Айтолдының мемлекет, оның басқару, көшбасшылық туралы, ел ішіндегі адамдармен әділдікпен байланыс жасау туралы қағидаларын, Ахмет Игүнекидің рухани тазалыққа толы адами қасиеттерді қалыптастыруға арналған «Ақиқат сыйындағы», Бұхар жыраудың адал өмір сүрудің маңызды шарттарын, Ыбырай Алтынсариннің мұраларындағы білімді, мәдениетті ел болу қағидаларын, Абайдың «Қарамола заңындағы», «Қара сөздеріндегі» және «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста» өлеңіндегі «толық адам» қағидаларын, Шәкәрім еңбектеріндегі бейбіт өмір сүру қағидаларын, Ахмет Байтұрсынұлының тілдік және әдеби, әлеуметтік еңбектерінің мәтіндерін лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық, лингво-когнитивтік, лингво-коммуникативтік, лингвомәдени әдістер негізінде талдауға және ауызша, жазбаша мәтіндер құруға дағдыландыру.

Абай ұлттық мектебінің 10-11-сынып оқушыларына қазақ тілін тереңдете оқыту бағдарламасы тұлғалық-бағдарлы, функционалдық, іс-әрекеттік, жүйелілік тәсілдемелерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақ тілін тереңдете оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін төмендегі принциптер басшылыққа алынады.

Қазақ тілін 10-11-сыныптарда тереңдете оқыту бағдарламасын құруда ғылымилық жәғне жүйелілік принциптер басшылыққа алады. Ғылымилық принципне сүйене отырып, қазақ тілін тереңдете оқытуда тіл мен сөйлеу, коммуникативтік туралы ғылыми мәліметтердің жаңалануы көзделігнеді. Жүйелілік принципі тіл жүйесін тереңдете меңгерте отырып, оқушылардың алған тереңдете меңгерген түсінігі мен ұғымдарын жүйеге түсіріп,

Қазақ тілін 10-11- сыныптарда тереңдете оқыту бағдарламасы базалық бағдарламамен және 7-9 сынып бағдарламаларымен сабақтастық принципі негізінде құрылды. Сабақтастық принцип қазақ тілі бойынша оқу материалының, оқыту формалары, құрал-жабдықтары, әдістері, әдістемелік жүйесі мен технологиясы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ тілін тереңдете оқытуда қолданылатын тұлғалық-бағдарлы тәсілдеме саралап оқыту принципін қолдануды қалайды. Бұл принцип 10-11 сынып оқушыларының әрқайсысының потенциалды мүмкіндіктерін іске асыру үшін қажетті оңтайлы мүмкіндіктер жасайды.

Дидактиканың көрнекілік, жеңілден ауырға қарай және инновациялылық принципі де қазақ тілін тереңдете оқытудың сенімді принциптері болып саналады.

Қазақ тілін 10-11- сыныптарда тереңдете оқыту бағдарламасын әзірлеу мен іске қосудан күтілетін нәтижелер, негізінен, 10-11 сынып оқушыларының қазақ тіл білімінен, сөйлеу заңдылықтарынан, түрлі стильдегі мәтін құраудан, өмірдің барлық дерлік салаларында қазақ тілін ауызша және жазбаша формада қолдана алуынан, монолог құру, диалог жүргізу ерекшеліктерін танып-білуінен, ауызша, жазбаша сөйлеу тілі дамуынан көрінетін болады. Мұндай нәтижелер қазақ тілі жүйесінің тірек ұғымдарын, тіл жүйесіндегі бірліктердің байланысу және қатынас заңдылықтарын, қазақ тіл бірліктерінің мәтінге, стиль мен стилистикаға, дискурсқа байланысты функционалдық-коммуникативтік ерекшеліктерін, прагматикалық ерекшеліктерін биік деңгейде меңгеру арқылы қалыптасады.

Қазақ тілін тереңдете оқыту бағдарламасын меңгерген 10-11-сыныптар оқушысының моделі келесідей құрылымда болады.

1.Когнитивтік компонент. Білім мен түсініп қолдану.

Білім:

- қазақ тілі орфографиясы мен орфоэпиясының, пунктуациясы мен грамматикасының нормалары;
- қазақ тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері;
- түрлі мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері;
- қазақ тілінің тарихи-мәдени контексте даму жолы.

Түсініп қолдану:

- қазақ тілінің құрылымы мен функциялық заңдылықтарын;
- қазақ тілінің қоғамдағы маңызды орны, тарихи даму жолы, қазақ мәдениетінің жүйесіндегі қазақ тілінің маңызды орны, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі, қазақтардың ана тілі ретіндегі коммуникациялық маңызы және ерекшеліктері.

2.Іс-әрекеттік компонент. Білім мен дағдылар.

Сөйлеу әрекетінің келесі түрлерін меңгереді:

- түрлі жанрдағы - публицистикалық, ғылыми-академиялық, көркем шығармашылық - мәтіндерді толық түсініп оқу;
- сауатты және стилистикалық дұрыс құрылған жазба мәтіндерді құру;
- пікірталасқа, дебатқа қатысып, өзінің көзқарасын аргументтеп білдіретін, ауызша сөйлеу;

- мәтіндерді стилистикалық, тілдік, мазмұндық талдау.

Келесідей дағдылар қалыптасады:

- лингвистикалық, коммуникативтік талдау жасай білуі;
- білімін практикада сауатты қолдана білуі;
- көпшілік алдында сөйлейтін сөзін құру, жазу, редакциялау, сөйлеу;
- тәілдік құбылыстарды зерттеу, ізденіс нәтижелерін жоба немесе

баяндама түрінде рәсімдей білу.

3. Коммуникативтік компонент.

- тілдік құралдарды икемді және дәл таңдап қолдану;
- сөйлеу этикетін меңгеру;
- жанрлық нормаларды білу және дұрыс қолдану;
- сөйлеуін мақсатына, жағдаятқа және адресатқа сәйкес құра білу;
- диалог құруға керекті дағдыларды меңгеру;
- аргументтеу, рефлексиялық қабілеттерін жетілдіру.

4. Жеке тұлғалық және мотивациялық компонент.

- қазақ тілін ана тілі ретінде бағалап, тұлғалық және мәдени бірегейліктің бөлшегі ретінде саналалықпен түйсінеді;
- қазақ тіліне, қазақ әдебиетіне, қазақ тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығы арта береді;
- қазақ тілін тереңдете меңгеруді өз бетімен әрі қарай үзебей жалғастыра береді;
- басқа тілдерге және өзге халық мәдениетіне деген сыйластығы болуы;
- қазақ тілін сақтауға және дамыту жауапкершілігі жоғары болуы.

Қазақ тілін тереңдете оқыту бағдарламасын толық меңгерудің нәтижелері
Оқушының білімі көрініс беруі:

10-11 сынып оқушыларының моделінің бағыты:

- қазақ тілінде оқу және академиялық, қоғамдық әлеуметтік-мәдени, ресми коммуникацияға еркін қатысу;
 - тілдік олимпиада, конкурстар, ғылыми конференцияларға қатысу;
 - филологиялық мамандықтарға дайындалу;
 - зерттеу және шығармашылық оқу іс-әрекетін жүзеге асыру.
- Қазақ тілін тереңдете оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау.
- тесті тапсырмалары;
 - интерактивтік диктант;
 - лексика-грамматикалық диктант;
 - мәтін талдау;
 - шығармашылық жазба жұмыстар;
 - ауызша баяндама, презентация, дебат, пікірталас, ғылыми баяндама;
 - жобаны қорғау тілі.

Қазақ тілін тереңдете оқыту процесін әдістемелік және

оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету

- қазақ тілін 10-11 сыныптарда тереңдете оқыту бағдарламасына сәйкес оқу құралы;
- оқуға арнаған түрлі стиль мен түрлі жанрдағы мәтіндер жинағы;

- жаттығулар мен тапсырмалар жинағы;
- тестілер жинағы;
- білім беру ресурсын құру - аудио және бейнематериалдар жинағы – интерактив тапсырмалар, фильмдер мен білімдік, тілдік курстар жинағы;
- баспа материалдары;
- иллюстрациялық материалдар,
- ойын материалдары;
- тренажерлер.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 76 сағатты құрайды.

2. Бағдарлама құндылықтарға, тұлғаға бағдарланған, сондай-ақ құзыреттілік, сындарлылық, коммуникативтік тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарлама мазмұны ұлттық сана-сезімінің көкжиегі кеңейген, мінез-құлық прагматизмі қалыптасқан, метатанымдық қабілеті, шығармашыл әлеуеті дамыған, көптілді, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндіктеріне бағытталады.

4. Бағдарлама арқылы білім алушылардың бойында төмендегі дағдыларды дамыту көзделген:

- академиялық деңгейде оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- мәтінді талдау, интерпретациялау және түзету жұмыстарын жүргізу, оқу материалдарын салыстыру, саралау, талдай алу дағдыларын дамыту;
- Абай ілімдерінің негізін терең таныту арқылы ұлттық мәдениетті саналы түрде қабылдау;
- аналитикалық, сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны шиыршық қағидатына сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, сатылай күрделене отырып, тереңдей түседі. Бұл тәсілдеме оқушылардың білім мен құзыреттілікті тұрақты игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді ғылыми тұрғыда меңгеруіне негізделеді.

6. Қазақ тілі пәнінің мазмұны:

10-сынып	11-сынып
Коммуникативтік дағдылар: Өртүрлі коммуникативтік жағдайларда тілдік бірліктерді орынды қолдану (ресми, бейресми, академиялық стильдерде сөйлеу). Көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін дамыту (пікірталас, презентация, баяндама жасау).	Коммуникативтік дағдылар: Тыңдаушының көңіл-күйі мен қабылдауына сәйкес сөйлеу стилін таңдау. Әлеуметтік желідегі тілдік нормаларды талдау және қолдану. Дискуссияда дәлелді пікір білдіру, оппонентпен сыпайы қарым-қатынас орнату.

Тілдік жүйе: Қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын терең меңгеру. Күрделі және құрмалас сөйлем түрлерін талдау, сөйлемнің грамматикалық негізін анықтау. Сөзжасам тәсілдері (туынды сөз, күрделі сөз, терминжасам).	Тілдік жүйе: Стилистикалық тәсілдер мен көркемдік құралдарды түсіну және қолдану (эпитет, метафора, теңеу, т.б.). Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды меңгеру, тіл мәдениетін сақтау.
Мәтінмен жұмыс: Әртүрлі стильдегі мәтіндерді (публицистикалық, ғылыми, көркем, ресми) түсініп оқу және мазмұнын талдау. Мәтін құрылымын анықтау (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Автордың көзқарасын, идеясы мен мақсатын анықтау.	Мәтінмен жұмыс: Интерпретация, рецензия, аннотация сияқты мәтін түрлерін жасау. Мәтін ішіндегі логикалық байланыстар мен дәйектілікті сақтау дағдылары.
Жазба тілі: Эссе, пікір, мақала, хат, түйіндеме, өтініш сияқты жазбаша мәтін түрлерін сауатты және құрылымды түрде жазу. Жазба жұмыста ойдың жүйелілігі мен дәлдігін сақтау. Дәлелді пікір жазу, фактілер мен дәйектер келтіру.	Жазба тілі: Жазбаша жұмысты жоспарлау, редакциялау және түзету дағдыларын дамыту. Қоғамдық маңызды тақырыптарға қатысты өз ойын жазбаша түрде жеткізе білу.

7. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атаулары	Құзыреттіліктер мен құндылықтар
<i>Ұлттық және жаһандық құзыреттілік</i>	Қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарын, ұлттық болмысын тіл арқылы терең түсіну және құрметтеу. Ұлттық тіл мен мәдениетті заманауи контексте таныту, ұлтжандылық пен азаматтық жауапкершілікті дамыту. Қазақ тілін әлемдік тілдік кеңістіктегі орны мен маңызын түсіну. Жаһандық мәселелерге (экология, цифрлық мәдениет, медиа, ғылым) қатысты қазақ тілінде еркін және сыни ой білдіру. Көпмәдениетті қоғамда толерантты қарым-қатынас орната білу.
<i>Тілдік құзыреттілік</i>	Қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын терең меңгеру және сауатты қолдану. Морфологиялық, синтаксистік, лексикалық нормаларды жетік білу. Орфоэпиялық, орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау. Тілдік құралдардың стильдік ерекшеліктерін ажырату және орынды қолдану. Сөз мәдениетін сақтай отырып, тілдің бейнелі, көркем және функционалдық мүмкіндіктерін қолдану.
<i>Коммуникативтік құзыреттілік</i>	Қарым-қатынас жағдаятына сай тілдік бірліктерді орынды қолдану (ресми, бейресми, ғылыми, көркем стильдер). Тыңдаушының немесе оқырманның ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу және жазу. Көпшілік алдында сөйлеу, диалог пен пікірталас жүргізу, аудиторияны сендіре білу. Қазіргі медиа құралдарда (блог, подкаст, әлеуметтік желі) сауатты және мазмұнды сөйлеу/жазу. Коммуникативтік кедергілерді жеңе білу, өз ойын анық, жүйелі жеткізу.
<i>Әдеби-мәдени құзыреттілік</i>	Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тілдік ерекшеліктерін түсініп, әдеби нұсқалар арқылы тілдік танымды тереңдету. Көркем мәтіндерді тілдік-мәдени тұрғыда талдау, ұлттық дүниетанымды тану. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеу, метафоралар арқылы мәдени кодтарды ұғыну. Әлемдік мәдениет

	пен әдебиет контексінде қазақ тілінің көркемдік табиғатын тану. Эстетикалық талғам қалыптастыру арқылы тіл арқылы рухани даму.
<i>Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі</i>	Мәтінді талдау, салыстыру, интерпретациялау және өзіндік тұжырым жасау дағдыларын дамыту. Ғылыми-танымдық, публицистикалық және көркем мәтіндерге сыни көзқараспен қарау. Дәйек, дерекпен жұмыс істеу, гипотеза ұсыну, дәлелдеу және қорытынды жасау. Ақпаратты іздеу, сұрыптау, өңдеу және түрлі көзқарастарды саралай білу. Жазба және ауызша пікір айтуда дәлелді, логикалық және жүйелі ойлау.
<i>Базалық құндылықтар мен мазмұндық концептілері</i>	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат»

8. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, білім алушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

9. «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін қызықты, өзекті, қиын әрі маңызды мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу негізіндегі бағдарлама тілді зерттеуінде дәйектілік, концептуалды және талқылауға тұрарлық мәселелерді зерттейді.

10. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық мәнмәтіндері арқылы зерттейді:

- 1) Сәйкестілік және қатынастар
- 2) Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау
- 3) Жеке және мәдени өрнек
- 4) Ғылыми және техникалық инновациялар
- 5) Жаһандану және тұрақтылық
- 6) Әділеттілік және даму

11. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	аудитория алдында сенімді сөйлеу, пікірін дәлелмен жеткізу, көпшілікпен тиімді қарым-қатынас орнату, сыни, мәдениетті, этикалық мазмұндағы онлайн-коммуникация дағдыларын дамыту.	өз ойы мен идеясын тіл арқылы жүйелі, сенімді түрде жеткізу, пікірталастарда бастамашыл болу, ресми құжаттарды (өтініш, түйіндеме, баяндама) сауатты жазу, тілдік этикетті сақтау.	топтық жобаларды тілдік тұрғыдан үйлестіру, команда ішінде байланысты реттеу.

Ғылым	ғылыми стильдегі мәтіндермен жұмыс істеу, ғылыми терминдерді дұрыс қолдану, ғылыми мақалаларды, статистикалық материалдарды, ресми құжаттарды тілдік жағынан талдау.	дереккөздерді іріктеу, сұрыптау және тілдік тұрғыда өңдеу, зерттеу жүргізу кезінде ғылыми тілмен өз тұжырымын негіздеу.	тілдік құрылымдарды пайдалана отырып, жобаларды таныстыру, қорғау.
Шығармашылық	әдеби, публицистикалық жанрларда тілдік стильді сақтай отырып мәтін жазу (эссе, әңгіме, мақала, репортаж т.б.),	мәтіндерді креативті тұрғыда талдау, қайта жаңғырту.	тілдік материалдарды театр, кино, ән мәтіні, сторителлинг секілді креативті форматта ұсыну.

5. Оқыту мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым;

8) әдеби тіл нормасы.

6. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту.

10. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) ақпаратты түсіну;

8) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

9) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

10) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

11) мәліметтерді өңдей білу;

12) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

11. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

8) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

9) эссе жазу;

10) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

11) шығармашылық жұмыс;

12) мәтіндерді түзету және редакциялау.

12. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфография;

2) орфоэпия;

- 3) лексика;
- 4) грамматика;
- 5) пунктуация.

13. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең,

хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

14. 11 сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу, сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау, таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, дәріс, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің

стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, ақпараттық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау, көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетудер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану, мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

12. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында "10" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

13. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 ауызекі, публицистикалық стилдегі мәтіндерді тыңдай отырып, мәтін тақырыбына, мәтіннің логикасына, ішкі байланысына, мәтіннің құрылымына болжам жасау; қоғамдық пікір мен әлеуметтік мәселені болжау.	11.1.1.1 Ғылыми және көркем стильдегі мәтіндерді тыңдай отырып, мәтіннің құрылымдық элементтері мен стильдік тәсілдеріне сүйеніп, логикалық жалғасын болжау; Кейіпкердің іс-әрекетін, шешімін, тілдік ерекшелігін болжау және оны дәлелдеп айту;

	Сөйлеу жанрлары мен коммуникативтік жағдайды талдау арқылы прагматикалық мақсатты болжау.	Авторлық ойды және нақты деректерге, теориялық негізге сүйене отырып, мәселенің даму бағытын, ықтимал нәтижесін болжау
2. Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 Көркем, публицистикалық, ғылыми-көпшілікке арналған, деректі (мемуар), хаттар, күнделіктер, ақпараттық (жаңалықтар, мәліметтер) мәтіндердің түпмәнін, образдарын, көркем құралдарын ашу; - автордың позициясын түсіну, оқырманын сендіру үшін қолданған тілдік амал-тәсілдерін анықтау;	11.1.2.1 Қоғамдық-саяси тақырыптар бойынша митингтерде, парламентте, сайлау алды үгіт-насихатта (саяси пікірталас, ғылыми пікірталас, сот шешендігі) мәтіндерінің - баяндаудың құрылымын түсіндіру, ойталқы логикасын баяндау; - жеке тұлғалық көзқарасын, дәуірдің шындығын, стилін анықтау; - негізгі мәнін анықтау; деректерді айқын көрсету, шынайылығын тексеру.
3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	10.1.3.3 мәтіндегі негізгі ақпаратты: - сұрақ жауап арқылы анықтау; - мағыналық оқу арқылы анықтау; - тірек сөздер арқылы анықтау; - тақырып пен қойылған проблема арқылы анықтау; - жоспар құру арқылы анықтау.	11.1.3.3 Медиамағлұматіндегі ақпаратты талдау, манипуляцияны тану, фейк пен шынайы ақпаратты ажырату; медиатіл арқылы қоғамдық санаға қалай әсер ететінін түсіну.
4. Негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 мәтіндегі негізгі ойды: - функционалдық-стильдік ерекшелігін анықтау арқылы түсіну - мәтін құрылымы арқылы анықтау - мағыналық доминантты табу; - түйіні мен тұжырымын анықтау.	11.1.4.1. мәтіндегі негізгі ойды: - интертекстуалдылық пен астарлы мағыналылыққа назар аудару арқылы анықтау; - автор позициясы мен көзқарасы арқылы анықтау; - қорытынды ойды тұжырымдау арқылы анықтау.
5. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау - тыңдалған мәтіндегі аргументтерге сүйене отырып, концептуалды сұрақтар құрастыру.	11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау - тыңдалған ақпараттарды талдап, концептуалды сұрақтар құрастыру -өз көзқарасын білдіру, дәлелдеуде пікірталастық сұрақтар құрастыру.
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.6.1 Ойды нақты әрі әсерлі жеткізе отырып, еркін сөйлеу; • Аудиторияның назарын аударатын сөз тіркестері мен	11.1.6.1 Эмоция мен логиканы тең қолдана отырып, көпшілік алдында сенімді сөйлеу; • Әсерлі сөздер, риторикалық сұрақтар, метафоралар, қайталаулар

	құрылымдарды қолдана отырып сөйлеу; • Тыңдаушылардың жасына, кәсібіне, білім деңгейіне, мүддесін ескере отырып сөйлеу; • риторикалық тәсілдерді: кідіріс, қайталау, сұрақ қоюды тиімді қолдана отырып, белгілі бір аудитория алдында сөйлеу; • біртұтас, сауатты, мәнерлі, көркем, сөйлеу арқылы өз ойын айқын жинақтап, сұрақтар қойып, пікірін білдіріп, дәлелдеп, диалогте сөйлеп және реакциясын білдіру.	(анафора) сияқты құралдарды тиімді қолданып, шаршы топ алдында сөйлеу; • Достар, отбасы, сыныптастар, оқырман, тыңдарман, қарсыластар, ғылыми орта, мемлекеттік мекеме, ұйымдар алдында белгілі бір идеяны насихаттай сөйлеу.
--	--	--

2) оқылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; - мәтін бөлімдерінің байланысы мен ақпараттың жүйелігін талдап оқу.	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; - мәтіннің басқа шығармалармен байланысын танып оқу (интертекстуалдылықты анықтау)
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 Публицистикалық, ғылыми және ресми мәтін стилін тану, әр стильдің ерекшеліктерін ажырату, тілдік құралдарды талдау - публицистикалық мәтіндегі ықпал ету, ой тудыру, сендіру, пікір білдіру; - ғылыми мәтіндегі білім мазмұнын түсіндіру, жеткізу; - ресми-іскери тілдегі деректерді хабарлау, нұқсаулар мен өкімдер жасау.	11.2.2.1 Көркем әдеби стиль, ауызекі стильдегі сөйлеу типін танып-білу, мәтін стилін оның міндетімен және жанрымен байланыстыру, стильді мәтіндегі цитата арқылы нақтылау. - көркем шығармадағы ой-сезімге әсер ету, ықпалын тигізу, бейне жасау; - ауызекі сөйлесудегі тұрмыстық қарым-қатынас жасау.

3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 Публицистикалық, ғылыми және ресми мәтіннің жанрын, өзіндік ерекшеліктерін анықтау, құрылымдық және тілдік белгілерін талдау, мәтін жанрының мәтін міндетімен және стилімен байланысын айқындау; Мәтіннің жанрлық және стильдік табиғатын түсініп, мазмұны мен құрылымына сай талдап оқу	11.2.3.1 Көркем және ауызекі стильдегі мәтіндердің жанрын, өзіндік ерекшеліктерін анықтау, құрылымдық және тілдік белгілерін талдау, мәтін жанрының мәтін міндетімен және стилімен байланысын айқындау; Мәтіндерді жанр бойынша жүйелеп, құрылымы мен тілдік ерекшелігін саралап оқу
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; Бір тақырыптағы мәтіннің идеялық-көркемдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралау.	11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; Түрлі жанр мен стилдегі мәтіндерді композициялық-семантикалық және прагматикалық тұрғыдан салыстырып талдау.
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 мәтіндегі айқын және жасырын мәліметтерді анықтау және логикалық қорытынды байламдарды, аргументтерді көре білу, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдеу	11.2.5.1 мәтіндегі негізгі және қосалқы деректер мен детальдарды анықтап және жинақтау, қорытынды байламдар жасау, мәтіннің түпмәнін ажырата отырып, қорытынды жасай отырып берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Оқылым стратегияларын қолдану	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін маңызды ақпаратты түртіп алып, белгілер кою арқылы мақсатты түрде шолып, сканерлеп оқу; - визуалдық ақпаратты талдап, ақпаратты фиксациялау / жазып алып оқу.	11. 2.6.1 белгілі бір мақсат үшін мәселенің себеп-салдарын зерттеп, болжап оқу; мәтіндегі ақпаратты сызбаға, қысқа жоспарға, кестеге түсіріп оқу
7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.7.1 түрлі типтегі ресурс көздерінен (көркем мәтін, ғылыми мәтін публицистикалық мәтін, кестелер, сызбалар, инфографика, кескіндер, фотолар, сайттар, энциклопедия, анықтамалар,	11.2.7.1 түрлі типтегі ресурс көздерінен (бейнефрагменттер, аудиофрагменттер, хронология, жарнама, блок, статистика, вебсайттар, бизнесблог, форум жазбалары) БАҚ,

	бейнефрагменттер, аудиофрагменттер) БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу
--	--	---

3) жазылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Жоспар құру	10.3.1.1 мәтін құрылымын түсіну және логикалық топтау арқылы (дәстүрлі, тақырыптық, сұрақтық, тізбектелген) жоспар құру - тақырып пен абзацтарға жоспарлай отырып, мағыналық бөлшектерге бөліну ретін жоспарлау; - мәтіннің құрылымдық жоспарын құру	11.3.1.1 Мәтін абзацтарындағы байланысты түйіндеп, (тізбектелген, салыстырмалы, проблемалық, кестелік) жоспар құру - тірек сөздерді қолдана отырып жоспарлау - жеткізер ойдың толықтығы мен логикалық тұтастығын сақтай отырып, жоспар құру.
2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.2. ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып жастар аудиториясына арналған мотивациялық мәтін, түрлі жиындардағы насихаттау, сендіру мәтінін және мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып аннотация, рецензия жазу және парламенттік сөз, саяси спикердің (баяндама, депутаттық сұрау, комиссия қорытындысы, пікірталастағы сөйлеу, реплика, дауысқа салу туралы ұсыныс) мәтінін жазу
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі графикалық формада ұсыну	10.3.3.1 тілдік мәтін ақпаратын көрнекі, құрылымын жинақы және қабылдауға ыңғайлы, түрлі графикалық формада мәтін құрау;	11.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
4. Эссе жазу	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып және қосалқы мәліметтерді қысқартып, негізгі ойды, тірек ақпараттарды, маңызды деректерді түртіп жазу (конспектілеу) орталық ой, тірек сөздер, ректермен қысқа, жүйелі мазмұн жазу	11.3.5.1 мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу - ақпаратты қысқаша, нақты, құрылымды, мазмұнды етіп қайта құру. - берілген мәтінді стильдік тұрғыдан өңдеп жазу (мысалы, бейтарап мәтінді көркемдеу)
6. Шығармашылық жұмыс	10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу: тілдік құралдар арқылы берілген ұлттық танымды зерделеп жұмбақ әңгіме, құпия хат жазу; бейнелі сөздер мен поэтикалық тәсілдерді қолдана отырып, эмоция күнделігін жазу; автор стилін еліктей отырып, поэтикалық мәтін жазу.	11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу: Таңбалар жүйесі арқылы берілген астарлы мағынаны аша отырып фантастикалық әңгіме жазу; мәтіндердегі табиғат, түс, кеңістік таңбаларын (мысалы: ақ түс, дала, жол) көркемдік детальдердің семиотикалық қызметін түсіне отырып, әлеуметтік желілерге пост жазу; әдеби кейіпкерді рәміздік бейне ретінде интерпретациялай отырып өлең, әңгіме жазу.
7. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау мәтінді орфографиялық түзету және редакциялау; мәтінді пунктуациялық түзету және редакциялау; прагматикалық түзету: бейтарап мәтінді нақты сөйлеу жағдайына келтіріп жіберу; мәтінді тақырыбы мен стиліне сай түзету және қайта өңдеу	11.3.7.1 жазба жұмысын грамматикалық тұрғыдан түзету және редакциялау (сөздердің байланысу тәсілдері, байланысу түрлері, септіктер, жалғаулар); мәтінді логикалық тұрғыдан түзету және редакциялау; мәтінді стилистикалық түзету және редакциялау; мәтінді композициялық тұрғыдан түзету және редакциялау.

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып

1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

4-параграф. 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті	Кітаби тіл. Сөйлеу тілі	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 ауызекі, публицистикалық стилдегі мәтіндерді тыңдай отырып, мәтін тақырыбына, мәтіннің логикасына, ішкі байланысына, мәтіннің құрылымына болжам жасау; қоғамдық пікір мен әлеуметтік мәселені болжау. 10.1.4.1 мәтіндегі негізгі ойды: - функционалдық-стильдік ерекшелігін анықтау арқылы түсіну; - мәтін құрылымы арқылы анықтау.
		Оқылым	10.2.2.1

			Публицистикалық, ғылыми және ресми мәтін стилін тану, әр стильдің ерекшеліктерін ажырату, тілдік құралдарды талдау - публицистикалық мәтіндегі ықпал ету, ой тудыру, сендіру, пікір білдіру; 10.2.7.1 түрлі типтегі ресурс көздерінен (көркем мәтін, ғылыми мәтін публицистикалық мәтін, кестелер, сызбалар, инфографика, кескіндер, фотолар, сайттар, энциклопедия, анықтамалар, бейнефрагменттер, аудиофрагменттер) БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу
		Жазылым	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) 10.3.5.1 мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып және қосалқы мәліметтерді қысқартып, негізгі ойды, тірек ақпараттарды, маңызды деректерді түртіп жазу (конспектiлеу)
		Әдеби тіл нормалары	10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Ықтималдықтар теориясының негіздері	10.2.1. 10.2.1.1 - кездейсоқ оқиға ұғымын, кездейсоқ оқиға түрлерін білу және оларға мысалдар келтіру; 10.2.1.2 - ықтималдықтар қасиеттерін	11.2.1.

	қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеу; 10.2.1.3 - ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін: * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B) - P(A \cdot B)$ түсіну және қолдану; 10.2.1.4 - кездейсоқ шаманың не екенін түсіну және кездейсоқ шамаларға мысалдар келтіру; 10.2.1.5 - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалардың анықтамаларын білу және оларды ажырата алу; 10.2.1.6 - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесін құру; 10.2.1.7 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымын және оның қасиеттерін білу; 10.2.1.8 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептеу; 10.2.1.9 - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептеу; 10.2.1.10 - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын	
--	--	--

	қолдану арқылы есептер шығару;	
2. Статистика және деректерді талдау	10.2.2.	11.2.2. 11.2.2.1 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну; 11.2.2.2 - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу; 11.2.2.3 - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау;
3-бөлім. «Математикалық модельдеу және анализ»		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1. Математикалық анализ бастамалары	10.3.1. 10.3.1.1 - функция анықтамасын және берілу тәсілдерін білу; 10.3.1.2 - функция графикіне түрлендірулер орындай алу (параллель көшіру, сығу және созу); 10.3.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу; 10.3.1.4 - функцияның берілген графикі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны; 3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы,	11.3.1. 11.3.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 2. $\int \cos x dx = \sin x + C;$ 3. $\int \sin x dx = -\cos x + C$; 4. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = \operatorname{tg} x + C$; 5. $\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -\operatorname{ctg} x + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.1.4 - қисық сызықты трапецияның анықтамасын білу және оның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолдану; 11.3.1.5 - анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу; 11.3.1.6-берілген сызықтармен шектелген

тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу; 10.3.1.5 - кері функцияның анықтамасын білу және берілген функцияға кері функцияны табу және өзара кері функциялар графиктерінің орналасу қасиетін білу; 10.3.1.6 - $f(g(x))$ күрделі функциясын ажырата білу және функциялар композициясын құру; 10.3.1.7 - функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегінің анықтамасын білу; 10.3.1.8 - үзіліссіз функцияның анықтамасын білу; 10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу; 10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.11 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану; 10.3.1.12 - функция графикіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастыру; 10.3.1.13 -	жазық фигураның ауданын есептеу; 11.3.1.7 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану; 11.3.1.8 - дәрежелік функция анықтамасын білу және дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графикін салу; 11.3.1.9 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.11 - көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графикін салу; 11.3.1.12 - көрсеткіштік функцияның негізіне қатысты қасиеттерін білу; 11.3.1.13 - сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу; 11.3.1.14 - логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану; 11.3.1.15 - логарифмдік функцияның анықтамасын, қасиеттерін білу және оның графикін салу; 11.3.1.16 - көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралын табу; 11.3.1.17 - логарифмдік функцияның туындысын табу;
---	---

	тригонометриялық функциялардың туындыларын табу; 10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу; 10.3.1.15 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу және қолдану; 10.3.1.16 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерінің анықтамаларын және экстремумының бар болу шартын білу; 10.3.1.17- функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу; 10.3.1.18- туындының көмегімен функция қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу; 10.3.1.19 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу;	
2. Математикалық тіл және математикалық модель	10.3.2. 10.3.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.3.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу;	11.3.2.
3. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	10.3.3. 10.3.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы	11.3.3.

	есептер шығару; 10.3.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару; 10.3.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару;	
--	---	--

16. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

3-параграф. 10-11 сыныптарға арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы алгебра курсы қайталау		
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция және оның берілу тәсілдері	10.3.1.1 - функция анықтамасын және берілу тәсілдерін білу;
	Функциялардың графиктерін түрлендіру	10.3.1.2 - функция графигіне түрлендірулер орындай алу (параллель көшіру, сығу және созу);
	Функция қасиеттері	10.1.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу; 10.3.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін: 1) функцияның анықталу облысы; 2) функцияның мәндер жиыны; 3) функцияның нөлдері; 4) функцияның периодтылығы; 5) функцияның бірсарындылық аралықтары; 6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары; 7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері; 8) функцияның жұптылығы, тақтылығы; 9) функцияның шектелгендігі; 10) функция үзіліссіздігі; 11) функцияның экстремумдары сипаттай алу;
	Кері функция ұғымы	10.3.1.5 - кері функцияның анықтамасын білу және берілген функцияға кері

		функцияны табу және өзара кері функциялар графиктерінің орналасу қасиетін білу;
	Күрделі функция	10.3.1.6 - $f(g(x))$ күрделі функциясын ажырата білу және функциялар композициясын құру;
Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері	10.1.3.1 - тригонометриялық функциялар анықтамаларын, қасиеттерін білу және олардың графиктерін сала білу; 10.1.3.2 - тригонометриялық функциялардың графиктерін түрлендірулер көмегімен сала білу;
	Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс	10.1.3.3 - арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс анықтамаларын білу және олардың мәндерін таба білу; 10.1.3.4 - құрамында кері тригонометриялық функциялары бар өрнектердің мәнін табу;
2-тоқсан		
Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Қарапайым тригонометриялық теңдеулер	10.1.3.5 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;
	Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері	10.1.3.6 - тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу арқылы шеше алу; 10.1.3.7 - квадрат теңдеуге келтірілетін тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; 10.1.3.8 - біртекті тригонометриялық теңдеулерді шеше алу;
	Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу	10.1.3.9 - қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шеше алу
Ықтималдық	Оқиға ықтималдығы және оның қасиеттері	10.2.1.1 - кездейсоқ оқиға ұғымын, кездейсоқ оқиға түрлерін білу және оларға мысалдар келтіру; 10.2.1.2 - ықтималдықтар қасиеттерін қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеу;
	Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері	10.2.1.3 - ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін: * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B)$; * $P(A + B) = P(A) + P(B) - P(A \cdot B)$ түсіну және қолдану;
3-тоқсан		
Туынды	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі	10.3.1.7 - функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегінің анықтамасын білу;

	Функцияның нүктедегі және жиындағы үзіліссіздігі	10.3.1.8 - үзіліссіз функцияның анықтамасын білу;
	Туындының анықтамасы	10.3.1.9 - функция туындысының анықтамасын білу және анықтама бойынша функцияның туындысын табу;
	Туындыны табу ережелері	10.3.1.10 - тұрақты функцияның және дәрежелік функцияның туындыларын табу; 10.3.1.11 - дифференциалдаудың ережелерін білу және қолдану;
	Туындының физикалық және геометриялық мағынасы	10.3.2.1 - туындының геометриялық мағынасын білу; 10.3.2.2 - туындының физикалық мағынасын білу; 10.3.3.1 - туындының физикалық мағынасына сүйене отырып, қолданбалы есептер шығару; 10.3.3.2 - туындының геометриялық мағынасын қолданып есептер шығару;
	Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі	10.3.1.12 - функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастыру;
	Күрделі функцияның туындысы	10.3.1.14 - күрделі функцияның анықтамасын білу және оның туындысын табу;
	Тригонометриялық функциялардың туындылары	10.3.1.13 - тригонометриялық функциялардың туындыларын табу;
Туындының қолданылуы	Функцияның өсу және кему белгілері	10.3.1.15 - функцияның аралықта өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын білу және қолдану;
	Функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелері	10.3.1.16 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерінің анықтамаларын және экстремумының бар болу шартын білу; 10.3.1.17 - функцияның кризистік нүктелері мен экстремум нүктелерін табу;
	Туындының көмегімен функцияны зерттеу және оның графигін салу	10.3.1.18 - туындының көмегімен функция қасиеттерін зерттеу және оның графигін салу;
	Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері	10.3.1.19 - функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін табу; 10.3.3.3 - функцияның ең үлкен (ең кіші) мәндерін табуға байланысты қолданбалы есептер шығару;
4-тоқсан		

Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары	Кездейсоқ шамалар	10.2.1.4 - кездейсоқ шаманың не екенін түсіну және кездейсоқ шамаларға мысалдар келтіру;
	Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар	10.2.1.5 - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалардың анықтамаларын білу және оларды ажырата алу; 10.2.1.6 - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесін құру;
	Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары	10.2.1.7 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымын және оның қасиеттерін білу; 10.2.1.8 - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептеу; 10.2.1.9 - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептеу; 10.2.1.10 - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын қолдану арқылы есептер шығару;
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері	11.3.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу; 11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 2. $\int \cos x dx = \sin x + C;$ 3. $\int \sin x dx = -\cos x + C$; 4. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = \operatorname{tg} x + C$; 5.

		$\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -\operatorname{ctgx} + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Қисықсызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.	11.3.1.4 - қисықсызықты трапецияның анықтамасын білу және оның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолдану; 11.3.1.5 - анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу;
	Жазық фигуралар аудандары мен айналу денелерінің көлемдерін анықталған интеграл көмегімен есептеу	11.3.1.6 - берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептеу; 11.3.1.7 - айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану;
2-тоқсан		
Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция	п-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері	11.1.1.1 - п-ші дәрежелі түбір және п-ші дәрежелі арифметикалық түбірдің анықтамасын білу; 11.1.1.2 - п-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу;
	Рационал көрсеткішті дәреже	11.1.1.3 - рационал көрсеткішті дәреже анықтамасын және қасиеттерін білу;
	Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру	11.1.1.4 - алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану;
	Иррационал өрнектерді түрлендіру	11.1.1.5 - иррационал өрнектерді түрлендіруде п-ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдану;
	Дәрежелік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.8 - дәрежелік функция анықтамасын білу және дәреже көрсеткішіне тәуелді дәрежелік функция графигін салу;
	Нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысы мен интегралы	11.3.1.9 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысын табу ережелерін білу және қолдану; 11.3.1.10 - нақты көрсеткішті дәрежелік функцияның интегралын табу ережелерін білу және қолдану;
Иррационал теңдеулер	Иррационал теңдеулер. Иррационал теңдеулерді шешу әдістері	11.1.2.1 - иррационал теңдеудің анықтамасын білу, оның мүмкін болатын мәндер жиынын анықтай алу; 11.1.2.2 - теңдеудің екі жағын п дәрежеге шығару әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу; 11.1.2.3 - айнымалыны алмастыру әдісі арқылы иррационал теңдеулерді шеше алу;

3-тоқсан		
Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.11 - көрсеткіштік функция анықтамасын білу және оның графигін салу; 11.3.1.12 - көрсеткіштік функцияның негізіне қатысты қасиеттерін білу;
	Сан логарифмі және оның қасиеттері	11.3.1.13 - сан логарифмі, ондық және натурал логарифмдер анықтамаларын білу; 11.3.1.14 - логарифм қасиеттерін білу және оны логарифмдік өрнектерді түрлендіруде қолдану;
	Логарифмдік функция, оның қасиеттері мен графигі	11.3.1.15 - логарифмдік функцияның анықтамасын, қасиеттерін білу және оның графигін салу
	Көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралы	11.3.1.16 - көрсеткіштік функцияның туындысы мен интегралын табу;
	Логарифмдік функцияның туындысы	11.3.1.17 - логарифмдік функцияның туындысын табу;
Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік теңдеулер	11.1.2.4 - көрсеткіштік теңдеулерді шеше алу;
	Логарифмдік теңдеулер	11.1.2.5 - логарифмдік теңдеулерді шеше алу;
	Көрсеткіштік теңсіздіктер	11.1.2.6 - көрсеткіштік теңсіздіктерді шеше алу;
	Логарифмдік теңсіздіктер	11.1.2.7 - логарифмдік теңсіздіктерді шеше алу;
4-тоқсан		
Математикалық статистика элементтері	Бас жиын және таңдама	11.2.2.1 - математикалық статистиканың негізгі терминдерін білу және түсіну;
	Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар	11.2.2.2 - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу;
	Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау	11.2.2.3 - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау;
10-11 сыныптардағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталау		

10-11-сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» – негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасы негізінде әзірленген тереңдетілген білім беру бағдарламасы, қазақ ұлттық білім беру компоненті кіріктірілген бірегей модель.

Бағдарлама жоғары деңгейдегі шығармашылық қабілетін дамытуға, қазіргі заманда өмір сүруге қажетті білімді игеруге, математиканың академиялық тілін меңгеруге, қиял мен ішкі түйсікті дамыта отырып, логикалық, кеңістіктік ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Абай ұлттық мектебінде «Геометрия» пәнін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақсаты: қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.

Міндеттері:

1) геометрия бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әр түрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал ету;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді суреттеп беруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әр түрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

6) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

7) геометрияны оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

1- параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Геометрия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағатты құрайды.

2. «Геометрия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

3. Бағдарлама мазмұны ұлттық сана-сезімінің көкжиегі кеңейген, мінез-құлық прагматизмі қалыптасқан, метатанымдық қабілеті мен шығармашыл әлеуеті дамыған, көптілді, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндіктеріне бағытталады.

4. 10-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау;

2) «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы». Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы;

3) «Кеңістіктегі бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық». Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Жазықтықтар арасындағы бұрыш. Кеңістіктегі арақашықтық;

4) «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар». Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесінді ортасының координаталары. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Векторлардың коллинеарлығы және компланарлығы. Векторларды қосу, векторды санға көбейту. Векторлардың скаляр көбейтіндісі;

5) 10-сыныптағы геометрия курсын қайталау.

5. 11-сыныпқа арналған «Геометрия» пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 10-сыныптағы геометрия курсын қайталау;

2) «Көпжақтар». Көпжақ ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призма. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Қиық пирамида бетінің ауданы. Дұрыс көпжақтар;

3) «Айналу денелері және олардың элементтері». Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конус бетінің ауданы. Сфера және шар. Сфера бетінің ауданы. Айналу денелерінің жазықтықпен қималары;

4) «Денелер көлемдері». Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері. Призма көлемі. Пирамида және қиық пирамида көлемдері. Цилиндр көлемі. Конус және қиық конус көлемдері. Шар көлемі;

5) 10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау.

6. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтиды. Әр бөлім ішінде тізбектеліп жазылған оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

7. «Геометрия» Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Геометриялық фигуралар туралы түсінік;

2) Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;

3) Метрикалық қатынастар;

4) Векторлар және түрлендірулер.

8. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атаулары	Құзыреттіліктер мен құндылықтар
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Геометриялық білімді күнделікті өмірдегі, ұлттық және жаһандық кеңістіктегі мәселелерді шешуде қолдана алады (құрылыс, дизайн, инженерия, архитектура); Қазақ халқының дәстүрлі өлшем жүйелері (қадам, кез, қарыс), ою-өрнек симметриясы арқылы ұлттық танымды терең түсінеді; Өлемдік архитектуралық нысандар (мысалы, пирамидалар, күмбездер, Эйфель мұнарасы) мен қазақ сәулет өнері (кесенелер, киіз үй құрылысы) арқылы мәдениеттердегі геометриялық ұқсастықтарды таниды.
Тілдік құзыреттілік	Геометриялық ұғымдарды дәл және нақты тілмен ауызша, жазбаша сипаттай алады (мысалы: дәлелдеу, тұжырым жасау); Есеп шығару процесін жүйелі түрде түсіндіре алады және аргументтерін негіздейді; мәтіндермен (теорема, анықтама, тапсырма) жұмыс істей отырып, функционалды мәтіндік сауаттылықты дамытады; Геометриялық терминологияны бірнеше тілде (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеріп, қолдана алады (үштілді білім беру контекстінде).
Функционалдық-математикалық сауаттылық	Геометриялық білім мен дағдыларды шынайы өмірлік жағдайларда қолдана алады (карта, макет, кеңістік, навигация, дизайн); Берілген геометриялық есептерді логикалық және жүйелі

	түрде шеше отырып, алған білімін түрлі ситуацияларға бейімдейді; Фигуралардың қасиеттері мен өлшемдерін есептеу арқылы техникалық немесе жобалық шешім қабылдай алады; Кеңістікті елестету, модельдеу, сызба құру арқылы инженерлік және графикалық ойлауды дамытады.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Геометриялық есептерге байланысты мәселе қояды, гипотеза жасайды, дәлелдейді немесе теріске шығарады; Өртүрлі шешу жолдарын салыстырып, тиімдісін таңдайды, есептің мағынасын сыни тұрғыда саралайды; Геометриялық сызбалармен, координаталық әдіспен жұмыс істей отырып, деректерді талдай және түсіндіре алады; Шынайы нысандарды модельдеу арқылы зерттеу жүргізіп, қорытынды жасай алады (мысалы: көпжақтар, кескіндер, проекциялар).
Базалық құндылықтар мен концептілер	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат»

9. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

10. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Геометриялық жобалар мен топтық жұмыстарда ынтымақтаса отырып, белсенді ұстаным танытады	Геометриялық сызбалар, есептерді түсіндіруде топ ішінде бағыт беруші, ұйымдастырушы рөлін атқарады	Жобалық немесе практикалық жұмыстарда (макет жасау, нысан өлшеу) топ жұмысын үйлестіріп, нәтижені қорғауға басшылық етеді
Ғылым	Геометриялық заңдылықтарды, фигуралар қасиеттерін тәжірибе және бақылау арқылы зерттейді	Модель құрып, гипотеза жасай алады, оны дәлелдеу немесе теріске шығару жолдарын меңгереді	Цифрлық құралдар арқылы геометриялық есептерді ғылыми негізде модельдейді.
Шығармашылық	Геометриялық фигуралар мен сызбаларды көркемдік-эстетикалық тұрғыда қолдана алады	Кеңістікті елестету арқылы стандартты емес, креативті есептерді шешуге дағдыланады	Өз бетінше схема, макет, кесте, көрнекі құрал жасап, геометриялық идеяны бейнелейді

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

11. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлім ретін, үшінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.4. кодында «10» - сынып, «2» - бөлім, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Бөлім	10-сынып	11-сынып
1.Геометриялық фигуралар туралы түсінік	10.1. 10.1.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу; оларды кескіндеу және математикалық символдар арқылы жазып көрсету және қолдану; Идеализациясы геометрия аксиомалары болып табылатын нақты объектілерге мысалдар келтіру; 10.1.2 - тетраэдр және параллелепипедтің анықтамаларын білу, тетраэдр, параллелепипедті және олардың элементтерін жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 10.1.3 - тікбұрышты параллелепипед анықтамасын және қасиеттерін білу және есептер шығаруда қолдану; 10.1.4 - кубтың қасиеттерін қорытып шығару, есептер шығаруда қолдану; 10.1.5 - тетраэдрдің қасиеттерін қорытып шығару, есептер шығаруда қолдану;	11.1. 11.1.1 - көпжақты бұрыш пен геометриялық дене ұғымдарын білу, оларды жазықтықта кескіндей алу; 11.1.2 - көпжақтың анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.1.3 - призманың анықтамасын, оның элементтерін, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтерін, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.5 - қиық пирамида анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу, дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырата білу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.7 - «Көпжақтар әлемі» жобалық жұмыс жасау; 11.1.8 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.9 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.10 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін білу, қиық конусты жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.11 - сфера, шардың анықтамаларын білу; жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.12 - «Көлік және техникалық құрылымдардағы айналу денелері» жобалық жұмыс жасау;

	10.1.6 - стереометрияның ғылым ретінде даму тарихы және оның қазіргі инженерлік және компьютерлік технологиялардың дамуындағы рөлі. 10.1.7 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі анықтамасын білу және оны кескіндей алу; 10.1.8 - кеңістіктегі нүктені оның координаталары бойынша тікбұрышты координаталар жүйесінде кескіндеу;	11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.14 - кеңістіктегі симметрия мен дұрыс көпжақтардағы симметрияны білу және есептер шығаруда қолдану.
2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	10.2. 10.2.1 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулер анықтамаларын білу, оларды анықтау және кескіндеу; Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуын жіктеу, сызбалармен көрсету және өмірден мысалдар келтіру; 10.2.2 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану. Кеңістіктегі параллель түзулерге байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу; 10.2.3 - түзу мен жазықтықтың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.4 - жазықтықтардың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу,	11.2. 11.2.1 - көпжақтың жазықтықпен қималарын сала білу. Іздер әдісі, көмекші қималар әдісі, аралас әдіс арқылы көпжақтың қималарын салу; 11.2.2 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.2.3 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.2.4 - пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау; 11.2.5 - көпжақтар мен айналу денелерінің комбинацияларын жазықтықта кескіндеу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.2.6 - кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын білу; 11.2.7 - қиманың түрін анықтау мен оның ауданын табуға арналған есептер шығару; 11.2.8 – «Қима – медициналық құрылғыларда» зерттеулер жүргізу;

оларды есептер шығаруда қолдану;
10.2.5 - перпендикуляр түзулердің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану.
Кеңістіктегі перпендикуляр түзулерге байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу;
10.2.6 - түзу мен жазықтықтың перпендикулярлық анықтамасын, белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану;
Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуына байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу;
10.2.7 - «Транспорт және бағыт: кеңістіктегі түзулер мен қозғалыс траекториялары» зерттеу жүргізу;
10.2.8 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу, оларды есептер шығаруда қолдану;
10.2.9 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу, қиылысатын және айқас түзулердің арасындағы бұрышты табу;
10.2.10 - айқас түзулер арасындағы бұрыш пен олардың ортақ перпендикулярын сызбада кескіндей алу,

	қасиеттерін білу және қолдану; 10.2.11 - жазық фигураның ортогональ проекциясын жазықтықта салу, цифрлық ресурстар арқылы модельдеу; 10.2.12 - фигуралардың ортогональ және параллель проекцияларын салу; 10.2.13 - тетраэдр мен параллелепипедтің қималарын күрделі емес жағдайларда салу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 10.2.14 – түзу мен жазықтықтың өзара орналасуына байланысты қолданбалы есептерді шығару.	
3. Метрикалық қатыстар	10.3. 10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.4 - жазықтықтардың перпендикулярлық белгісі мен қасиетін білу және оларды	11.3. 11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.4 - цилиндрдің бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.7 - қиық конустың бүйір беті және толық беті аудандары формуларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану;

есептер шығаруда қолдану; 10.3.5 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу; 10.3.6 - жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы ауданының формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.7 - «Аэродинамика және жазықтықтар: ұшақ қанатының пішіні мен бағыты» зерттеу жүргізу; 10.3.8 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу; 10.3.9 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүкте координаталарының формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.3.10 - кесінді ортасының координаталары формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.3.11 - берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құру; 10.3.12 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.13 - ортогоналды проекция ауданының формуласын қорытып шығару, оны есептер шешуде қолдану;	11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару; 11.3.9 - сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиетін білу; 11.3.10 - шар мен сфераның жазықтықпен қималарына байланысты есептер шығару; 11.3.11 – «Шар және конустың табиғаттағы көрінісі» жобалық жұмыс жасау; 11.3.12 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану; 11.3.13 - призма көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.14 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.15 - цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.16 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.17 - шар және оның бөліктері көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есеп шығаруда қолдану; 11.3.18 - кеңістіктегі ұқсас фигуралар көлемдерінің қасиетін білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.3.19 - геометриялық денелерінің комбинациясына берілген қолданбалы есептер шығару; 11.3.20 – айналу денелері арқылы көлем аудан табуға арналған модельдер жасау; 11.3.21 - «Ұлттық өнердегі көпжақтар мен айналу денелері» зерттеу жүргізу;
--	--

	10.3.14 - арақашықтыққа байланысты кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орнын анықтау;	
4. Векторлар және түрлендірулер	10.4. 10.4.1 - кеңістіктегі вектор, вектордың ұзындығы, тең векторлар анықтамаларын білу, 10.4.2 - векторларды қосу және векторды санға көбейтуді орындау; 10.4.3 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын білу, есептер шығаруда қолдану; 10.4.4 - вектордың координаталары ұғымын білу, вектор координаталарын бірлік векторлар бойынша жіктеп таба білу; 10.4.5 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу; 10.4.6 - координаталарымен берілген векторларды қосуды және векторды санға көбейтуді орындау; 10.4.7 - кеңістіктегі векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасы мен қасиеттерін білу, есептер шығаруда қолдану; 10.4.8 - векторлардың коллинеарлық және компланарлық шартын	11.4. 11.4.1 - нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 11.4.2 - түзулер арасындағы бұрышты (түзулердің теңдеулері бойынша) табу, дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу; 11.4.3 - координаталардағы түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы шартын есептер шығаруда қолдану; 11.4.4 - координаталардағы сфера мен жазықтықтың өзара орналасуына есептер шығару; 11.4.5 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу, дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу;

	білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.9 - векторды үш компланар емес векторлар бойынша жіктеу, үш вектордың компланарлық белгісін дәлелдеу; 10.4.10 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.11 - кеңістіктегі екі вектордың арасындағы бұрышты есептеу; 10.4.12 - кеңістіктегі векторлардың перпендикулярлық шартын білу және қолдану; 10.4.13 – «Физика мен геометрияның тоғысқан тұсы: күш және жылдамдық векторлары» жобалық жұмыс жасау; 10.4.14 - жазықтықтың жалпы теңдеуін $(ax+by+cz+d=0)$ нормаль вектор және осы жазықтықтағы нүкте бойынша қорытып шығару; 10.4.15 - түзудің канондық теңдеуін құрастыру; 10.4.16 - түзу теңдеуінің канондық түрінен параметрлік түріне көше алу;	
5. Математикалық моделдеудің көмегімен есептер шығару	10.5.1 - қарапайым стереометриялық сызбаларды орындау техникасын меңгеру; 10.5.2 - кеңістікте арақашықтық пен бұрыштарды табуға	11.5.1 - көпжақтар мен айналу денелердің комбинациясына берілген есептерде денелердің бүйір бетін және толық бетін есептеу; 11.5.2 - көпжақтар мен айналу денелердің комбинациясына берілген есептерде денелердің көлемін есептеу;

арналған практикалық есептерді шығару; 10.5.3 - векторды қолданып, қолданбалы есептер шығару; 10.5.4 – «Үш өлшемді кеңістіктегі векторлар және робот техникасы» цифрлық ресурстар арқылы модельдеу.	11.5.3 – «Архитектурадағы қималар» цифрлық ресурстар арқылы модельдеу.
---	--

12. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

4-параграф. 10-11 сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		
Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік	Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары	10.1.1 - стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу; оларды кескіндеу және математикалық символдар арқылы жазып көрсету және қолдану; Идеализациясы геометрия аксиомалары болып табылатын нақты объектілерге мысалдар келтіру; 10.5.1 - қарапайым стереометриялық сызбаларды орындау техникасын меңгеру; 10.1.6 - стереометрияның ғылым ретінде даму тарихы және оның қазіргі инженерлік және компьютерлік технологиялардың дамуындағы рөлі.
	Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы	10.2.1 - кеңістіктегі параллель және айқас түзулер анықтамаларын білу, оларды анықтау және кескіндеу; Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуын жіктеу, сызбалармен көрсету және өмірден мысалдар келтіру; 10.2.2 - кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану. Кеңістіктегі параллель түзулерге байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу;

	Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Жазықтықтардың параллельдігі	10.2.3 - түзу мен жазықтықтың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.4 - жазықтықтардың параллельдік белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану;
	Тетраэдр, параллелепипед	10.1.2 - тетраэдр және параллелепипедтің анықтамаларын білу, тетраэдр, параллелепипедті және олардың элементтерін жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 10.1.4 – кубтың қасиеттерін қорытып шығару, есептер шығаруда қолдану; 10.1.5 - тетраэдрдің қасиеттерін қорытып шығару, есептер шығаруда қолдану;
2-тоқсан		
Кеңістіктегі перпендикулярлық	Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Үш перпендикуляр туралы теорема	10.2.8 - кеңістіктегі перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы анықтамаларын білу, оларды есептер шығаруда қолдану; 10.2.5 - перпендикуляр түзулердің анықтамасы мен қасиеттерін білу және оларды есептер шығаруда қолдану. Кеңістіктегі перпендикуляр түзулерге байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу; 10.2.6 - түзу мен жазықтықтың перпендикулярлық анықтамасын, белгісін және қасиеттерін білу, оларды есептер шығаруда қолдану; Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуына байланысты дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу; 10.2.7 - «Транспорт және бағыт: кеңістіктегі түзулер мен қозғалыс траекториялары» зерттеу жүргізу;
	Кеңістіктегі арақашықтықтар	10.3.1 - үш перпендикуляр туралы теореманы білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.3.5 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасындағы арақашықтықтарды таба білу; 10.3.13 - ортогоналды проекция ауданының формуласын қорытып шығару, оны есептер шешуде қолдану; 10.3.14 - арақашықтыққа байланысты кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орнын анықтау;

	Кеңістіктегі бұрыштар	10.2.9 - кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш анықтамасын білу, қиылысатын және айқас түзулердің арасындағы бұрышты табу; 10.2.10 - айқас түзулер арасындағы бұрыш пен олардың ортақ перпендикулярын сызбада кескіндей алу, қасиеттерін білу және қолдану; 10.3.2 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрыштың анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу; 10.3.3 - жазықтықтар арасындағы бұрыштың (екіжақты бұрыш) анықтамасын білу, кескіндей алу және оның шамасын табу;
	Жазықтықтардың перпендикулярлығы	10.3.4 - жазықтықтардың перпендикулярлық белгісі мен қасиетін білу және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.5.2 - кеңістікте арақашықтық пен бұрыштарды табуға арналған практикалық есептерді шығару; 10.3.7 - «Аэродинамика және жазықтықтар: ұшақ қанатының пішіні мен бағыты» зерттеу жүргізу;
3-тоқсан		
Кеңістіктегі перпендикулярлық	Тікбұрышты параллелепипед	10.1.3 - тікбұрышты параллелепипед анықтамасын және қасиеттерін білу және есептер шығаруда қолдану;
	Жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы және оның ауданы	10.2.11 - жазық фигураның ортогональ проекциясын жазықтықта салу, цифрлық ресурстар арқылы модельдеу; 10.3.6 - жазық фигураның жазықтыққа ортогональ проекциясы ауданының формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.2.12 - фигуралардың ортогональ және параллель проекцияларын салу; 10.2.13 - тетраэдр мен параллелепипедтің қималарын күрделі емес жағдайларда салу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 10.2.14 – түзу мен жазықтықтың өзара орналасуына байланысты қолданбалы есептерді шығару;

Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	10.1.7 - кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі анықтамасын білу және оны кескіндей алу; 10.1.8 - кеңістіктегі нүктені оның координаталары бойынша тікбұрышты координаталар жүйесінде кескіндеу; 10.3.8 - кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты таба білу; 10.3.9 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүкте координаталарының формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 10.3.10 - кесінді ортасының координаталары формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістіктегі векторлар және оларға амалдар қолдану. Коллинеар және компланар векторлар	10.4.1 - кеңістіктегі вектор, вектордың ұзындығы, тең векторлар анықтамаларын білу, 10.4.2 - векторларды қосу және векторды санға көбейтуді орындау; 10.4.3 - кеңістіктегі коллинеар және компланар векторлардың анықтамаларын білу, есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістіктегі вектордың координаталары, ұзындығы	10.4.4 - вектордың координаталары ұғымын білу, вектор координаталарын бірлік векторлар бойынша жіктеп таба білу; 10.4.5 - кеңістіктегі вектордың координаталарын және ұзындығын таба білу;
	Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту	10.4.6 - координаталарымен берілген векторларды қосуды және векторды санға көбейтуді орындау;
	Векторды үш компланар емес вектор бойынша жіктеу	10.4.8 - векторлардың коллинеарлық және компланарлық шартын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.9 - векторды үш компланар емес векторлар бойынша жіктеу, үш вектордың компланарлық белгісін дәлелдеу;
4-тоқсан		

Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар	Векторлардың көбейтіндісі	скаляр 10.4.7 - кеңістіктегі векторлардың скаляр көбейтіндісінің анықтамасы мен қасиеттерін білу, есептер шығаруда қолдану; 10.4.10 - координаталық түрдегі векторлардың скаляр көбейтіндісі формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану; 10.4.11 - кеңістіктегі екі вектордың арасындағы бұрышты есептеу; 10.4.12 - кеңістіктегі векторлардың перпендикулярлық шартын білу және қолдану; 10.5.3 - векторды қолданып, қолданбалы есептер шығару; 10.4.13 – «Физика мен геометрияның тоғысқан тұсы: күш және жылдамдық векторлары» жобалық жұмыс жасау;
	Сфера теңдеуі	10.3.12 - сфера теңдеуін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Жазықтық теңдеуі	10.4.14 - жазықтықтың жалпы теңдеуін ($ax+by+cz+d=0$) нормаль вектор және осы жазықтықтағы нүкте бойынша қорытып шығару; 10.5.4 – «Үш өлшемді кеңістіктегі векторлар және робот техникасы» цифрлық ресурстар арқылы модельдеу;
	Кеңістіктегі түзудің теңдеуі	10.3.11 - берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін құру; 10.4.15 - түзудің канондық теңдеуін құрастыру; 10.4.16 - түзу теңдеуінің канондық түрінен параметрлік түріне көше алу;
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
Көпжақтар	Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік	11.1.1 - көпжақты бұрыш пен геометриялық дене ұғымдарын білу, оларды жазықтықта кескіндеу алу;

	Көпжақ ұғымы	11.1.2 - көпжақтың анықтамасын және оның элементтерін білу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Призма және оның элементтері, призма түрлері	11.1.3 - призманың анықтамасын, оның элементтерін, призма түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.3.1 - призманың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу;
	Пирамида және оның элементтері. Дұрыс пирамида	11.1.4 - пирамиданың анықтамасын, оның элементтерін, пирамида түрлерін білу; оларды жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.2.4 - пирамида төбесінің табан жазықтығына проекциясының орналасуын анықтау; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
	Қиық пирамида	11.1.5 - қиық пирамида анықтамасын білу, оны жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.3.3 - көпжақтардың элементтерін табуға есептер шығару;
2-тоқсан		
Көпжақтар	Пирамиданың, қиық пирамиданың жазбасы, бүйір беті және толық бетінің аудандары	11.3.2 - пирамиданың (қиық пирамиданың) бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу;
	Көпжақтардың жазықтықпен қималары	11.2.1 - көпжақтың жазықтықпен қималарын сала білу. Іздер әдісі, көмекші қималар әдісі, аралас әдіс арқылы көпжақтың қималарын салу;
	Дұрыс көпжақтар	11.1.6 - дұрыс көпжақтың анықтамасын білу, дұрыс көпжақтардың түрлерін ажырата білу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.14 - кеңістіктегі симметрия мен дұрыс көпжақтардағы симметрияны білу; 11.1.7 - «Көпжақтар әлемі» жобалық жұмыс жасау;
Кеңістіктегі түзу мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы	Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы	11.2.6 - кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын білу;
	Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа	11.4.1 - нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;

	дейінгі арақашықтық	
	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрышты, түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу	11.4.2 - түзулер арасындағы бұрышты (түзулердің теңдеулері бойынша) табу, дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу; 11.4.3 - координаталардағы түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы шартын есептер шығаруда қолдану; 11.4.5 - түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу, дәлелдеу есептерін шығару, зерттеулер жүргізу;
3-тоқсан		
Айналу денелері және олардың элементтері	Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.8 - цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу; цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4 - цилиндрдің бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу;
	Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.9 - конустың анықтамасын, оның элементтерін білу; конусты жазықтықта кескіндей алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.6 - конустың бүйір және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.1.12 - «Көлік және техникалық құрылымдардағы айналу денелері» жобалық жұмыс жасау;
	Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары	11.1.10 - қиық конустың анықтамасын, оның элементтерін білу, қиық конусты жазықтықта кескіндей алу; 11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.3.7 - қиық конустың бүйір беті және толық беті аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.13 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу;
	Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы	11.1.11 - сфера, шардың анықтамаларын білу; жазықтықта кескіндей алу; 11.3.8 - сфера бетінің ауданын табуға есептер шығару;
	Сфераға жүргізілген	11.2.3 - сфера мен жазықтықтың өзара орналасуын білу;

	жанама жазықтық	11.4.4 - координаталардағы сфера мен жазықтықтың өзара орналасуына есептер шығару; 11.3.9 - сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиетін білу; 11.3.10 - шар мен сфераның жазықтықпен қималарына байланысты есептер шығару; 11.3.11 – «Шар және конустың табиғаттағы көрінісі» жобалық жұмыс жасау;
	Цилиндр, конус және шардың жазықтықпен қималары	11.2.2 - цилиндрдің, конустың және шардың жазықтықпен қималарын кескіндеу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.3.21 - «Ұлттық өнердегі көпжақтар мен айналу денелері» зерттеу жүргізу;
4-тоқсан		
Денелердің көлемдері	Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері	11.3.12 - кеңістік денелерінің көлемдерінің қасиеттерін білу және қолдану;
	Призма көлемі	11.3.13 - призма көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Пирамида және қиық пирамида көлемдері	11.3.14 - пирамида және қиық пирамида көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Цилиндр көлемі	11.3.15 - цилиндр көлемін табу формуласын білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Конус және қиық конус көлемдері	11.3.16 - конус және қиық конус көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
	Кеңістік фигураларының ұқсастығы	11.3.18 - кеңістіктегі ұқсас фигуралар көлемдерінің қасиетін білу және оны есептер шығаруда қолдану;
	Шар және оның бөліктерінің көлемдері	11.3.17 - шар және оның бөліктері көлемдерін табу формулаларын білу және оларды есеп шығаруда қолдану; 11.3.20 – айналу денелері арқылы көлем аудан табуға арналған модельдер жасау;
	Геометриялық денелердің комбинациялары	11.2.5 - көпжақтар мен айналу денелерінің комбинацияларын жазықтықта кескіндеу, Geogebra қосымшасында 3D модельдеу; 11.2.7 - қиманың түрін анықтау мен оның ауданын табуға арналған есептер шығару; 11.2.8 – «Қима – медициналық құрылғыларда» зерттеулер жүргізу; 11.5.1 - көпжақтар мен айналу денелердің комбинациясына берілген есептерде денелердің бүйір бетін және толық бетін есептеу;

		11.5.2 - көпжақтар мен айналу денелердің комбинациясына берілген есептерде денелердің көлемін есептеу; 11.3.19 - геометриялық денелерінің комбинациясына берілген қолданбалы есептер шығару; 11.5.3 – «Архитектурадағы қималар» цифрлық ресурстар арқылы модельдеу.
10-11-сыныптардағы геометрия курсын қайталау		

5-параграф. Бағалау критерийлері

13. Әр тақырыптық блоктың соңында оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі.

14. «Геометрия» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады

15. Бағалауы:

1. Фигуралар мен олардың қасиеттері
2. Геометриялық шамаларды өлшеу
3. Геометриялық дәлелдер мен логикалық ойлау
4. Фигураларды түрлендіру (трансформациялар)
5. Координаталық геометрия элементтері
6. Ұқсастық пен пропорционалдық
7. Геометрия және өмірмен байланыс
8. Геометрияның тарихи және мәдени маңызы

16. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Анализ	Оқушыларға фигуралар (мысалы, теңшамалы, теңқұрамды фигуралар) ұсынылады. Олар осы фигураны салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдайды, пікірін негіздеп жазады. (критерийлер А, В және D).	30
Шығармашылық жазу	Оқушылардың жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыруы (критерий В), шығармашылық процессіне қатысып, аудиторияға әсерін түсінуі, сондай-ақ дәлелдеу теоремаларды дұрыс қолдануы бағаланады (критерийлер С және D).	50

10-11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген білім беру бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мақсаты:

Абайдың рухани мұрасына және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, сыни ойлау, ғылыми талдау, шығармашылық өзіндік пікір білдіру мен мәдениетаралық коммуникацияның тиімді құралы ретінде еркін қолдана алатын, жоғары тілдік құзыреттілігі мен мәдениеті қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу.

Отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан халқының этногенезі, мемлекеттілік дәстүрлері мен тарихи эволюциясы туралы жүйелі білім беру арқылы оқушылардың ұлттық тарихи санасын қалыптастыру, тарихи жадыны жаңғырту және ұлттық бірегейлікті нығайту.

Тарихи білім мен танымдық дағдыларды қалыптастыру. Хронологиялық, кеңістік-географиялық, себеп-салдарлық және құрылымдық-логикалық байланыстар негізінде тарихи фактілерді меңгеру, тарихи мәтіндер мен дереккөздермен жұмыс жүргізу, тарихи карталар мен диаграммалар арқылы деректерді талдау дағдыларын жүйелі түрде дамыту.

Аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту. Тарихи деректерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру, интерпретациялау және

бағалау үдерісінде оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту. Бұл міндет тарихи оқиғаларды көп аспектілі тұрғыда түсінуге, альтернативті көзқарастарды талдауға және дербес тарихи пайым жасауға ықпал етеді.

«Толық адам» тұжырымдамасына сәйкес парасат пен білімді үйлестірген болашақ көшбасшыларды қалыптастыру Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және конституциялық негіздерін құрметтеуге негізделген азаматтық жауапкершілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру. Мемлекет тарихының күрделі кезеңдеріндегі тұлғалық және қоғамдық жауапкершілік мәселелерін ұғындыру арқылы белсенді азаматтық ұстанымға баулу.

Тарихи-мәдени мұраға құрмет қалыптастыру Ежелгі және ортағасырлық өркениеттердің, қазақ хандығы мен жаңа дәуірдегі тарихи кезеңдердің мәдени құндылықтарын зерделеу негізінде тарихи-мәдени мұраны құрметтеу және оны сақтауға бағытталған құндылықтық бағдар қалыптастыру.

Қазақстан тарихын жаһандық тарихи контексте түсіндіру Қазақстан тарихының әлемдік өркениеттер жүйесіндегі орнын ашу арқылы оқушылардың тарихи үдерістерді кең ауқымда, өзара ықпалдастықта ұғыну қабілетін дамыту. Бұл бағыт жаһандық және аймақтық деңгейлердегі тарихи құбылыстардың өзара байланысын ұғынуға жағдай жасайды.

Ғылыми-зерттеу және жобалық дағдыларды дамыту

Оқушыларды тарихи мәселелерді зерттеу барысында гипотеза ұсыну, дәлелдеу, деректерге сүйене отырып тұжырым жасау, академиялық этика талаптарына сәйкес жазбаша және ауызша форматта ғылыми қорытынды ұсынуға баулу. Жобалық-ізденіс жұмыстарын орындау арқылы зерттеушілік мәдениетті дамыту.

Бағдарламаның мазмұны:

Бағдарлама мазмұны маңызды тарихи кезеңдерді, оқиғалар мен тұлғаларды талдай отырып, ұлттық бірегейлікті, тарихи жадыны және мәдени мұраға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу қабілетін, логикалық және сыни ойлауын, өз көзқарасын дәлелді негізде білдіру дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштікке тәрбиелеу де оның негізгі мазмұндық бағыттарының бірі болып табылады.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

- 1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;
- 2) 11- сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 38 сағат;

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

Ұлттық құндылықтар мен әлемдік үздік білім беру стандарттары негізінде

терең білімді, жаңашыл, жасампаз, адал азаматтарды дайындауға негізделеді.

Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған:

- Мәліметтерді жинақтау және жүйелеу дағдысы.

Оқушылар түрлі дереккөздерден (карталар, құжаттар, ғылыми мақалалар) ақпарат жинақтап, оны жүйелеу қабілетін игереді. Бұл дағды ақпаратты тиімді пайдаланып, қажетті деректерді дұрыс топтастыруға, маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

- Салыстырмалы талдау дағдысы

Оқушылар тарихи кезеңдерді, оқиғаларды және тұлғаларды салыстыра отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауды үйренеді. Бұл дағды түрлі тарихи процестердің бір-біріне әсерін зерттеуге және әр кезеңдегі әлеуметтік, мәдени өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді.

- Тарихи мәселелерді көпәспектiлi түрде қарастыру
Тарихи процестер мен оқиғаларды біржақты қараудан гөрі, көпәспектiлi, жан-жақты талдау дағдысы қалыптасады. Оқушылар әртүрлі көзқарастарды, теорияларды зерттеп, тарихи құбылыстарды әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрғыдан бағалайды.

- Тарихи деректерді интерпретациялау дағдысы

Оқушылар тарихи деректерді ғана емес, олардың контекстін, жасалған зерттеулер мен талдауларды түсінуге үйренеді. Тарихи дереккөздерді дұрыс интерпретациялап, оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау дағдысы дамиды.

Көзқарас пен пікірді қорғау дағдысы

Тарихи тақырыптар бойынша оқушылар өз пікірлерін ғылыми негізде қорғай білу дағдыларын меңгереді. Бұл дағды олардың дәлелдер келтіру, ғылыми тұрғыдан ойлауды дамыту және тарихқа қатысты жеке көзқарастарын білдіру қабілеттерін арттырады.

- Креативті ойлау және тарихты болашақпен байланыстыру дағдысы
Тарихи білімді болашақ мәселелермен байланыстыра отырып, оқушылар тарихи оқиғалар мен процестердің қазіргі қоғамға және болашақ дамуға қалай әсер ететінін талдайды. Бұл дағды оқушыларға тарихтың қазіргі заманмен байланысын түсінуге, әртүрлі тарихи ықпалдастықтарды бағалауға көмектеседі

- Коммуникация және пікірталас дағдысы

Тарихи мәселелер бойынша пікірталастар жүргізу арқылы оқушылар ауызша және жазбаша коммуникативті дағдыларын дамытады. Олар ғылыми тұрғыдан сөйлеу, өзінің пікірін нақты әрі түсінікті түрде жеткізу дағдыларын меңгереді.

- Картография және визуализация дағдысы

Оқушылар тарихи карталар, графиктер, диаграммалар арқылы тарихи деректерді визуалды түрде ұғынуға дағдыланады. Бұл дағды тарихи кеңістік пен уақытты нақты түсінуге, тарихи үдерістердің географиялық кеңістіктегі таралуын бағалауға мүмкіндік береді.

- Эмпатия және тарихи тұлғалар мен оқиғаларды түсіну дағдысы
Білім алушылар тарихи тұлғалардың мотивацияларын және әрекеттерін

түсініп, оларға эмпатиямен қарау дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағды тарихи кезеңдердің жеке тұлғалар мен қоғамға қалай әсер еткенін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

3. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

4. Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны:

10- сынып Көшбасшылық. Ғылым. Шығармашылық.

11- сынып Көшбасшылық. Ғылым. Шығармашылық.

10 сынып	11 сынып
Коммуникативтік дағдылар: Ақпаратты дұрыс жеткізу, өзара құрмет, тыңдай білу және пікірге жауапкершілікпен қарау дағдылары. Қоғамдық пікірталастарда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында тұжырымдары мен дәлелдерін жеткізу	Коммуникативтік дағдылар: Ортаның пікірін құрметтей отырып, өз ойларын еркін білдіруге үйрету. қоғамдағы азаматтық жауапкершілікті, тәуелсіз ойлауды және жеке пікірін айтуға еркіндік сезімін қалыптастыру
Тілдік жүйе: тарихи мәтіндерді сыни тұрғыдан талдауға баулу, түрлі көзқарастар мен пікірлерді салыстырып, мәтіннің негізгі идеясын анықтау	Тілдік жүйе: ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау, жазбаша және ауызша пікірталастарда тарихи оқиғалардың мағынасын ашу, оларды контексте дұрыс талдап, терминология және тіркестерді орынды қолдану.
Мәтінмен жұмыс: Тарихи сипатты құжаттар: хроникалар, жылнамалар, тарихи шығармалар арқылы олар өздерінің аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми тілде сөйлеу және жазу.	Мәтінмен жұмыс: Мемлекеттік ресми сипатты құжаттар: грамоталар, жарлықтар, үкімдер, заңдар, мемлекеттік қайраткерлердің сөздері, мемлекеттік іс-шаралар хаттамалармен жұмыс жасау. Тарихи оқиғаларды әртүрлі көзқарастармен салыстыру, тарихи контексте қарама-қайшы немесе көптүрлі пікірлерді талдау.
Жазба тілі: белгілі бір тарихи оқиға немесе кезең туралы мәліметтер арқылы сол тақырыпқа қатысты өз пікірлерін, түсініктерін жүйелі түрде жазу.	Жазба тілі: эссе (ойлану, талдау) тарихи құжаттар, меморандумдар, хаттар немесе заң актілері, олардың мазмұнын зерттеп, жазбаша түрде талдау жасау. Тарихи құжаттарды интерпретациялау, ғылыми тұрғыдан өз пікірлерін, тұжырымдарын жазу.

5. Пәннің негізгі бағыттары (пәндік және метапәндік дағдыларымен байланыстыру):

Сыныптар	10	11
<i>Ұлттық және жаһандық құзыреттілік</i>	Ұлттық дәстүрлерді, тіл мен мәдениетті сақтаудың маңыздылығын, мемлекеттің даму жолындағы күрделі кезеңдерді талдау.	Қазақстан тарихы мен әлемнің түрлі елдері мен халықтарының тарихын, мәдениетін, саясатындағы ерекшеліктерін саралау
<i>Тілдік құзыреттілік</i>	Терминологиялық нақтылықты, логикалық құрылымды, аргументацияланған пікірді және дереккөздерді талдау.	Ғылыми стильде жазу, дербес зерттеу жүргізу, тарихи ақпаратты жүйелеу, дәлелді көзқарас ұсыну.
<i>Коммуникативтік құзыреттілік:</i>	Тарихи оқиғалар мен тұлғаларды талқылау, пікір алмасу ,тарихи фактілердің маңызы мен тарихи процестерді өз тұрғысынан түсіну қабілетін қалыптастыру	Әлеуметтік және ғылыми ортада нәтижелі қарым-қатынас орнатуына ықпал ету,өз эмоциясын басқара алау ,өзгелердің сезіміне түсіністікпен қарау.
<i>Әлеуметтік - мәдени құзыреттілік:</i>	Тұлғаның қоғамда өмір сүру, әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу, тарихи және қазіргі заманғы мәдениет контекстінде өзін-өзі тану қабілетін дамыту	Ұлттық мәдени мұра мен тарихи тәжірибені тану, түрлі әлеуметтік топтардың тарихтағы орны мен ықпалын түсіну , тарихи санасын қалыптастыру
<i>Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:</i>	Тарихи мәселелерді жан-жақты зерттеу, талдау тарихи ақпаратты іздеу, сұрыптау, талдау, интерпретациялау және дәлелдерге негізделген қорытынды жасау	Зерттеушілік дағдыларды дамытуға мүмкіндік беру, тарихи дерек көздерімен жұмыс істеу, себеп-салдарлық байланыстарды талдау және альтернативті көзқарастарды салыстыру
<i>Базалық құндылықтар</i>	Тәуелсіздік және патриотизм; Бірлік және ынтымақ;	Әділдік пен жауапкершілік; Заң және тәртіп;

6. Пәннің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық контексттері арқылы зерттейді:

- 1) Сәйкестілік және қатынастар
- 2) Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау
- 3) Жеке және мәдени өрнек

- 4) Ғылыми және техникалық инновациялар
- 5) Глобализация және тұрақтылық
- 6) Әділеттілік және даму
7. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістерді дұрыс бағалау, ғылыми тұрғыдан негізделген шешімдер ұсыну	Тарихтың маңызды кезеңдеріне қатысты өз тұжырымдарын жасау, тарихи оқиғалардың себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, болашаққа жоспар жасау.	Әлеуметтік және саяси ғылымдармен тарихты ұштастыру арқылы қоғамдық құрылымдарды, қоғамдық институттарды, саяси процестерді саралау
Ғылым	Тарихи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу, талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру.	Тарих ғылымына деген қызығушылығын арттыру, олардың логикалық, аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту.	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру
Шығармашылық	Тарихи білім мен дағдыларды шығармашылық тұрғыдан қолдана білу, өз идеялары мен концепцияларына негізделген жаңа шешімдер мен жобаларды ұсына алуға бағыттау.	Тарихи мәселелерге қатысты шығармашылық ойлау мен инновациялық шешімдер табу, тарихи білімді тек теориялық деңгейде емес, практикалық тұрғыдан қолдана білу.	Алынған білім, дағды және дағдыларды күнделікті өмірде қолдану

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

8.«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сыныпта:

- 1) өркениет: даму ерекшеліктері;
- 2) этникалық және әлеуметтік процестер;
- 3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;
- 4) мәдениеттің дамуы.

11-сыныпта:

- 1) өркениет: даму ерекшеліктері;
- 2) саяси-құқықтық процестер;
- 3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;
- 4) білім мен ғылымның дамуы.

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы;
- 2) Ұлы дала өркениеті;
- 3) Орталық Азия және әлемдік өркениет.

«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) қазақ халқының шығу тегінің бастауы;
- 2) дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы.

«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер;
- 2) Ұлы даланың көшпенді империялары;
- 3) қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет;
- 4) тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту.

«Мәдениеттің дамуы» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы;
- 2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті;
- 3) ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі;
- 2) дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері;
- 3) Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы.

«Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы;
- 2) Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.

«Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы;
- 2) «Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея;
- 3) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі.

«Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы;
- 2) ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы;

3) қазіргі кезеңдегі Қазақстандық білім және ғылым жүйесі.

Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді

Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2

кодында «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 "Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану	11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу
10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу “Орталық Азия” “Орта Азия” , “Түркістан” ұғымдарының өзара байланысын анықтау	11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі" , "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау
10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау	11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін классификациялау Дәстүрлі шаруашылық түрлері (көшпелі малшаруашылық түрлері, жартылай көшпелі , отырықшы) ерекшеліктері мен таралған аймақтарын анықтау. Көшпелі мал шаруашылық пен егіншіліктің ерекшеліктерін талдау.
10.1.2.1 картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтау	11.1.1.4 этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу
10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне талдау жасау
	11.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесіндегі көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау
10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау	11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара қатынасқа әсер еткен факторларды талдау

10.1.2.6 "Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау Ұлы Дала өркениетінің жаһандық ықпалын бағалау/ атқа міну мәдениеті, жауынгерлік өнер, көшпелілердің Еуразияға ықпалы, Жібек жолындағы рөлі арқылы оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін талдау	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану
10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау	11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау
10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау
10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау Қазіргі Қазақстанның экономикалық даму бағыттарының салаларына талдау

2) 2-бөлім:

10-сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11-сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану "Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын қолдана отырып, қазақ этносының қалыптасу үдерісін тарихи тұрғыдан талдау	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалану
10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағында этногенездің кезеңдерін айқындау	11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалану	11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қонысаударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану
10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау	11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру

10- Этникалық және әлеуметтік процестер	сынып	11- Саяси-құқықтық процестер	сынып
Білім алушылар:			
10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану "Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын қолдана отырып, қазақ этносының қалыптасу үдерісін тарихи тұрғыдан талдау		11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалану	
		Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін талдау және этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін бағалау	
10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар)		11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдалану	
10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру		11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру	
10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру Рулық жүйенің әлеуметтік, саяси және экономикалық қызметтерін талдау: ру тайпа бірлігінің қоғамдағы басқару, жер бөлі, әскери және құқықтық мәселелердегі рөлін қарастыру		11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау	
10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану		11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау Қазақстандағы ұлтаралық және конфессиялық келісімнің Қазақстандық үлгісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау	
10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру			
10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану Мәдени-генетикалық код ұғымының халықаралық тәжірибедегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу: басқа халықтар мен этностардың мәдени кодтарын салыстырып, қазақ мәдениетіндегі ерекшеліктерін көрсету			

3) 3- бөлім:

10-сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан:	11-сынып Қоғамдық саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану	11.3.1.1 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау Ерте мемлекеттердің әскери ұйымдасуының саяси құрылымға ықпалын талдау: ғұндар мен түріктердің әскери құрылымы мен көшпелі өмір салтының саяси билік құрылымына әсерін археологиялық және тарихи деректер арқылы көрсету	11.3.1.3 қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау Орта ғасырлық ғұламалардың қоғамдық саяси ойларының бүгінгі күнгі маңыздылығына баға беру
10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	11.3.1.4 қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру «Зар-заман»өкілдерінің шығармалырының идеологиялық құндылықтарына талдау жасау
10.3.2.2 ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау
10.3.2.3 түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау	11.3.2.1 "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына «Алаш» қайраткерлерінің қосқан үлесіне баға беру
10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу	11.3.2.2 қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру
10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	11.3.3.1 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау «Мәңгілік ел»идеясының біріктірушілік роліне баға беру
10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау Мемлекетаралық қарым-қатынастардың сабақтастығын талдау/ Моғолстан, Жоңғар,	11.3.3.3 "Мәңгілік Ел" – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын"

Ресеймен қарым-қатынастары туралы жазба деректер мен келісім шарттарды қолдану	зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау	
10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу	
10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау	
10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу	
10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	
10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану	
10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау	
10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау	
10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	

4) 4- бөлім:

10 - сынып Мәдениеттің дамуы	11- сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану	11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау

10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау	11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу Орта ғасыр кезеңдеріндегі ғалымдардың ғылыми жетістіктерінің бүгінгі күнгі маңыздылығын бағалау
10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін "әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану	11.4.2.1 XVIII ғасырдағы -XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру
10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру Салт-дәстүрлердің қазіргі заманғы қазақ қоғамындағы рухани құндылықтарды сақтаудағы рөлін бағалау: қазіргі қоғамдағы ұлттық мерекелер, салт-дәстүрлердің қайта жаңғыруы, олардың рухани – адамгершілікке тәрбиелеудегі орны туралы талдау	11.4.2.2 XVIII ғасырдағы-XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу	11.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында оқу орындарының дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау
10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау	11.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
10.4.1.7 қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара байланысын талдау:	11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану
10.4.1.8 халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау	11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау Кеңестік білім беру жүйесі мен қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесін салыстырып бағалау
10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау
10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау	11.4.2.8 Кеңестік кезеңде ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау
10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау

10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау
10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру	11.4.3.2 әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құру маңыздылығын бағалау
10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау	11.4.3.3 Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының еліміздің білім мен ғылымның дамуына қосқан үлесіне баға беру.
10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде "Туған жер" ұғымын қолдану	

9. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

10. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

11. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлім білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

3-параграф. 10-11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	10.1.1.1 «Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану
		Орталық Азияның дәстүрлі	10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу

		өркениеттерін зерттеу тарихы	
		Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшелікте рін сипаттау
	«Ұлы Дала» өркениеті	«Ұлы Дала»: тарихи-географиялық сипаттамасы	10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау; 10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде «Ұлы Дала» ұғымының мәнін түсіндіру
		Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)	10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру; 10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениет тердің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау
		Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	10.1.2.6 «Өркениет» ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
	Дереккөздермен жұмыс Интеграция (пәндік байланыс)	Орталық Азия өркениеттері туралы зерттеулерді талдау Орталық Азияны саяси географиялық және физикалық географиялық тұрғысынан қарастыру (картамен практикалық жұмыс)	

	Зерттеу жұмысы	Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала	
2-тоқсан			
Этникалық және әлеуметтік процесстер	Қазақ халқының шығу тегі	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын пайдалану; 10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа», «жүз», «ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау; 10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени-генетикалық код» ұғымын қолдану
		қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері	10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар); 10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру; 10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру
		Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік	10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек»,

		жіктелуінің ерекшеліктері	«қарасүйек», «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру
	Зерттеу жұмысы Интеграция (пән аралық байланы) жоба	Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы «Туыстық принциптердің функционалдық маңызы»	
	Дереккөздермен жұмыс	«Қазақ шежіресі-ұрпақ жалғасы»	
3-тоқсан			
Мемлекет, соғыс және революциялар тарихы нан	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы	10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау; 10.3.2.2 ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 10.3.2.3 Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау
		Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи

		кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау
Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау
	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары	10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау; 10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу
Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау; 10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу; 10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
	Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін

		Кеңестік Қазақстанның конституциялары (1920,1937.1978)	«автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану; 10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
		Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы Қазақстан Республикасының даму бағдарламалары	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау; 10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау
	Зерттеу жұмысы	Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы	
4-тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	10.4.1.1 Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау -Қазақстан аумағындағы тарихи-этнографиялық үдерістердің сабақтастығын талдау
		Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы	10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру

		Тарихи және мәдени ескерткіштер	10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; 10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
		Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	10.4.1.7 Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау; 10.4.1.8 халықтың рухани - адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау; 10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар Мәдениеттің еркін дамуына тоталитарлық мемлекеттің теріс ықпалы	10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау; 10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы	10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау; 10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру; 10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау; 10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде "Туған жер" ұғымын қолдану
	Зерттеу жұмысы Жобалық жұмыс	Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын жүзеге асыру үшін сіз не істей аласыз?	

2) 11-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: ерекшеліктері	даму	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. 11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу; 11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау; 11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу
		Қолөнер мен кәсіптер	11.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
		Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу; 11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау
		Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері	11.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар

			жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау; 11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану; 11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау
		Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы	11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау; 11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау
	Зерттеу жұмысы	Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшелік	
	Жобалық жұмыс		

		Қазақстанда қолөнер кәсібін дамытудың жол картасын жасау	
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процесстер	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностыққұрам» ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
		Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қонысаударылған дар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану; 11.2.1.2 Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу; 11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру;
	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты	11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция»,

			«репатриант», «диаспора», «ирридента» ұғымдарын пайдалану; 11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
		Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі	11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
		Қазақстанның саяси- әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
	Зерттеу жұмысы Ашық алаң(пікір талас)	Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тиімді және тиімсіз тұстары	
3-тоқсан			
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы	11.3.1.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау

		Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	11.3.1.3 Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		«Зар-заман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары	11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау; 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	«Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея	«Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері	11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		«Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру; 11.3.1.2 Қазақстандағы

			қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы - ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі	11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
		Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	11.3.3.2 «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау; 11.3.3.3 «Мәңгілік Ел – патриоттық актісін» және «Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
	Зерттеу жұмысы Пресс-конференция Интеграция (пәндік байланыс) шығармашылық жұмыс	Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздері...» «Алаш» ұлттық идеясы ХХІ ғасырда өзекті? (Алаш зиялыларының шығармаларындағы қоғамдық-саяси ойдың насихаталуы)	
4-тоқсан			
Білім мен ғылымның дамуы	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы	11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау; 11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер	11.4.2.1 XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі

		бағыттарын түсіндіру; 11.4.2.2 XVIII-XX ғасырдың басындазерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
	XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі	11.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау; 11.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
	Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары	11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін «сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру», «жоғары оқу орындары» ұғымдарын пайдалану; 11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
	Қазақ КСР Ғылым академиясы – КСРО-	11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ

	ның ірі ғылыми орталығы	КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау; 11.4.2.8 Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау; 11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау; 11.4.3.2 әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау; 11.4.3.3 Қазақстан Республикасы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау
Зерттеу жұмысы Жобалық жұмыс Жобалық жұмыс	Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары. XIX ғ -XX ғ басында ғылымға үлес қосқан қазақ қыздары	

	Қазақстандағы алғашқы кәсіби білім беру оқу орындары
--	--

4-параграф. Бағалау критерийлері

12. Әр тақырыптық блоктың соңында оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі, оларға мыналар кіреді:

- 1) қорытынды тестілеу
- 2) хронологиялық, терминологиялық тапсырмалары бар тарихи диктант
- 3) мәтіндік тапсырмалармен жұмыс
- 4) дереккөздерге негізделген зерттеу жұмысы
- 5) әртүрлі деңгейдегі ауызша баяндама
- 6) этикет
- 7) диспут

13. «Қазақстан тарихы» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Зерттеу мен сыни ойлау	Критерий D: Тарихи пайымдау
Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды себеп-салдарлық тұрғыда терең талдайды. Әртүрлі көзқарастар мен интерпретацияларды салыстырып, өз ұстанымын негіздейді. Дереккөздердің сенімділігін, авторлық ұстанымын және контекстін бағалай алады.	Тарихи эссе, зерттеу жұмысы, презентация немесе пікірталас форматында ойын логикалық дәлелді әрі құрылымды жеткізеді. Тарихи терминдерді және академиялық тілді дұрыс қолданады. Материалды график, кесте, хронология т.б. арқылы бейнелей алады. Академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Нақты бағытталған өзекті зерттеу сұрағын құрастыра алады. Сенімді дереккөздерді іріктеп, жүйелі талдау жасайды. Зерттеу нәтижелерін қисынды құрылыммен ұсынады.	Тарихи деректермен дәйектерге карталарға, құжаттарға және академиялық әдебиетке сүйене отырып, өз қорытындысын нақты дәлелдермен негіздейді. Тарихи үдерістерді хронология мен география шеңберінде орынды және дәйекті түрде орналастырады. Қорытынды дәлелдерге негіздеп, балама көзқарастар ұсынады.

14. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

15.Бағалауы:

Қазақстан тарихы бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

- 1) Мемлекеттілік пен билік эволюциясы
- 2) Ұлт-азаттық күрестер мен отарлық қысым
- 3) Ұлттық бірегейлік және мәдени мұра
- 4) Қоғамдық -экономикалық және әлеуметтік даму
- 5) Империялық ,отарлық және тоталитарлық басқару
- 6)Тәуелсіздік және қазіргі Қазақстан
- 7)Тарихи таным мен дереккөздерге көзқарас
- 8) Қазақстан тарихының жаһандық контексті

16. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Қазақстан тарихы пәнінде емтихан құрылымдары оқушының оқу барысында дамытқан дағдыларын бағалауға бағытталады.

- зерттеуші ретінде
- тарихи пайымдаушы ретінде
- дәлелді ой айта алатын тұлға ретінде

I бөлім	Тарихи деректерді білу Дұрыс /бұрыс, сәйкестендіру, ашық сұрақтар	20 балл
II бөлім	Дереккөздерді талдау Кесте, құжат, мәтін бойынша сұрақтар	20 балл
III бөлім	Тарихи эссе Себеп- салдар,салыстырмалы анализ, өз көзқарастарын дәлелдеу	30 балл

17.Оқушының жүйелі түрде төмендегі дағдылары бағаланады:

- Білім көлемі
- Зерттеу мен интерпретация дағдылары
- Тарихи ойлау мәдениеті
- Академиялық жазылым шеберлігі

10-11-сыныптарға арналған «Абай әлемі» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген білім беру бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын негізінде әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны Абай мұрасын тілтанымдық, дүниетанымдық және тұлғатанымдық бағытта оқытуға, этномәдени, тарихи, ұлттық құндылықтар негізінде сыни пайымды, кемел тұлға қалыптастыруға, коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, ғылыми, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Абай әлемі» бағдарламасының мақсаты: Абай мұрасын функционалды оқыту барысында Абайдың тағылымды, концептуалды, пәлсапалық ой-толғамдарының мәнін ашу, «Толық адам» ілімінің идеялық мазмұнын меңгерту, ұлттық дүниетаным мен рухани-адамгершілік құндылықтарды, әдеби-эстетикалық талғамдары мен іскерлік дағдыларды дамыту, сыни пайымды, шығармашыл, көшбасшы тұлға тәрбиелеу.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- 1) Абай мұрасының идеялық, мазмұндық-құрылымдық, тілдік, стильдік, жанрлық сипатын таныту;
- 2) Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» таразылау арқылы, ізгілік, имандылық, ар-ұждан қағидаттарын, «Толық адам» ілімін, пәлсапалық ой-пайымдарын меңгеру;
- 3) Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі ой-толғамдарды (ааузша/жазбаша) интерпретациялау;
- 4) өзіндік ой-пікірлерін жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алу, оқу материалдарын салыстыру, саралау, талдау;
- 5) Абай шығармаларындағы концептуалды ілімдерді терең түсініп, өз ортасында «көштің басын бұруға», түрлі шешімдерде адамзаттық құндылықтарды бағалап, тұлғалық ұстанымдарды (адалдық, әділдік, өзіндік даму, эмпатия, отбасылық, заманауи құндылықтар, құрмет т.б.) басшылыққа алу;
- 6) Абай шығармаларын идеялық мазмұндас туындылармен салыстыруда, идеялар жинақтауда жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану;
- 7) Ақын мұрасындағы ұлттық болмысты ұғыну, әлем ойшылдарымен өзектестігін саралау, «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы» ретінде бағалау;
- 8) Абай көзқарасы негізінде сыни пікір, эссе, шығарма, мақала, Абай ізімен өлең, көсемсөз, миниатюра жазу.

1-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастыру

1. «Абай әлемі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат.

2. Бағдарлама ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарға, құзыретті шығармашыл, эмоционалды зияты жоғары тұлға қалыптастыруға бағдарланған, белсенді, коммуникативті, метатанымды, интеграциялық оқыту тәсілдерін қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламаның мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның құрылымы мынадай дағдыларды дамытуға бағытталған:

– Абай шығармаларындағы мәнмәтіндік, идеялық-құрылымдық сипатын тану;

– Абай мұрасындағы ой-тұжырымдарды саралап, талдау және интерпретациялау дағдыларын;

– Абай шығармаларындағы ізгілік дүниетаным, поэтикалық қолданыстарды саралап өзіндік көзқараспен ой қорыту;

– Қазақ әдеби тілін сауатты қолдана білу, жазу және сөйлеу құзыретін дамыту;

– оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, интернет ресурстарымен жұмыс істей білу;

– Абай мұрасын әлемдік ақыл-ойдың озық үлгісі ретінде жалпыадамзаттық құндылық ретінде бағалау;

– сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру.

– Абай идеялық ой-тұжырымдары негізінде жаңа өнім туғызу, функционалды-шығармашыл дағдысын дамыту.

2-тарау. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны жүйелілік, сабақтастық, тарихилық ұстанымдарға негізделіп, концепциялық тұтастықта, интеграциялық, жеңілден күрделіге бағытталған шиыршық әдісінде ұсынылды. Оқу бөлімдерінің негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі. Бұл тәсіл оқушыларда тұрақты білім мен құзыреттілік, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді терең игеруге бағытталған.

6. «Абай әлемі» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: білу және түсіну, талдау және жинақтау, бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім) сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

7. «Білу және түсіну» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі

қызметін түсіну;

- 2) Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;
- 3) Көркем мәтінге ауызша/жазбаша интерпретация

8. «Талдау және жинақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау;

- 2) көркем шығармадағы образ, типтік характер;
- 3) көркем шығарманың тілі, стилі, көркемдік тәсілдер;

9. «Бағалау (салыстыру) және шығармашылық(өнім)» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) шығармадағы тарихи шындық, көркем-эстетикалық құндылық;
- 2) әдеби шығармашылық;
- 3) әдеби эссе мен сын пікір.

10. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) білу және түсіну: тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну; мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну; шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау.

2) талдау және жинақтау: әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау; көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау; шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау.

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім): шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу; көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу.

11. 10-сыныпта оқытылатын көркем шығармалар тізімі: «Пайда ойлама, ар ойла», «Білімдіден шыққан сөз», «Тұла бойың ұят, ар едің», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Талаптың мініп тұлпарын», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Заманақыр жастары», «Жасөспірім замандас қапа қылды», «Орынсызды айтпаған», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап», Мен боламын демендер», «Қажымас дос халықта жоқ», «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңдері,

«Төртінші», Жетінші», «Он тоғызыншы», «Отызыншы», «Отыз үшінші» «Отыз алтыншы», қарасөздері.

12. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) білу және түсіну: мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну; шығарманың өзекті ойын, сөз образдары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік-

психологиялық) байланысын түсіну; көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интерпретациялау.

2) талдау және жинақтау: әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату; көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу; шығарма тілін (лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық-эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау.

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім): шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып, ұлттық, тарихи, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу; шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу.

13. 11-сыныпта оқытылатын көркем шығармалар тізімі: «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Аттың сыны», «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Сәулең болса кеудеңде», «Жастықтың оты жалындап», «Тоты құс түсті көбелек», «Жүрегім менің қырық жамау», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Бойы бұлғаң», «Болды да партия», «Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қуаты оттай бүрқырап», «Жалын мен оттан жаралып», «Амал жоқ, қайттім білдірмей», «Онегиннің сипаты», «Теректің сыйы» (Лермонтов), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (Крыловтан) өлеңдері, «Он төртінші», «Он сегізінші» қарасөздері.

14. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Сыныптар	10	11
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Абай шығармалары арқылы ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттерді түсіну және Абай шығармаларының идеялық мазмұнындағы әлемдік өркениет көшіне бағатталған ой-пайымдарды бағалау құзыреті	Абай шығармаларындағы ұлттық жалпы адамзаттық құндылықтарды жаһандық мәселелермен қатысты талдау, бағалау құзыреті
Тілдік құзыреттілік	Абай тіліндегі сөз қолданыстары; перифраздар, афоризмдер, лексикалық көне бірліктер (қазіргі пассив қолданыстағы сөздер), кірме сөздер (араб, парсы, орыс) түсіну, қолдана алу құзыреті	Окказионал қолданыстарын, сөз тіркестерін, идиостилін ажырата алу құзыреті
Коммуникативтік	Топтық талқылауларда	Сыни пікір алмасу,

құзыреттілік	белсенді қарым-қатынас, зерттеушілік әңгіме, сұхбат жүргізу	эмпатиялық диалог, дебат.
Әдеби-мәдени құзыреттілік	Шығыс-батыс әдебиетінің Абай шығармалармен әдеби-мәдени байланысын ажырату құзыреті	Түрлі мәдениеттер тоғысында өзара түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыру құзыреті
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Шығармалардың мәтіндік, тілдік, құрылымдық стильдік, жанрлық сипатын талдау, зерттеушілік әңгіме сыни пікір, эссе, шығарма, әлеуметтік хабарлама жазу құзыреті	Шығармалардың мәтіндік, тілдік, құрылымдық стильдік, жанрлық сипатын талдау, рецензия, сыни пікір мақала, ғылыми жоба жазу
Базалық құндылықтар мен концептілер	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат»	

15. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

16. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Білім алушы Абай мұрасы арқылы жаңа заман адамына қажетті тұлғалық қасиеттерді сыни пайымдайды, жауапкершілік, елге қызмет, көшбасшылық қабілетті қалыптастырады	Білім алушы тұлғалық кемелдену жолдарын көркем шығармадағы образдар арқылы меңгереді, маңыздылығын түсінеді, ішкі әлеуетін таниды; өзін-өзі басқарады, шешім қабылдайды.	Білім алушы түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, салыстыру, салғастыру, идеяларды түрлі құрылымдарда (инфографикада: кластер ментальді карта т.б.) талдап жинақтайды, рефлексия жасайды, мәнмәтіндік

			идеяларды, авторлық көзқарасты түсінеді
Ғылым	Шығармалардағы пәлсапалық ой-тұжырымдарды түсінеді және оларды түсіндіре біледі; Өзінің сөзін дәл сауатты қолданады, өзгелердің тілдік әлеуетін бағалайды; шығармаларын контексті (тарихи, философиялық, мәдени) тұрғыда зерттейді.	Абай тілінің қазақ әдеби тілінің бірегей үлгісі екенін түсінеді, сөйлеу дағдылары мен мәдениетін жетілдіруге ұмтылады.	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын үнемі дамытып отырады.
Шығармашылық	Жазылым жұмыстарында ойды жүйелі береді, қисынды құрылымдайды, әдеби, ғылыми стильде жазу дағдысын қалыптастырады.	Шығарманы автор ізімен баяндап жазады, пікірін, сыни пайымын түрлі жазылымдарда: авторға хат, ойтолғау, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме, өлең, әлеуметтік хабарлама, сыни пікір, мақала, рецензия т.б. білдіреді.	Шығармашылық дағдыларын сценарий, жоба, эссе, комикс, падкаст, ЖИ құралдары, мозайка, сұхбат т.б. қолданады.

3-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

17. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі бөлімдердің ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 10.2.1.1 кодында: «10» – сынып, «2.1» – негізгі дағдылар, «1» – оқу мақсатының реті. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) білу және түсіну

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі	10.1.1.1 тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну	11.1.1.1 мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну

қызметін түсіну		
2. Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн	10.1.2.1 мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну	11.1.2.1 шығарманың өзекті ойын, сөз обардары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік-психологиялық) байланысын түсіну
3. Көркем мәтінге ауызша/ жазбаша интерпретация	10.1.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау	11.1.3.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интерпретациялау

2) талдау және жинақтау

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау.	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату
2. Көркем шығармадағы образ, типтік характер	10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау	11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу
3. Көркем шығарманың тілі, стилі, көркемдік тәсілдер	10.2.3.1 -шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау	11.2.3.1 шығарма тілін (лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық-эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Шығармадағы тарихи шындық, көркем-эстетикалық құндылық	10.3.1.1 шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып, ұлттық, тарихи, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау.
Әдеби	10.3.2.1 шығарманың	11.3.2.1 шығарманың идеясын

шығармашылық	көркемдік-идеясын құндылығын талдап, өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу	қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу
3. Әдеби эссе мен сыни пікір	10.3.3.1 көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу	11.3.3.1. шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысында бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу

18. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

19. Осы оқу бағдарламасы Абай ұлттық мектебінің 10-11-сыныптарына арналған «Абай әлемі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. 10-11-сыныптарға арналған «Абай әлемі» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

10-сынып

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
«Бір ғылымнан басқаның...»	«Абай әлемі» оқу пәнінің ерекшелігі, пән ретіндегі сипаттамасы. Ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары туралы Абай пайымы, ақын қазақ болашағының ғылым-біліммен тікелей байланысты екендігін таразылайтын ой-толғамдарын зерделеу.	Білу және түсіну	10.1.1.1 тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну; 10.1.2.1 мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну; 10.1.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау;

	«Пайда ойлама, ар ойла», «Білімдіден шыққан сөз», «Тұла бойың ұят, ар едің», «Базарға карап тұрсам әркім барар», «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңдері, «Жетінші» қарасөзі		10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау.
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	10.3.1.1 шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығарманың көркемдік-идеясын құндылығын талдап, өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу; 10.3.3.1 көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу.
2-тоқсан			
«Жастықтың оты қайдасың?»	Адам өміріндегі жастық шақтың қадірін жете түсініп, қадірлі уақытты пайдалы іске, еңбекке жұмсау жөніндегі Абай тағылымын тану, тұлғалық қасиеттерді дамытып, ынтымақ, бірлікке жұмылдыру.	Білу және түсіну	10.1.1.1 тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну; 10.1.2.1 мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну; 10.1.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау.
	«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Заманақыр жастары», «Жасөспірім замандас қапа қылды»,	Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық,

	«Орынсызды айтпаған» өлеңдері, «Отыз алтыншы» қарасөзі		мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау.
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	10.3.1.1 шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығарманың көркемдік-идеясын құндылығын талдап, өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу; 10.3.3.1 көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу.
3-тоқсан			
«Сонда толық боларсың елден бөлек» (Абайдың пәлсапалық ой-орамдары)	Абайдың «Толық адам ілімін», адамның толық (кемел) адам болу идеяларын, қоғамдағы адам болмысы мәселелерін зерделеу, пайымдату «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап», «Он бесінші», «Он тоғызыншы» қарасөздері Қосымша оқуға: М.Мырзахметұлы	Білу және түсіну	10.1.1.1 тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну; 10.1.2.1 мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну; 10.1.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау.
		Бағалау (салыстыру) және	10.3.1.1 шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын

	«Абайдың «Толық адам ілімі»	шығарма шылық (өнім)	бағалау; 10.3.2.1 шығарманың көркемдік-идеясын құндылығын талдап, өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу; 10.3.3.1 көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу.
4-тоқсан			
Абай ақылдың бойтұмары	– Абайдың тұлғалық кемелдік туралы ойларын өмірлік ұстаным тұрғысында таразылау, адамның түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін, болмысы мен адамшылық жолын нұсқайтын ой-пайымдарын саралап тану. «Мен боламын демендер», «Қажымас дос халықта жоқ», «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңдері, «Төртінші», «Отызыншы», «Отыз үшінші» қарасөздері.	Білу және түсіну	10.1.1.1 тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды түсіну; 10.1.2.1 мәтіннің өзекті ойын, авторлық идеяның өмір шындығымен (гуманистік, тұлғатанымдық) байланысын түсіну; 10.1.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын өзіндік көзқарастармен ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, ой-түйіндерді жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды даралау мен жинақтау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігін (лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық мәнін) ашу, көркемдік тәсілдерді талдау.
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	10.3.1.1 шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын, танымдық, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығарманың көркемдік-идеясын құндылығын талдап,

		өзіндік көзқарас тұрғысынан шығарма, әңгіме, мысал, өлең, авторға хат, көсемсөз, көсемсөз, кейіпкер монологі, әлеуметтік хабарлама жазу; 10.3.3.1 көркем мәтінді гуманистік, құндылық тұрғысынан бағалап әдеби эссе, сыни пікір жазу.
--	--	---

11-сынып

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
«Мыңмен жалғыз алыстым...»	XIX ғасырдағы заман келбеті, тарихи кезеңдегі қазақ болмысы туралы ой-пайымдарды өлеңдері арқылы саралап тану, өзіндік сыни көзқарас қалыптастыру «Жүрегім менің – қырық жамау», «Бойы бұлғаң», «Болды да партия», «Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңдері	Білу және түсіну	11.1.1.1 мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну; 11.1.2.1 шығарманың өзекті ойын, сөз образдары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік-психологиялық) байланысын түсіну; 11.1.3.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу; 11.2.3.1 шығарма тілін (лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық-эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау.
		Бағалау (салыстыр)	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып,

		у) және шығармашылық (өнім)	ұлттық, тарихи, көркем-эстетикалық құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу; 11.3.3.1. шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысында бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу
2-тоқсан			
«Сәулең болса кеудеңде» (Елге қызмет, көшбасшылық)	Абайдың көшбасшылық туралы ой-пайымдарын өлеңдері мен қарасөздері арқылы саралау. Заман адамына лайық тұлға болу харекеттерін тану. «Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Сәулең болса кеудеңде», «Жастықтың оты жалындап», «Тоты құс түсті көбелек» өлеңдері, «Он төртінші» қарасөзі	Білу және түсіну	11.1.1.1 мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну; 11.1.2.1 шығарманың өзекті ойын, сөз образдары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік-психологиялық) байланысын түсіну; 11.1.3.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интрепретациялау.
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу; 11.2.3.1 шығарма тілін (лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық-эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау.
		Бағалау (салыстыру) және	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып, ұлттық, тарихи, көркем-

		шығарма шылық (өнім)	эстетикалық құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу; 11.3.3.1. шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысында бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу
3-тоқсан			
«Сылдырап өңкей келісім»	Абайдың портрет жасаудағы шеберлігін, ақындық өрісін, қазақ өлеңіне әкелген жаңалығын танып білу. Абай шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Аттың сыны», «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдері, «Он сегізінші» қарасөзі <i>Қосымша оқуға: Р.Сыздық. «Абайдың сөз өрнегі»</i>	Білу және түсіну	11.1.1.1 мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну; 11.1.2.1 шығарманың өзекті ойын, сөз образдары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік- психологиялық) байланысын түсіну; 11.1.3.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу; 11.2.3.1 шығарма тілін (лексика- семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық- эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау.
		Бағалау (салыстыр у) және	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып, ұлттық, тарихи, көркем-

		шығарма шылық (өнім)	эстетикалық құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу; 11.3.3.1. шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысында бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу
4-тоқсан			
«Қуатты ойдан бас құрап» (Абайдың нәр арналары)	Абайдың шығыс әдебиеті, орыс және еуропа әдебиеті классиктерімен шығармашылық өзектестігін мен Абай нәр алған арналарды пайымдату «Қуаты оттай бұрқырап», «Жалын мен оттан жаралып», «Амал жоқ, қайттім білдірмей», «Онегиннің сипаты», «Теректің сыйы» (Лермонтов), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Крыловтан)	Білу және түсіну	11.1.1.1 мәтіндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін, авторлық көзқарасты түсіну; 11.1.2.1 шығарманың өзекті ойын, сөз образдары мен мотивтерін, концепциялық мәнін, өмір шындығымен (әлеуметтік- психологиялық) байланысын түсіну; 11.1.3.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын автордың өзге туындысымен сабақтастыра ауызша/жазбаша интерпретациялау.
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау, композициялық амалдарды ажырату; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды өмір шындығымен байланыстыра талдау, типтік характерді ашу; 11.2.3.1 шығарма тілін (лексика- семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін), автордың даралық стилін, образдық- эстетикалық өрісін талдау, шығармадағы көркемдік тәсілдерді айқындау
		Бағалау (салыстыр у) және шығарма	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық мәселелермен салыстырып, ұлттық, тарихи, көркем- эстетикалық құндылығын

		шылық (өнім)	бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап шығарма, мақала, көсемсөз, сценарий, мозайка, комикс, рецензия, баяндама жазу; 11.3.3.1.шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысында бағалап, әдеби эссе, сыни пікір жазу
--	--	-----------------	--

5-тарау. Бағалау критерийлері

20. Әр бөлімнің соңында білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау жұмыстары жүргізіледі, оларға мыналар кіреді:

- 1) шығармашылық жұмыстар
- 2) зерттеу жобалары
- 2) бөлім бойынша жиынтық бағалау
- 3) дебат
- 4) диспут

21. «Абай әлемі» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл білім алушылардың жұмысына педагогтердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Шығармашылық өнім	Критерий D: Тілді қолдану
Білім алушылар Абай шығармаларының мәтініндегі тілдік бірліктердің жеке және мәтіндегі қызметін, концептілік мәнін, авторлық ойды анықтайды; түрлі мәтіндер арасындағы байланысты, автордың даралық стилін талдай алады. Білім алушы	Білім алушылар өз идеялары мен пікірлерін Абай шығармаларындағы идеяларды негізге ала отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету	Білім алушылар автор ізімен баяндап жазады, пікірін, сыни пайымын түрлі жазылымдарда: авторға хат, ойтолғау, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме, өлең, әлеуметтік хабарлама, сыни пікір, мақала, рецензия т.б. білдіреді.	Білім алушылар Абай тіліндегі сөз қолданыстарын, лексикалық бірліктерді қолданып, өз ойларын, идеяларын жеткізеді, қарым-қатынас жасайды.

мәтінді әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	маңыздылығын түсінеді.		
---	------------------------	--	--

22. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

23. Бағалау:

«Абай әлемі» бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

- 1) Ғылым мен білімнің маңызы, ғылым игеру
- 2) Адам өмірінің кезеңдері, жастық шақ, уақытты тиімді пайдалану
- 3) Адам болмысы, мінез-құлық, тұлғалық даму, көшбасшылық
- 4) XIX ғасыр, билік, жүйе
- 5) Дін, сенім, құндылықтар, ғұрыптар, руханият
- 6) Отбасы, достық, қарым-қатынастар
- 7) Өлеуметтік рөлдер, нормалар мен күтілетін нәтижелер, өлеуметтік таптар
- 8) Құштарлық, сатқындық, кешіру

24. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауды: қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Талдау	Білім алушылардың екі мәтін үзіндісін талдап, салыстырып, пікірлер мен негіздемелер беріп, жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыра білуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануын көрсетуі бағаланады (критерийлер А, В және D).	30

Шығармашылық жазу	Білім алушылардың жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыруы (критерий В), шығармашылық процессіне қатысып, аудиторияға әсерін түсінуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануы бағаланады (критерийлер С және D).	20
-------------------	--	----

25. Үлгі сұрақ (шығармашылық жұмыс):

Әдеби эссе мен әдеби сын

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласың елден бөлек» деген Абай ұстанымы қазіргі жастар өмірінде көрініс таба ма? Өз ойыңызды дәлелді пікірлермен (400-600 сөз) талдаңыз.

10-11-сыныптарға арналған «Ұлттық қауіпсіздік негіздері» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» – негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын негізінде әзірленген тереңдетілген білім беру бағдарламасы, қазақ ұлттық білім беру компоненті кіріктірілген бірегей модель.

Білім беру бағдарламасы пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға, жоғары деңгейдегі тілдік құзыреттіліктерді дамытуға, академиялық қазақ тілін дамытуға, күрделі әдеби, публицистикалық және ғылыми мәтіндерді талдай білуге, әртүрлі жанрадағы мәтіндер құруға бағытталған.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманда жаһандану, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен ішкі-сыртқы қатерлердің ұлғаюы елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мәселе болып табылады. Ел болашағы – жас ұрпақтың қауіпсіздік саласындағы білім деңгейі мен отансүйгіштік санасына тікелей байланысты. Осыған орай «Ұлттық қауіпсіздік негіздері» элективті курсы оқушыларды мемлекеттілік, қоғамдық тұрақтылық, құқықтық мәдениет және қорғаныс саласындағы базалық білімдерін кеңейтуді мақсат етеді.

Ұсынылып отырған «Ұлттық қауіпсіздік негіздері» атты бағдарламаның ерекшелігі оқушыларға ұлттық қауіпсіздік ұғымын жан-жақты түсіндіру, мемлекет пен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарымен танысып, отансүйгіштікке, құқықтық сауаттылыққа және сыни ойлауға, дереккөздермен жұмыс істеуге, шығармашылық тапсырмаларды орындауға дағдыландыру.

«Ұлттық қауіпсіздік негіздері» бағдарламасының мақсаты:

Оқушыларға ұлттық қауіпсіздіктің мәні мен құрылымын түсіндіре отырып, азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдарын үйрету, түрлі қауіпсіздік салаларымен таныстыру арқылы мемлекетшілдікке тәрбиелеу, академиялық жетістікке ұмтылуға, эмоциялық интеллектіні дамытуға, коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал ету, сондай-ақ сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлай отырып, қазіргі заманғы қауіп-қатерлерді талдай білетін, жауапты тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1. «Ұлттық қауіпсіздік» түсінігінің мәнін ашу;
2. ҚР ұлттық қауіпсіздік жүйесінің құрылымын таныстыру;
3. Азаматтың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын көрсету;

4. Ақпараттық, кибер, экологиялық, әскери және қоғамдық қауіпсіздік салаларымен таныстыру;

5. Мемлекетшілдік, академиялық жетістік, эмоциялық интеллект, коммуникативтілік және ынтымақтастық құзыреттерін дамыту;

6. Сыни және шығармашылық ойлау арқылы қазіргі заман қатерлеріне талдау жасау қабілетін қалыптастыру;

7. Ұлттық қауіпсіздікті тек сыртқы қорғаныс ретінде емес, адамның ішкі мәдениеті мен адамгершілігі тұрғысынан қарастыру;

8. Отбасы – қоғамның іргетасы екендігін ұғындыру. Ұлттық құндылықтарды сіңре отырып, Ұлттық қауіпсіздік – әр отбасының қауіпсіздігінен басталатынын түсіндіру

9. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, ұлттық құндылықтарды қастерлеуін, академиялық мақсат қоюын, эмоциялық және әлеуметтік қабілеттерін, топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

10. Сабақ барысында әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту:

Күтілетін нәтижелер:

1. «Ұлттық қауіпсіздік негіздері» элективті курсы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталып, әр түрлі тәсілдер арқылы олардың жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштығын, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін, шығармашылық қиялын, ғылым мен қауіпсіздік саласына деген қызығушылығын, білімдарлығын және азаматтық мәдени деңгейін жетілдіруді көздейді

2. Курс аясында оқушылардың әр түрлі мамандық иелерімен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту, өз бетімен өмір сүруге, қоғамда жауапты шешім қабылдауға және болашақ мамандықты саналы таңдауға психологиялық дайындықтарын нығайту қарастырылады.

3. Оқу процесі барысында оқушыларда жоғары моральдық-өнегелілік қасиеттер, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік, ел тағдырына бей-жай қарамау, ұлттық қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау сияқты патриоттық сезімдер тәрбиеленеді.

4. Бұл пән белгіленген бағдарлама бойынша факультативті сабақ ретінде өткізіледі

5. Ұлттық қауіпсіздік негіздері курсының бағдарламасы мектепте жекелеген топтармен шығармашылық жұмыстар жүргізумен қатар зерттеу тақырыптарын тереңдету бойыншада жүзеге асырылады.

6. Курс барысында отбасылық құндылықтар ұлттық құндылықтар қамтылып, білім алушылардың саналы, ойлы, жауапты азамат болып қалаптасуына ықпал етеді.

7. Курс білім алушылар әділет, мейірім, ар-ұят, еңбекқорлық, талап, білімге құштарлық, шыншылдық — оқушылардың ел тағдырына бей-жай қарамайтын, ұлттық қауіпсіздікке үлес қосатын саналы азамат ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атаулары	Құзыреттіліктері мен құндылықтар
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі мен құрылымын, стратегиялық мүдделерін, қорғаныс саясатын түсінеді. Мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын сақтау жолындағы азаматтық жауапкершілікті сезінеді. Терроризм, киберқауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік сынды жаһандық қатерлердің мәнін түсініп, олармен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызын ұғынады. Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік ұйымдарымен (БҰҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, т.б.) өзара байланысы туралы ақпаратпен танысады.
Коммуникативтік құзыреттілік:	Қауіпсіздік тақырыптарына байланысты пікірталас, топтық жұмыс, жобалық жұмыстар барысында өз ойын дәлелді түрде жеткізе алады. Қиын жағдайларда (төтенше жағдай, эвакуация, қорғану тәсілдері) командалық әрекет пен өзара тиімді байланыс орнату дағдыларын дамытады. Ақпараттық қауіпсіздік (фейк, манипуляция, әлеуметтік инженерия) саласында ақпаратты сараптап, сындарлы диалог құруға үйренеді.
Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:	Ұлттық бірлік, қоғамдық келісім және толеранттылық қағидаттарын өмірлік құндылық ретінде ұстанады. Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау және әлеуметтік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді азаматтық ұстаным қалыптастырады. Қоғамдағы әртүрлі топтармен, этностармен бейбіт және мәдениетаралық ынтымақтастықта болу принциптерін меңгереді.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:	Қауіпсіздікке байланысты түрлі дереккөздерден (мемлекеттік құжаттар, БАҚ, ғылыми мақалалар) ақпарат жинап, талдау жасай алады. Қауіп-қатер түрлерін (табиғи, техногендік, әлеуметтік, ақпараттық) зерттеп, олардың алдын алу жолдарын ұсынады. Шынайы және жалған ақпаратты ажырату, себеп-салдар байланыстарын орнату арқылы шешім қабылдай біледі. Критикалық ойлау арқылы өз ұстанымын дәлелдеп, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне бейжай қарамайды.
Базалық құндылықтар	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық.

Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	қауіпсіз орта қалыптастыруға қатысты іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысу.	төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекетті ұйымдастыруда немесе тактикалық жаттығуларда көш бастап, топқа бағыт беру.	мектеп пен қоғамда ұлттық мүдде мен қауіпсіздікті насихаттау жұмыстарына қатысу.
Ғылым	ұлттық және жаһандық қауіпсіздік	статистикалық мәліметтер мен тарихи оқиғалар негізінде	ақпараттық қауіпсіздік, киберқорғаныс,

	саласындағы ғылыми дереккөздермен жұмыс істеп, талдау жасау.	қауіпсіздікке байланысты қорытындылар жасау.	экологиялық қауіпсіздік сынды тақырыптарда зерттеу жобаларын жасау.
Шығармашылық	қауіпсіздікті насихаттаудың заманауи тәсілдерін (постер, видео, инфографика) әзірлеу.	күнделікті өмірдегі қауіпсіздік мәселелеріне қатысты тың идеялар мен балама жолдар ұсыну.	«Қауіпсіз мектеп», «Кибербілім», «Жас құтқарушы» сияқты жобаларға креативті үлес қосу.

1) Ұлттық қауіпсіздік түсінігі және оның маңызы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылу тарихын білу. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы тұру қажеттілігі туралы түсіндіру Ұлттық қауіпсіздік ұғымының мәні мен мазмұнын түсіндіру, оның қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін маңызын ұғындыру.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы

Ұлт қауіпсіздігінің басты көрсеткіші демократиялық қоғам, ұлттық бірлік, тұрақты экономика екенін түсіндіру ҚР ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мазмұны, мақсаттары мен бағыттарын талдау арқылы оқушылардың мемлекеттік саясатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру.

2) Азаматтың қауіпсіздігі: құқықтық және ақпараттық қорғаныс

Буллингтен қорғану жолдарын білу. Оқушыларға азаматтық құқықтар мен бостандықтар туралы түсінік беру, құқықтық және ақпараттық қауіпсіздіктің маңызын ұғындыру, күнделікті өмірде өз құқықтарын қорғау және интернетте қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

3) Қоғамдық қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылық негіздері

Қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау жолдарын түсіндіру, оқушыларды қоғамдық тәртіпті қорғауға тәрбиелеу. Әлеуметтік тұрақтылық ұғымын түсіндіру (тәртіпсіздік, діни сауатсыздық, радикализм) Қазақстан халқы ассамблеясы - әлеуметтік тұрақтылық бастауы

4) Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіптер

Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты өз әрекеттеріне сыни көзбен қарайды, қауіпсіздік ережелерін бағалайды. Ақпараттық кеңістіктегі қауіп-қатерлерді танып, олардан қорғану тәсілдерін меңгеру; желідегі жауапкершілік пен этиканы қалыптасады

5) Экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды қорғау

Оқушыларға экологиялық қауіпсіздік ұғымын, оның адам өмірі мен ұлттық қауіпсіздік үшін маңызын түсіндіру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғау жолдарын ұғындыру, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыру. Табиғатты сақтау арқылы ұлттық тұрақтылыққа үлес қосуды ұғындыру.

6) Әскери қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы саясат

Елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғаныс жүйесі туралы білім беру, Отан алдындағы борыш ұғымын қалыптастыру. Әскери міндет және азаматтық борыш туралы түсініктерін кеңейту.

7) Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі экстремизм мен терроризм ұғымдарын түсіндіру, олардың қоғамға тигізетін қауіп-қатерін ұғындыру, радикалды идеологиядан қорғана білу дағдыларын қалыптастыру және бейбітшілік, толеранттылық, құқықтық тәртіпті сақтау құндылықтарын насихаттау. Радикалды көзқарастардың алдын алу және толеранттылыққа тәрбиелеу.

8) Қоғам және идеологиялық қауіпсіздік

Ұлттық, тарихи, мәдени құндылықтарды қорғаудың маңызын түсіндіру. Әлеуметтік желілердегі идеологиялық ықпалдан сақтану жолдарынмен таныстыру. Оқушылардың ақпараттық ықпалдарға сыни көзқарастарын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау.

9) Абайдың «Толық адам» ілімі және рухани қауіпсіздік

Абай Құнанбайұлының «Толық адам» ілімінің мәнін түсіндіру арқылы рухани қауіпсіздіктің негіздерін ашу, адамның ішкі әлемі мен моральдық қасиеттерінің қоғамдағы тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікке әсерін ұғындыру, тұлғалық дамуға, өзін-өзі тануға және рухани кемелденуге тәрбиелеу. Оқушы бойына ақыл, жүрек, қайрат үйлесімін қалыптастыру.

10) Патриотизммен ұлттық бірлік – Қазақстан халық Ассамблеясы қауіпсіздіктің рухани тірегі

Ұлтжандылық, елге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру және қоғамдағы бірлік пен татулықтың маңызын ұғындыру. Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін түсіндіре отырып, ұлтаралық татулық пен келісімге құрметпен қарауға, бейбітшілік пен бірлік құндылықтарын бағалауға тәрбиелеу.

11) Қоғамдық қауіпсіздік және тарихи сана. Қазақ қоғамындағы бірлік пен қауіпсіздік үлгілері (билер институты, елдік идеялар)

Қазақ халқының дәстүрлі басқару жүйесіндегі билер институтының және елдік идеялардың қоғамдағы бірлік пен қауіпсіздікті сақтаудағы тарихи рөлін түсіндіру; ұлттық рухты, әділеттілікке деген сенімді, татулық пен ынтымақтастықты бағалай білуді қалыптастыру.

12) Қарым-қатынас мәдениеті және әлеуметтік қауіпсіздік

Қарым-қатынас мәдениетінің мәнін түсіндіру, адамдар арасындағы этикалық және құрметке негізделген байланыстардың әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін ұғындыру, салауатты қарым-қатынас жасау, жанжалдың алдын алу және жауапты азаматтық мінез-құлықты қалыптастыру. Әр түрлі ортада этикалық және мәдени нормаларға сай қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

13) Мамандық таңдау және тұлғалық қауіпсіздік

Саналы түрде мамандық таңдаудың маңызын түсіндіру, тұлғалық қауіпсіздік ұғымымен байланыстыра отырып, адамның ішкі әлеуетін тану, психологиялық тұрақтылық пен кәсіби өзара үйлесімділікті сақтау жолдарын ұғындыру, болашақ өмірлік жолды дұрыс жоспарлауға бағыт беру. Жеке

қабілеттер мен мүдделерге сәйкес мамандық таңдауға бағыт беру, тұлғалық қауіпсіздік ұғымын енгізу.

14) Қайталау және қорытындылау

Өтілген материалдарды жүйелеу, алған білімдерді жинақтау және пысықтау.

15) Бақылау жұмысы және рефлексия

Курстан алған білімді тексеру, өзін-өзі бағалау мен жеке дамуын талдау.

10-11-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Дене шынықтыру жалпы білім беретін мектептегі оқу пәні ретінде жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу пәннің мақсаты - оқушылардың бойында өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға қажеттілікті қалыптастыру, дененің физикалық және психикалық қасиеттерді жүйелі дамыту, салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене шынықтыру құралдарын шығармашылық тұрғыдан қолдану.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) денсаулықты нығайту, негізгі дененің физикалық сапаларын дамыту және ағзаның қызмет ету мүмкіндіктерін арттыру; базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру;

2) өз денсаулығына қамқорлықпен қарау, оны нығайту және сақтау қажеттіліктерін тәрбиелеу;

3) дене шынықтыру және спорттың пайда болу тарихы мен даму ерекшеліктері, салауатты өмір салтын дамытудағы рөлі туралы білім деңгейлерін игеру;

4) оқу және жарыс кезіндегі ұжымдық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты орындау және жеке тұлғаның оң қасиеттерін тәрбиелеу.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту процесінде білім алушыларға:

1) жеке тазалық ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; пәндік білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға;

2) дене жаттығуларының адамның физикалық және энергетикалық жүйелеріне әсері туралы білу;

3) жеке бас пен моральдық-өнегелілік қасиеттерін дамыту және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсіну;

4) өзінің физикалық дамуын жетілдіруде қимыл-қозғалыс құзыреттіліктерін жақсарту қажеттіліктерін бағалауға; жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1) 10-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 76 сағат;
- 2) 11-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 76 сағатты құрайды.

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

3. Оқу бағдарламаның құрылымы мен мазмұны екі бөлімнен тұрады:

- 1) Дене шынықтыру туралы білім (ақпараттық компонент);
- 2) Денені жетілдіру және шеберлік (әрекеттік компонент).

4. «Дене шынықтыру туралы білім» бөлімінің мазмұны адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктеріне сәйкес:

- 1) «Қазақстандағы спорт пен дене шынықтырудың даму тарихы»;
- 2) «Қазіргі қоғамдағы спорт және дене шынықтыру»;
- 3) «Адамның дене мәдениеті" тақырыптарын қамтиды».

Бөлімде Қазақстандағы спорт пен дене шынықтыруды дамытудың, республикадағы ұлттық спорт түрлерінің қалыптасуы, қазіргі қоғамдағы дене шынықтыруды дамытудың негізгі бағыттары, белсенді демалысты ұйымдастыру жолдары және дене шынықтыру құралдарының көмегімен адам денсаулығын нығайту тәсілдері туралы мәліметтер енгізілген. Бұл бөлімде дене және спорттық дайындықтардың негізгі түсініктері, өз бетімен дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуды ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетілген және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілген.

5. «Денені жетілдіру және шеберлік» бөлімі білім алушылардың дене шынықтыру және тактикалық даярлықтарын шыңдауға бағытталған және аталған бөлімде арнайы дене дайындығы құралдары туралы ақпараттар берілген. Бағдарламада арнайы құралдар ретінде қолданбалы маңызға ие болатын базалық спорт түрлерінің (гимнастика негіздері, жеңіл атлетика, спорт ойындары, шаңғы және жүзу) дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұсынылады.

6. Вариативті компонент дене шынықтыру мұғалімі спорттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдануға және енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонентті нақты білім беру ұйымы, материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын және оқытушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

7. Бағдарлама талаптарына және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша білім алушылардың жылдық үлгерімдерін

бағалауына болады. Бұл тәсілді қолдану негізделген, өйткені ол дене шынықтыру мұғалімдеріне бүкіл оқу кезеңінде олардың дамуының жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың үлгерімін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

8. Орта мектептегі дене шынықтырудың педагогикалық жүйесін ұйымдастырудың негізгі түрлері:

- 1) дене шынықтыру сабақтары;
- 2) оқу күндерінде ұйымдастырылатын дене тәрбиесі және сауықтыру іс-шаралары;
- 3) спорттық жарыстар мен мерекелік шаралар;
- 4) спорт секциялары мен үйірмелер;
- 5) дене жаттығуларымен өздігінен шұғылдану (үй тапсырмалары).

Сабақтар білім алушылардың дене шынықтыру пәнінің мазмұнын игеру процесіндегі іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

9. «Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында білім алушыларды білім беру ұйымының медицина қызметкері арнайы медициналық топқа бөлу медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады. Осы топтарды арнайы профилактикалық бағдарлама бойынша аурудың түріне байланысты оқытады.

10. Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

11. Дене шынықтыру бойынша сабақ өткізу процесінде пәнаралық байланыс іске асырылады:

1) «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі»: сөз қорын дене шынықтыру саласында қолданылатын терминдермен толықтыру;

2) «Физика»: «механикалық жұмыс», «ауаның қарсылығы», «дене салмағы», «біркелкі емес және біркелкі сырғу», «қуаттылық» секілді түсініктер бойынша қабылданған білім деңгейін қолдану;

3) «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия»: ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты есептеу, ұзындық пен биіктікке секіру үшін жүгіруді есептеп шығару;

4) «Биология»: шылым шегу мен алкогольдік ішімдік ішудің ағзаға тигізетін зияны туралы, зат алмасу процесі туралы материалдарды қолдану;

5) «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы»: олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық ойындарының пайда болу тарихы;

6) «География»: көкжиек тұстарын білу, жергілікті жерлерде түрлі белгілер және карта бойынша бағдарлай білу біліктілігі;

7) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»: саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолағынан өту; өмірлік маңызы бар қимыл-қозғалыс дағдылары мен біліктілікке, оларды түрлі жағдайларда қолдана

білуді оқыту және үйрету; патриотизмді және өз Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

12. 10-сыныптағы «Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу».

Бағдарлама бөліктері	Бағдарлама бөлімдері
Базалық	1. Жеңіл атлетика
	2. Спорт ойындары
	Футбол
	Баскетбол
	Волейбол
	3. Гимнастика
	4. Шаңғы дайындығы*
	5. Жүзу**
	Базалық бөлік бойынша барлығы:
Вариативті	Вариативтік бөлім білім беру ұйымының таңдауы бойынша белгілі бір спорттық ойынды (футбол, волейбол, баскетбол) тереңдетіп оқыту арқылы жүзеге асырылады

Ескерту:

*– Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.

**– Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

13. Білім негіздері:

1) Дене жаттығуларымен шұғылданудың жұмыс істеу қабілетіне тигізетін әсері. Дене шынықтырудың заманауи сауықтыру жүйелері және олардың түрлері және мазмұны.

14. Жеңіл атлетика:

1) Қашықтыққа байланысты жүгіру техникасы мен тактикасының ерекшеліктері. 100 м жүгіру. 4×100 м эстафеталық жүгіру. Кедргілер арқылы жүгіру. 800 м жүгіру. 3000 м (ер балалар) және 2000 м (қыз балалар) жүгіру.

2) Жеке тәсілмен ұзындыққа секіру, жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.

3) 18-20 м (ер балалар), 12-14 м (қыз балалар) түрлі жарақтарды нысанаға лақтыру. Граната лақтыру: ер балалар (700 г), қыз балалар (500 г).

15. Спорт ойындары:

1) Баскетбол: Қозғалу техникаларының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Допты қағып алу мен беруді қорғаушының қарсылығынсыз және қарсылық көрсету кезінде орындау нұсқалары. Қорғаушының қарсылығынсыз және қарсылық көрсету кезінде доппен қозғалу.

Доппен және допсыз әрекет етуші ойыншыға қарсы әрекет (тартып алу, соғып жіберу, жармасу, жабу). Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Оқу-үйрену ойыны.

2) Волейбол: Қозғалу техникаларының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Допты беру және қабылдау техникаларының нұсқалары. Допты жоғарыдан тік қолмен ойынға қосу. Ойынға қосылған допты қабылдау. Тігінен шабуылдау соққысын тордан асыра орындау. Шабуыл соққысына тосқауыл қою нұсқалары (жалғыз және жұптасып). Сақтандыру. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Оқу-үйрену ойыны.

3) Футбол: Қозғалу техникаларының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Допты игеру техникасының қимыл-қозғалыстарынан құрылған комбинациялар. Доппен және допсыз әрекет етуші ойыншыға қарсы әрекет. Қақпашы іс-әрекеті. Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер.

16. Гимнастика:

1) Саптық жаттығулар: Бұрынғы үйретілген жаттығуларды қайталау, қозғалыстағы бұрылу тәсілдері. Бір колоннадан екі, төрт және сегіз колоннаға қайта сап құру.

2) Жалпы дамыту жаттығулары: Дененің негізгі бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар (ауырлықпен және ауырлықсыз).

3) Гимнастиканың әртүрлі түрлері (шейпинг, пилатес, стрейчтинг, күш гимнастикасы).

4) Таянып секіру (ер балалар): Ұзынынан қойылған гимнастикалық ағаш аттың шеткі бұрышынан қолмен итеріліп, аяқты ашып секіру (Ағаш аттың биіктігі 130 см).

5) Таянып секіру (қыз балалар): Гимнастикалық кіші аттан аяқты ашып секіру (кіші аттың биіктігі 120 см).

6) Кермеде орындалатын жаттығулар (ер балалар): Асылып тұрған қалыптан күшпен көтеріліп таяну. Асылып тұрған қалыптан күшпен аунап көтеріліп таяну. Аяқты сермеп орындалатын жаттығулар. Асылып тұрып аяқты сермеу – шалқая көтерілу. Таянып тұрып артқа құлау – кермеге жанаса айналу. Таянып тұрған қалыптан аяқты доға бойынша сермеп, артқа сермелген сәтте секіріп түсу.

7) Арыста орындалатын жаттығулар (ер балалар). Қолмен таянып тұрып тербелу; қолмен таянып тұрып тербеліп, қолды бүге көтерілу, аяқты ашып отыру; аяқты ашып отырған қалыптан алға аунап, аяқты ашып отыру; таянып тұрып тербеліп, артқа сермелген сәтте шалқая секіріп түсу.

8) Бөренеде орындалатын тепе-теңдік жаттығулары (қыз балалар): Жүрелей таянып отыру, сол аяқпен жүрелеп отыру – оң аяқ артқа; көлденең жүрелей

таянып отыру – қол қапталда. Жүру түрлері: аяқ ұшымен, тізені биік көтеріп, алға ұмтыла. Секірулер мен бұрылулар: аяқты жартылай және толығымен сермеп бұрылу. Иіліп, шалқайып секіріп түсу.

9) Акробатика (ер балалар): Биіктігі 80-90 см кедергіден алға ұзыннан аунай секіріп өту. Қолмен тұру. Қолмен тұрып, аунап айналуға көшу. Басымен және қолмен тұру арқылы көпір жасауға көшу.

10) Акробатика (қыз балалар): Бұрынғы үйренген акробатика элементтерінен жинақталған жеке кешен жаттығулары.

11) Өрмелеу. Биіктігі 4 м арқанға аяқтың көмегінсіз өрмелеу (ер балалар).

17. Шаңғы дайындығы:

1) Бұрынғы үйретілген шаңғы жүрістерін жергілікті жер бедері және қардың жағдайына қарай қолданып шаңғымен қозғалу.

2) Шаңғы жолындағы табиғи кедергілерден аттап, секіріп және астынан еңкейіп өту.

3) 3-5 шақырым қашықтыққа жүгіру. Шаңғымен көтерілу түрлері: сырғи адымдап, «шырша» тәсілдерімен. Биік және төмен тұру қалпымен еңіске түсу. Шаңғымен бұрылу түрлері: «адымдап», «соқаша», «тіреліп».

18. Сауықтыру жүгірісі, жүру және басқа да аэробты жүктеме жаттығулары:

1) Жылдамдықты өзгертіп жүгіру. Бірқалыпты жылдамдықты қолдап 5 шақырымға дейін қашықтыққа жүгіру.

2) Табиғи кедергілерден өту арқылы жүгіру.

3) Скандинавия жүрісі.

4) Фартлек (жылдамдық ойыны немесе жүгіру ойыны).

19. Жүзу:

1) Бұрынғы үйретілген тәсілдермен жүзу, таңдап алған тәсілмен 2×50 м жүзу.

2) Қолданбалы жүзу түрлері, суға батушыны құтқару тәсілдері.

26. Пәннің негізгі құзыреттіліктері мен құндылықтары:

Атауы	Құзыреттіліктері мен құндылықтары
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Оқушылар ұлттық спорт түрлері мен дәстүрлі дене шынықтыру тәжірибелерін меңгере отырып, өзінің мәдени мұрасын құрметтейді және насихаттайды. Әлемдік спорт мәдениетін тану арқылы түрлі елдердің спорттық құндылықтары мен тәсілдерін салыстырады, құрметтейді және жаһандық спорт кеңістігінде өзіндік көзқарас қалыптастырады. Халықаралық жарыстар, Олимпиада ойындары және жаһандық спорт ұйымдарының рөлі туралы білім алады.
Коммуникативтік құзыреттілік:	Командалық және жұптық жұмыс барысында өз ойын анық жеткізу, серіктесімен тиімді әрекеттесу, тыңдай білу және ынтымақтастық орнату дағдыларын дамытады. Қарсыластармен және төрешілермен этикалық нормаларға сай қатынас орнатуды үйренеді. Спорттағы түрлі рөлдерде (жаттықтырушы, капитан, төреші) өзара түсіністік пен сенімділікке негізделген қарым-қатынас орнатады.
Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:	Спорт арқылы салауатты өмір салты, теңдік, инклюзия және мәдениетаралық түсіністік қағидаларын меңгереді. Қоғамдық іс-шараларға қатысу, спорттық жобалар мен флешмобтар

	ұйымдастыру арқылы белсенді азаматтық ұстанымын білдіреді. Спорттағы әділдік, төзімділік, жауапкершілік және көшбасшылық сияқты әлеуметтік құндылықтарды тәжірибеде қолданады.
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі:	Жеке денсаулық деңгейін бағалау, жаттығу бағдарламаларын талдау және спорттық көрсеткіштерді жақсарту жолдарын зерттейді. Дене шынықтыруға қатысты ақпаратты (жаттығу түрлері, спорттық жабдықтар, жаттығу тәсілдері) талдай отырып, тиімді шешім қабылдайды. Түрлі спорт түрлерінің артықшылықтары мен қауіптерін сын тұрғысынан сараптайды және өзіне сай келетін қозғалыс белсенділігін таңдай алады.
Базалық құндылықтар	Пәнаралық байланысты түсіну. Білім алуға құштарлық. Бірлікті, ынтымақтастықты қолдау және ұстану; еңбекқорлық, жаңалыққа құмарлық

31. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	дене белсенділігі мен күн тәртібін жоспарлау, жеке мақсаттар қою және оған жету жолында табандылық таныту.	өз денсаулығына, спорттық жабдықтарға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға деген жауапты көзқарас.	спорттық және денсаулыққа қатысты дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, талдау және қолдану.
Ғылым	физикалық және психологиялық қиындықтарды жеңу, жаттығу кезінде шыдамдылық таныту	зиянды әдеттерден бас тарту, денсаулықты сақтау мен нығайтуға ұмтылу.	бірлесе әрекет ету, топта тиімді қарым-қатынас жасау, бір-біріне қолдау көрсету.
Шығармашылық	өзінің дене дайындығы мен жетістіктерін бағалау, алдағы жетілдіру жолдарын анықтау.	жаңа жаттығу түрлерін ойлап табу, спорттық ойындар мен жарыстарда шығармашылық таныту.	мақсат қою, жоспарлау, өзіндік жұмыс жасау, жетістікке жету стратегияларын қолдану.

20. 10-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (ер балалар).

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X (орташаландырылған)	төмен	орташа- дан төмен	орташа	орташа- дан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	4,9	5,6	5,5 – 5,3	5,2 – 4,6	4,5 -4,3	4,2

Бір орыннан ұзындыққа секіру	213	190	191 - 201	202-224	225 - 236	235
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	611,0	434,0	435-522	523-699	700-785	786,0
3×10 м қайталап жүгіру	8,3	9,1	9,0 – 8,7	8,6 – 7,8	7,7 -7,4	7,3
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	42,0	33,0	34,0 – 37,0	38,0-46,0	47,0-50,0	51,0

25. 10-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыз балалар).

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X (орташаландырылған)	төмен	орташа- дан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
Бір орыннан ұзындыққа секіру	170,0	146	147 -160	161 – 181	182 – 194	195
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	497,0	372	373-434	435-559	560-621	622,0
3×10 м қайталап жүгіру	9,1	10,0	9,9 – 9,6	9,5 – 8,6	8,5 –8,1	8,0
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	26,0	19,5	20,0 – 22,5	23,0 - 29,0	29,5-32,0	32,5

26. 11-сыныптағы «Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу».

Бағдарлама бөліктері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары. Сағаттар саны				
		1	2	3	4	S
Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	8	-	-	7	15
	Баскетбол	-	8	7	-	15
	Волейбол	7	-	8	-	15
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шаңғы дайындығы*	-	-	10	-	10

	5. Жүзу**	-	-	-	6	6
	Базалық бөлім бойынша барлығы:	22	17	25	20	84
Вариативті	Вариативті бөлім білім беру ұйымының таңдауы бойынша белгілі бір спорттық ойынды (футбол, волейбол, баскетбол) тереңдетіп оқыту арқылы жүзеге асырылады	2	7	5	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны:		24	24	30	24	102

Ескерту:

* – Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.

** – Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Білім негіздері:

1) Дене шынықтыру, спорт, туризм, денсаулықты қорғау және денсаулық салалары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының негіздері.

2) Дене жаттығуларының ағзаның қызмет ету жүйелеріне тигізетін әсерін анықтайтын факторлар: жаттығудың сипаты (циклді және күрделі қимыл-қозғалыс жаттығулары); дене жүктемесінің көлемі мен қарқыны.

3) Отбасына арналған дене шынықтыру.

28. Жеңіл атлетика:

1) Жарыс жаттығуларының жеке техникаларын жетілдіру (бұрынғы үйретілген оқу материалдарының негізінде). 100 м төменгі сөреден қарқынды жылдамдықпен жүгіру. 4×100 м эстафеталық жүгіру. 3000 м (ер балалар) және 2000 м (қыз балалар) жүгіру.

2) «Аяқты бүгу» тәсілімен ұзындыққа секіру.

3) Салмағы 700 гр (ер балалар) және 500 гр (қыз балалар) гранатаны лақтыру.

29. Спорт ойындары:

1) Баскетбол: Ойын техникасының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Екі жақты ойын.

2) Волейбол: Ойын техникасының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Екі жақты ойын.

3) Футбол. Ойын техникасының игерілген элементтерінен құрылған комбинациялар. Шабуылдағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Шабуылдағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер. Қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер. Қақпашының ойын әрекеттері. Екі жақты ойын.

30. Гимнастика:

1) Саптық жаттығулар, өткен оқу материалдарын қайталау және жетілдіру.

2) Негізгі бұлшық ет топтарын дамытуға бағытталған жалпы дамыту жаттығулары (ауырлықтармен және ауырлықсыз).

3) Гимнастиканың әртүрлі түрлері (шейпинг, пилатес, стрейчтинг, күш гимнастикасы).

4) Таянып секіру (ер балалар): Ұзынынан қойылған ағаш аттың алыс бөлігінен қолмен итеріле аяқты ашып секіру (ағаш аттың биіктігі 130 см).

5) Таянып секіру (қыз балалар): Кіші ағаш аттан аяқты ашып секіру (кіші ағаш аттың биіктігі 120 см).

6) Кермеде орындалатын жаттығулар (ер балалар): Күшпен көтерілу, бұрыштай келе асылу қалпына түсу және күшпен айналып көтерілу. Асылып тұрған қалыптан күшпен айналып көтеріліп таяну. Аяқты сермеп орындайтын жаттығулар. Асылып тұрып тербелу – түзеле көтерілу. Таянып тұрған қалыптан аяқты артқа сілтеп, айналым – сырғауылға жанаса аунау. Таянып тұрған қалыптан аяқты артқа сермеп секіріп түсу.

7) Арыста орындалатын жаттығулар (ер балалар): Арыста таянып тұрып алға және артқа тербелу кезінде қолды бүгіп-жазу. Аяқты алға сермеп көтерілу, артқа сермеу, алға сермеп аяқты ашып отыру. Иығымен таянып тұру. Алға аунап, аяқты ашып отыру. Аяқты ортаға түсіріп, артқа сермеген сәтте секіріп түсу.

8) Бөренеде орындалатын тепе-теңдік жаттығулары (қыз балалар): Бұрынғы үйретілген жаттығулардан құрылған комбинациялар. Секірулер мен бұрылулар: аяқты жартылай сермеп және толығымен сермеп бұрылу. Иіліп, шалқайып секіріп түсу.

9) Акробатика: Бұрынғы үйретілген жаттығулардан құрылған комбинациялар.

10) Өрмелеу: Биіктігі 4 м арқанға өрмелеу (ер балалар).

31. Шаңғы дайындығы:

1) Қашықтық шарты мен шаңғы жолының жағдайына байланысты жүруден жүру тәсілдеріне көшу.

2) Шаңғымен 5000 м қашықтықты тиімді екпінмен жүріп өту.

32. Сауықтыру жүгірісі, жүру және басқа да аэробты жүктеме жаттығулары:

1) Жылдамдықты өзгертіп жүгіру. Бірқалыпты жылдамдықты қолдап 5 шақырымға дейін қашықтыққа жүгіру.

2) Табиғи кедергілерден өту арқылы жүгіру.

3) Скандинавия жүгірісі.

4) Фартлек (жылдамдық ойыны немесе жүгіру ойыны).

33. Жүзу:

1) Толық үйлесімде жүзу. Бұрынғы үйретілген тәсілдермен 3×50 м кешенді жүзу;

2) 100 м қашықтықты жылдам жүзіп өту. Суға батушы адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.

34. 11-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (ер балалар).

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X (орташаландырылған)	төмен	орташа дан төмен	орташа	орташа дан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	4,7	5,2	5,1 – 5,0	4,9 – 4,5	4,4 -4,3	4,2
Бір орыннан ұзындыққа секіру	220	197	198- 208	209 – 231	232 - 244	245
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	713	540	541- 626	627- 799	800– 885	886
3х10 м қайталап жүгіру	8,0	8,7	8,6 – 8,4	8,3 – 7,7	7,6 -7,3	7,2
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	43,5	35	36-39	40 -48	49 – 52	53

35. 11-сынып білім алушылардың дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыз балалар).

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X (орташаландырылған)	тө-мен	орташа дан төмен	орташа	орташа дан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
Бір орыннан ұзындыққа секіру	172	143	144 -157	158 – 182	183 – 197	198
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	514	373	374– 443	444– 584	585 – 654	655
3х10 м қайталап жүгіру	9,0	9,9	9,8 – 9,5	9,4 – 8,6	8,5 –8,1	8,0
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	28	20,5	21 –24,5	25-31	31,5– 34	34,5

3-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

36. Дене шынықтыру бойынша білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар келесі 6 базалық негіздермен анықталады: «білу/түсіну», «орындай білу», «игерген білім деңгейлерін іс жүзінде орындалатын іс-әрекет кезінде және күнделікті өмірде қолдану», «талдау», «синтездеу», «бағалау».

37. 11-сыныпты аяқталғанда білім алушы:

1) дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін; әр түрлі бағыттылығы бар дене жаттығулары сабақтарының кешенін; жалпы дамыту және түзету бағытындағы дене жаттығуларының биодинамикалық ерекшеліктері мен мазмұнын, денені дамыту және денсаулықты нығайту міндеттерін шешуде оларды қолдану негіздерін; дене жүктемелері кезінде өз ағзасының қызмет етудегі физиологиялық негіздерін, дене шынықтыру арқылы оларды дамыту мен жетілдіру мүмкіндіктерін біледі;

2) өз ағзасының психикалық-функционалдық ерекшеліктерін; дене шынықтырумен жүйелі шұғылдану арқылы жеке тұлғаның дербес қалыптасу мүмкіндігі мен қасиеттерін; салауатты өмір салтын ұстануға қажеттілікті; атқарылатын қозғалыс әрекеттерінің ауырлық деңгейін; физикалық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде түрлі физикалық жүктеменің талап етілген қарқындылығына жету қажеттілігін түсінеді;

3) өз бетімен жетілу мақсатында түрлі дене жаттығуларын, салауатты өмір салтын және бос уақытын ұтымды ұйымдастыруды, ойын кезінде немесе арнайы құрылған жаттығулар кешенін орындау кезінде қажетті негізгі техникалық-тактикалық әрекеттерді; ағзаның бейімделу қасиеттерін дамытуды қадағалау және денсаулықты нығайту мен дене ширақтығының дайындығын жоғарылатудың дербес жолдарын; функционалдық қызмет ету бағыты әртүрлі дене жаттығуларымен өз бетімен ұйымдастыру тәсілдерін; түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

4) сауықтыру және дене шымырлығы мен ширақтығын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалды қызмет ету жағдайын талдайды;

5) қалыптасқан дағдыларды дене шынықтыру сабағымен қатар күнделікті өмірдегі әртүрлі жағдаяттарда қолдану жүйесін; салауатты және қауіпсіз өмір сүруді қалыптастыруда дағдыларды; дене шынықтыру сабақтарының шеңберінде мәселелерді зерттеу және шешу үшін сын тұрғысынан ойлау құралдары мен білімін; адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайларда жеке және ұжымның қауіпсіз әрекеттерінің ережелерін білуді жинақтайды;

6) жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын; өз бетінше жетілу және қимыл-қозғалыс дайындығының деңгейін; дене жаттығуларымен шұғылдану тиімділігін, ағзаның функционалды қызмет ету жағдайы мен жұмыс істеу қабілетін; дене жүктемелерін және дене жаттығуларының әсер ету бағытын мөлшерлеуді бағалайды.

10–11-сыныптарға арналған
«Елге қызмет» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген оқу бағдарламасы ретінде Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына, сондай-ақ Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасы мен Қазақ ұлттық білім беру компонентіне негізделіп әзірленген.

«Елге қызмет» курсы – оқушылардың азаматтық сана-сезімін, елдік жауапкершілігін, патриоттық рухын, әлеуметтік белсенділігін дамытатын және ел игілігіне қызмет ету ұстанымын өмірлік бағдар ретінде қабылдауға бағытталған интеграциялық пән. Пән мазмұны Абай іліміндегі «халыққа қызмет ету» ұстанымдарын қазіргі заманның қажеттіліктерімен ұштастыра отырып, болашақ көшбасшыларды, еріктілерді, қоғам белсенділерін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пән оқушылардың гуманистік және ұлттық құндылықтарға негізделген азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, көшбасшылық және волонтерлік қабілеттерін, қоғамдық мүдде үшін әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға арналған.

«Елге қызмет» модулінде «елге қызмет» ұғымының мәні, оның түрлері және қызметтің адамгершілік сипаты қарастырылады. Сонымен қатар, білім алудың, оны ел игілігіне жарату жолдарының маңыздылығы мен волонтерліктің елге қызмет ретіндегі рөлі оқытылады.

«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» ұстанған тұлғалар» модулінде Қазақстанның дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғалар (ағартушылар, мәдениет, әдебиет, баспасөз, медицина, сәулет, ауыл шаруашылығы және әкімшілік салалары бойынша) таныстырылады. Оқушылар өз еліне қызмет еткен азаматтардың өмірі мен еңбегінен үлгі алады.

«Отанға қызмет – әрбір азаматтың борышы» модулінде әрбір кәсіп иесінің қоғамдағы маңызы ашылады. Мұғалім, дәрігер, ғалым, кәсіпкер, журналист, IT маман, тілші, эколог, әлеуметтік қызметкер – барлығы ел дамуына тікелей үлес қосатын азаматтар. Оқушылар елге қызмет етудің тек әскери немесе саяси салада ғана емес, әрбір мамандық аясында жүзеге асатынын ұғынады.

«Мемлекеттік құрылымдар – елге қызметті танытатын органдар» модулінде оқушылар Қазақстан Республикасындағы билік тармақтарының құрылымымен танысады: Президент, Парламент, Үкімет, Сот жүйесі, жергілікті басқару, сайлау комиссиясы мен сандық басқару агенттігі қызметінің ел алдындағы жауапкершілігі мен елге қызметтегі рөлін саралайды. Сондай-ақ, жастар ұйымдарының белсенділігі мен болашаққа қосар үлесін оқытады.

Пән мазмұнын құрастыруда жасөспірімдердің болашақ елдің дінгегі екендігін ескере отырып, елге қызмет етудің тетіктерін: елдің стратегиясы мен оны іске асыру тактикаларын, елішілік және мемлекетаралық сипатта жүзеге асыру көзделеді. Бұл бағдарлама – оқушыны тұлға, көшбасшы ретінде қалыптастыруға, креатив және сыни ойлауға бағыттай отырып, тәрбиелейді.

Оқу бағдарламасы белгілі бір тақырыптық жүйеге сүйене отырып, оқушылардың елге қызмет ұғымын меңгере отырып, сатылай отырып жетілдіруге бағытталған. Қоғам мен ел игілігі үшін қызмет етуде білу қажет ақпараттарды игереді. Елге қызметті ерікті түрде орындайды.

Пән мазмұнына елге қызмет ұғымының мәні, елге қызмет еткен тұлғалар, елге қызмет түрлері, елге қызмет ететін ресми органдар, сонымен қатар мемлекеттен жырақта жүргенде ел үшін атқарылатын іс түрлері енгізілген. Сондай-ақ оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, өздерінің жоспарлары мен жобалары арқылы олардың қызметтерінің бағыт-бағдары айқындалады.

Курстың мақсаты:

«Елге қызмет» курсының басты мақсаты – жоғары сынып оқушыларын Абайдың «толық адам» ілімі негізінде елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, болашақта өз еліне қызмет етуге баулу.

Міндеттері:

- 1) елге қызмет түрлерін анықтау және жіктеу;
- 2) елге қызмет түрлерін кез келген кезең мен кеңістікте жүзеге асыру керектігін меңгерту;
- 3) елге қызмет түрлерін елдің даму стратегиясына сәйкестендіре меңгерту;
- 4) азаматтық ұстаным мен ашықтықтың елге қызмет ету тәртіптерін меңгерту.
- 5) жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу;
- 6) Қоғамдық жобалау, әлеуметтік зерттеу, медиация, командада жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;
- 7) Қоғам мен мемлекет мүддесін қорғауға бағытталған көшбасшылық және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Бұл пән оқушылардың отанға қызмет ету жайлы ойлантып қана қоймай, елжандылық сезімін арттырып, ел болашағын өз болашағымен байланыстыруға көмектеседі.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Елге қызмет» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, жобалық, құзыреттілік, конструктивистік және интерактивті тәсілдер арқылы іске асырылады.

3. Бағдарлама мазмұны ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

1-модуль. «Елге қызмет» тұжырымының негіздері

1 Кіріспе.

1-модуль. «Елге қызмет» ұғымының мәні. Елге қызмет түрлері. Сапалы білім алу қызметі («Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр»... Алған білімді пайдаға жарату қызметі (идеясы) (іске асыру) «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» бес қағидасы. «Менің елім», «Менің жерім» «Елге қызмет ету – білімнен емес, мінезден» (Әлихан Бөкейханов).

2-модуль. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» бірдей ұстаған тұлғалар. Қазақстанның дамуына үлес қосқан тұлғалар. Білім беру ісіне үлес қосқан тұлғалар 2) Тіл, әдебиет саласына үлес қосқан тұлғалар. Мәдениет саласына үлес қосқан тұлғала; 2) Баспасөз саласына үлес қосқан тұлғалар Медицина саласына үлес қосқан тұлғалар; Сәулет, сурет өнеріне үлес қосқан тұлғалар. Әкімшілік жүйесіне үлес қосқан тұлғалар; 2) Ауыл шаруашылығына үлес қосқан тұлғалар

3-модуль. ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

10 1) Жақсы мұғалім болу, сапалы адам дайындау – елге қызмет. 2) Дәрігерлердің халықты аурудан сақтауы және емдеуі – елге қызмет

11 1) Ғалымдардың адамзатқа қызмет ететін ғылыми жаңалықтар ашуы – елге қызмет; 2) Жастардың стартап, ұлттық қауіпсіздікке бағытталған технология жасауы – елге қызмет

12 1) Қазақ тілін өміршең ету, насихаттау – елге қызмет; 2) Медиасауатты болу – елге қызмет

13 1) Экологиялық мәдениетті ұстану – елге қызмет; 2) Елдің әрбір азаматын әлеуметтік қорғау – елге қызмет

14 1) Ауылға көмек қолын созу – елге қызмет; 2) Кәсіпкерлікті жолға қою – елге қызмет. Әр істегі жауапкершілік – елге қызмет

4-модуль. Мемлекеттік құрылымдар – елге қызметті танытатын органдар

Президент – мемлекет басшысы; Заң шығарушы билік (Парламент, Мәжіліс, Сенат); 3 Заң қабылдау, үкімет жұмысын бақылау, бюджетті бекіту Атқарушы билік (Үкімет: Премьер-министр, министрліктер, мемлекеттік бағдарламаларды іске асырады); 2) Жергілікті басқару органдары. Сот билігі (Жоғарғы сот, желгілікті сот); 2) Конституциялық кеңес. Орталық сайлау комиссиясы; 2) Сандық басқару агенттігі (антикор). Жастар ұйымдарының қызметтері («Жас ұлан», «Жас қыран»). Еріктілер қызметі. Мемлекетаралық қатынастағы елге қызмет түрлері. 2) Дипломатиялық қызмет. дипломаттар тілін меңгеру, имидж қалыптастыру. Дипломатиялық салқынқандылық. Өз

мемлекетінің атынан саясат және келіссөздер жүргізу ғылымы әрі өнер. Дипломатия түрлерін (халықтық, мәдени, саяси, экономикалық дипломатия) елге қызмет ретінде пайдалану. Мемлекеттік стратегия мен оны шешу тактикаларын меңгеру.

22 Қорытынды. Рефлексиялық сағат (D)

7) әртүрлі тәсілдермен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын елге қызмет етудегі кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әртүрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен елжандылық сезімдерді тәрбиелеу.

4. «Елге қызмет» пәнінде тәрбиелік мақсат ретінде Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу жүзеге асырылады.

5. «Елге қызмет» қазақ тілі, әдебиет, тарих, география, жаһандық құзыреттіліктер т.б. пәндерді оқу білімімен логикалық, функционалды түрде толықтырады.

6. «Елге қызмет» курсының бағдарламасы сыныпта және мектепте жекелеген зерттеу топтарымен, білім беру ұйымының зерттеу тақырыптары бойынша жүзеге асырылады.

7. Нақты белгіленген бағдарлама бойынша факультатив сабағы ретінде бөлек оқытылады.

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

15. Пәндік нәтижелер, 10-11-сыныптарда білім алушылар игеруі тиіс:

- 1) елге қызмет деген ұғымның анықтамасын;
- 2) елге қызмет етудің маңызын;
- 3) елге қызмет түрлерін;
- 4) өз қызметінің әсерін;
- 8) елге қызмет ететін органдарды;
- 9) елге қызмет еткен тұлғаларды;
- 10) елге қызмет етудің уақыт пен кеңістік таңдамайтынын.

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Қоғамға пайдалы бастамаларды басқару және іске асыру қабілеті	Белсенді азаматтық ұстаным қалыптасады	Коммуникация, басқару, топпен жұмыс

Ғылым	Әлеуметтік зерттеу жүргізу және дерек жинау дағдылары	Зерттеушілік қызығушылығы артады	Деректермен жұмыс, сараптау
Шығармашылық	Қоғамдық жобалар мен акциялар дизайнын жасау	Қоғамды жақсартуға бағытталған идеялар ұсыну	Жобалық ойлау, креативті шешімдер

«Елге қызмет» пәнін бағалауға ұсынылған критерийлер

Критерий	Аты	Мазмұны	«Елге қызмет» пәніне бейімделуі
A	Зерттеу (Inquiring)	Елге қызмет түрлеріне ассоциограмма	Елге қызмет түрлерін жіктей алуы, ассоциограммасын жасай алуы
B	Өзірлеу (Developing skills)	Елге қызмет ету жолдары мен игерілетін құзыреттіліктер	Елге қызмет етуге өздерін дайындау; тілдік құзыреттіліктерді игеру; отансүйгіштік құзыреттіліктерін дамыту
C	Орындау (Creating/Performing)	Елге қызмет ету түрлерін іске асыру туралы идеяларды жариялау, жүзеге асыру.	«Елім үшін қызмет» стартап жобаларын ұсыну, іске асыру.
D	Бағалау және рефлексия (Evaluating)	Өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалау	Ел үшін атқарылатын істерге өзіндік талдау жасау, рефлексия жазу,

1. Зерттеушілік қабілеттері дамиды

Көркем мәтінді сахналық тілде жеткізе білуге машықтанады жіктей алады, жинақтай алады, сыни тұрғыдан ассоциограммасын жасай алады.

2. Құзыреттіліктері қалыптасады

Абай шығармаларын тарихи-мәдени контексте зерттейді Кейіпкер мінезін, көркем бейнені талдап, өз ой қорытындыларын жасайды Өзінің және өзгелердің шығармашылық жұмысын сыни тұрғыда бағалайды

3. Коммуникативтік дағдылары дамиды

Имидж қалыптастырады, мемлекеттік тілде сөйлей алуы

Топ ішінде жұмыс істеу, диалог, монолог жаза алады

Аудиториямен байланыс орнатып, ауызша тіл ұстартады.

4. Рефлексия жасауға дағдыланады

Өз мотивациясын талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін айқындай алады өзін-өзі дамыту жолдарын ұсынады

Жеткен нәтижесін жеке мақсаттарымен байланыстырып түсінеді

5. Рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгереді

Елге қызмет етуге өздерін дайындау.

6. Өзін-өзі көрсете алады және сенімділік артады

10–11-сыныптарға арналған
«Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары» таңдау пәні бойынша
білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы. Ол Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Абай ұлттық мектебінің» тұжырымдамасына сәйкес әзірленіп, жаһандық білім беру үрдістерімен үйлестірілген. Бағдарлама ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйеніп, оқушылардың тарихи санасын, азаматтық жауапкершілігін және белсенді әлеуметтік ұстанымын дамытуға бағытталған.

«Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары» пәні — оқушыларды БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарымен таныстырып, оларды жергілікті және жаһандық контексте талдауға, осы мақсаттарға жетуге бағытталған әлеуметтік, экономикалық және экологиялық бастамаларды түсінуге және жобалауға үйретеді. Пән оқушылардың экологиялық сауаттылығын, әлеуметтік жауапкершілігін, зерттеу мен жобалау дағдыларын және азаматтық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Курстың мақсаты:

Оқушыларды Қазақстанның ұлттық даму басымдықтары мен БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының мазмұнымен таныстыру, олардың өз қауымдастығында, елде және әлемде жаһандық мәселелерді шешуге қатысуына ықпал ететін білім, дағды және құндылықтар қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Тұрақты даму тұжырымдамасын, оның тарихи қалыптасуы мен жаһандық маңызын түсіндіру;
2. Қазақстандағы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді ТДМ аясында саралау;
3. Жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған жобалар әзірлеуге үйрету;
4. Құндылыққа негізделген көзқарас қалыптастырып, әлеуметтік жауапкершілік пен белсенді азаматтық ұстанымды дамыту;
5. Пәнаралық және зерттеу, аналитикалық, цифрлық, презентациялық дағдыларды жетілдіру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:
10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, зерттеушілік, жобалық, инклюзивті және рефлексивті тәсілдерге негізделіп, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып мазмұны:

1) Тұрақты даму ұғымы.

Тұрақты даму тарихы және жаһандық маңызы

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (17 мақсат)

Қазақстандағы тұрақты даму стратегиялары

2) Экологиялық тұрақтылық

Климаттың өзгеруі және экожүйелер

Қалдықтарды басқару және қайта өңдеу

Қазақстанның экологиялық саясаты

1. Әлеуметтік әділеттілік

Сапалы білім және гендерлік теңдік

Кедейлікпен күрес, еңбек құқығы және инклюзия

Қазақстандағы әлеуметтік бағдарламалар

2. Экономикалық тұрақтылық

Жасыл экономика және энергия тиімділігі

Жаңа индустриялар мен кәсіпкерлік

Жергілікті даму мен мемлекеттік қолдау

3. Талдау және жобалау

Дереккөздермен жұмыс істеу

Талдау, картографиялық және визуал құралдарды пайдалану

Шағын жоба жасау (экологиялық, әлеуметтік не экономикалық бағытта)

11-сынып мазмұны:

1. Қазақстандағы ТДМ-ның жүзеге асуы

Мемлекеттік стратегиялар (2050, «Жасыл Қазақстан»)

ТДМ көрсеткіштері және талдау

2. Азаматтық белсенділік

Волонтерлік және әлеуметтік бастамалар

Жергілікті қауымдастықтарда өзгеріс жасау

Қоғаммен байланыс құралдары (PR, әлеуметтік желі)

3. Тұрақты қалалар және инфрақұрылым

Қалалар мен ауылдардағы ТДМ жобалары

Қолжетімді көлік, энергия, су ресурстары

4. Бейбітшілік және серіктестік

Халықаралық ынтымақтастық

Жастардың рөлі мен көшбасшылық дағдылары

Жаһандық проблемаларды шешуге қатысу

5. Жобалық жұмыс

Зерттеу жүргізу, статистика мен визуализация

Қоғамдық маңызы бар жоба жасау және қорғау

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Қоғамдық маңызы бар идеялар ұсыну, топта жұмыс істеу	Белсенді азаматтық ұстаным, жауапкершілік	Коммуникация, шешім қабылдау, тайм-менеджмент
Ғылым	Зерттеу, деректермен жұмыс, сұхбат алу, инфографика құру	Сын тұрғысынан ойлау	Аналитикалық, пәнаралық байланыс, ақпараттық сауаттылық
Шығармашылық	Экологиялық/әлеуметтік жобалар жасау, презентация әзірлеу	Эмпатия, бірегейлік, елге пайда келтіруге ұмтылыс	Цифрлық құралдарды пайдалану, жобалық жұмыс

**10–11-сыныптарға арналған
«Информатика және бағдарламалау» таңдау пәні бойынша
білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель.

Бағдарлама Абай дүниетанымын, оның білім мен еңбектің мәнін түсіну идеясын заманауи технологиялық қоғам талаптарымен ұштастыра отырып, оқушыларды цифрлық әлемде жауапкершілікпен әрекет етуге, креативті және логикалық тұрғыдан ойлауға баулиды.

«Информатика және бағдарламалау» курсы оқушылардың алгоритмдік ойлау қабілеттерін, ақпараттық сауаттылығын, цифрлық мәдениетін, бағдарламалау негіздерін және инженерлік-креативті дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарлама ақпараттық технологиялар саласына бейімділікті қалыптастырып, IT және инженерлік бағыттар бойынша кәсіби бағдар береді.

Мақсаты: Оқушылардың цифрлық сауаттылығын, алгоритмдік және сыни ойлау қабілетін қалыптастыру, программалау негіздері мен технологиялық шешімдерді жобалау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Алгоритм, деректер құрылымы, бағдарламалау тілдерінің негіздері туралы білім беру;
2. Қарапайым және күрделі есептерді шешу үшін бағдарламалық код жазу машықтарын қалыптастыру;
3. Қолданбалы IT-жобалар дайындау арқылы шығармашылық және кәсіпкерлік қабілетті дамыту;
4. Цифрлық этика, киберқауіпсіздік және деректермен жауапты жұмыс істеу мәдениетін сіңіру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2. Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, зерттеушілік, жобалық, инклюзивті және рефлексивті тәсілдерге негізделіп, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып мазмұны:

1. Ақпарат және оның қасиеттері
 - Ақпаратты өлшеу және кодтау
 - Ақпаратты өңдеу және сақтау
2. Алгоритмдік негіздер
 - Алгоритм типтері: сызықтық, тармақталған, циклдік
- Блок-схема және псевдокод жазу
3. Бағдарламалау негіздері (Python тілінде)
 - Айнымалылар және деректер типі
 - Есептерді шартпен шешу (if-else)
 - Циклдер (for, while)
 - Функциялар және модульдер
4. Деректер құрылымы
 - Кортеждер, тізімдер, жиымдар
 - Жолдармен жұмыс
5. Графикалық программалау
 - Turtle графикасы (немесе Pygame-ге кіріспе)
 - Графикалық интерфейстегі қарапайым жобалар
6. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері
 - Құпиялық, деректерді қорғау, интернет қауіптері
 - Цифрлық із және этика
7. Жобалық жұмыс
 - Программалық өнімді жоспарлау
 - Қолданбалы жоба дайындау
- 11-сынып мазмұны:
 1. Бағдарламалау тілдерін тереңдету
 - Құрылымдық және объектілік бағдарланған бағдарламалау
 - Сыныптар мен объектілер
 2. Деректер базасы және SQL негіздері
 - Мәліметтер құрылымы
 - SQL сұраныстары
 3. Веб-бағдарламалау негіздері
 - HTML, CSS, JavaScript-ке кіріспе
 - Қарапайым веб-бет жасау
 4. Ақпараттық жүйелер мен жобалау
 - Жүйелік дизайн негіздері
 - UX/UI жобалау ұстанымдары
 5. Жасанды интеллект пен автоматтандыруға кіріспе
 - Нейрондық желілер мен машиналық оқыту ұғымына шолу
 - Простейші модельдер мен жобалар
 6. Тәжірибелік жоба
 - Өздік жобаны әзірлеу және қорғау

3-параграф. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
------------------	--------------------	---------------	------------

Көшбасшылық	Ақпараттық жоба топпен орындау, IT- ұсынысты таныстыру	Жауапкершілік, мақсатқа жету ұмтылысы	Командалық жұмыс, презентациялық дағдылар
Ғылым	Бағдарламалық құрал жасау, алгоритмді дәлелдеу	Ғылыми ізденіс, логикалық пайым	Зерттеу жүргізу, дерекпен жұмыс
Шығармашылық	Веб немесе ойын жобасын жасау, UI/UX жобалау	IT-креативтілік, дербес шешім қабылдау	Инновациялық ойлау, цифрлық өнім құру

10-11-сыныптарға арналған «Физика» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама тереңдетілген деңгейде «физика» пәні арқылы білім алушыларды оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың мақсаттары, мазмұны, жалпы стратегиясы туралы түсінік береді. Орта жалпы білім беру деңгейінде физика курсы менгерудің жоспарланған нәтижелерін анықтайды (тұлғалық, метапәндік, пәндік (тереңдетілген деңгейде)).

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама мақсаты: «Физика» оқу пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру, физика курсы мен оқу кәсіптік бағдар беру міндеттерін жүзеге асырып ғана қоймай әрбір білім алушының интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін көрсетуге жағдай жасап, өзіндік пікірін ғылыми жағынан талдау жасай отырып дәлелдей алатын, ұлтжанды, көшбасшы болатын «толық адам» тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Жалпы физикалық заңдылықтар, заңдар, теориялар туралы білім жүйесін меңгеру, табиғаттағы физикалық құбылыстарды түсіндіру және күнделікті өмірде практикалық шешімдер қабылдау үшін теориялық білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру

2) Инженерлік сипаттағы есептерге сәйкес келетін физикалық модельді өз бетінше құруды көздейтін есептерді меңгеру

3) Зерттеу дағдыларын дамыту (ақпаратты өз бетінше жинауға, өңдеуге және талдауға машықтандыру);

4) Қазіргі әлеуметтік-мәдени контекстпен байланыс яғни, бүгінгі жедел қарқынмен дамып отырған қоғамда өмір сүруге бейімдеу (қазіргі тақырыптарды: экология, урбанизация, технология, гендерлік мәселелер және т.б. оқу арқылы физиканың жаһанданған әлемдегі өзектілігі; физиканы әртүрлі салаларда: ғылым, бизнес, мәдениетте қолдану дағдыларын дамыту);

5) Жобалық іс-әрекеттер арқылы ғылыми-шығармашылық дағдыларын қалыптастыру (модельдер жасап қорғау мен ғылыми жобалар жазу арқылы көпшілік алдында сөйлеу және өз зерттеулерін көрсету дағдыларын дамыту);

б) Академиялық жазу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту (халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын білімді, жаңаша ойлайтын, қабілеті мол азаматтар қалыптастыру

Бағдарламаның мазмұны:

Бағдарлама білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу пәнін ұйымдастыру

1.«Физика» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Бағдарламасының мазмұны психологиялық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған:

1) Негізгі физикалық ұғымдарды, заңдылықтарды, заңдарды және теорияларды білу. Физикалық терминология мен белгілерді сенімді қолдану;

2) Физикада қолданылатын ғылыми танымның негізгі әдістерін меңгеру: бақылау, байқау, сипаттау, өлшеу, эксперимент. Өлшеу нәтижелерін өңдеу, физикалық шамалар арасындағы байланысты анықтау, алынған нәтижелерді түсіндіру және қорытынды жасау;

3) Физикалық есептерді шеше білу. Нақты берілген физикалық есептер мен тапсырмалардың шарттарына байланысты орындау алгоритімін ретімен қолдану және дұрыс нақты нәтиже шығару;

4) Табиғатта физикалық құбылыстардың болатын жағдайларын түсіндіру және күнделікті өмірде практикалық шешімдер қабылдау үшін алған білімдерін қолдана білу;

Табиғатта физикалық құбылыстардың болатын жағдайларын түсіндіру және күнделікті өмірде практикалық шешімдер қабылдау үшін алған білімдерін қолдана білу;

5) Техникалық құрылғылар мен технологиялық процестердің физикалық негіздері мен жұмыс істеу принциптерін, олардың қоршаған ортаға әсерін түсіну;

6) Физика пәнін ғылыми-зерттеу, жобалық есептерді шешу әдістерін өз бетінше талдау және нәтижесін алу;

7) Smart, STEM және виртуальді зертханалық жұмыстарды орындай білуді, 3D форматта кесіндеп бейнелей алу арқылы физикалық құбылыстарды талдай алу.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

Әр бөлімде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

- 1) механика;
- 2) жылу физикасы;
- 3) электр және магнетизм;
- 4) оптика;
- 5) кванттық физика элементтері;
- 6) астрономия негіздері.

7. Физика пәнінің (тереңдетілген) мазмұны:

10- сынып Көшбасшылық Ғылым Шығармашылық

11- сынып Көшбасшылық Ғылым Шығармашылық

10 сынып	11 сынып
Нормативтік-оқыту	
Коммуникативтік дағдылар: Физика сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда қарым-қатынасты жүзеге асыру, тілдік құралды пайдалана отырып өз көзқарасын жан –жақты және логикалық түрле жеткізу	Жаңа жообаларды ұсыну, идеяларды жаңашылдық , өзіндік ерекшелігін ұсыну, практикалық маңыздылық тұрғыдан бағалау
Ақпаратпен жұмыс: Әртүрлі дереккөзігнен физикалық мазмұндағы ақпаратты алу, әртүрлі типтегі ақпаратты іздеуді, талдауды, жүйелеуді, интеграциялауды жүзеге асыру,	Бейнелеу мен визуализацияның оңтайлы түрін таңдай отырып, іртүрлі типтегі физикалық мазмұнды мәтінді құрастыра алу

Негізгі зерттеу әрекеттері : физика саласындағы оқу -зерттеу және жобалық жобалық әс-әрекет дағдыларын физикалық мазмұндағы есептерді шешу әдістерін өз бетінше іздеу қабілеті мен дайындығын меңгеру, танымның әртүрлі әдістерін қолдану.	Мәселені шешу барысында алынған нәтижелерді талдау, олардың сенімділігін сыни тұрғыдан бағалау
Өзін-өзі бағалау, эмоционалды интеллект: Ішкі мотивация және соның ішінде мақсатқа жетуге және табысқа жетуге ұмтылу, басқа адамдармен қарым-қатынас орнату, қызығушылық таныту	Эмпатия, соның ішінде басқалардың эмоцияналдық жағдайын түсіну, қарым-қатынас жасау кезінде ескеру, өзін-өзі реттеу

8. Пәннің негізгі бағыттары

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Ұлттық және жаһандық құзыреттілік	Физиканың адам қызметінің экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, экологиялық, этикалық салаларындағы ролін, әлемнің қазіргі ғылыми көрінісіндегі физиканың ролі мен орнын, физикалық теорияның сипаттаушы, жүйелеуші, түсіндіруші және болжамды қызметінің маңызын түсіну, дүниенің физикалық бейнесі туралы түсініктерді қалыптастырудағы теорияның ролі	Физика пәнін меңгеру білім алушылардың жеке тұлғаның қалыптасқан ішкі ұстанымын, құндылық бағдарлы жүйесін, позитивті ішкі ұстанымдарын басшылыққа алуға дайындығы мен қабілетін көрсетуі керек.	Мәселені өз бетінше тұжырымдау және өзектендіру, жан-жақты қарастыру, қарастырылып отырған физикалық құбылыстардағы заңдылықтар мен қайшылықтарды анықтау. Өмірлік мәселерлерді шешуде шығармашылық ойлауды дамыту
Тілдік құзыреттілік	коммуникативті жағдаятта туындайтын қиындықтардың негізгі себептерін түсіну және оларды түсіндіре білу; өз және өзгелердің сөзін дәл, орынды және әсерлі сөз қолдану тұрғысынан бағалау;	Физика ғылымының қазіргі даму деңгейіне сәйкес дүниетанымының қалыптасуы Ғылыми қызметтің құндылығын түсіну Физиканы оқыту үдерісінде жобалық және зерттеушілік іс-	Физика ғылымының ғылыми терминологиясы, негізгі ұғымдары мен әдістерін меңгеру, танымның әртүрлі әдістерін қолдану. Физика саласындағы оқу зерттеу және жобалық іс-әрекет

	тілдің әртүрлі әсерлі құралдарын тану	әрекеттерді жеке және топпен жүзеге асыруға дайындығы	дағдыларын, физикалық есептер шешу әдістерін өз бетінше іздеу қабілеті мен дайындығын меңгеру, жаңа білім алу, оны түрлендіру, түсіндіру және эәртүрлі оқу жағдайларында, соның ішінде физика саласында оқу жобаларын жасауда қолдану бойынша іс-әрекет түрлерін меңгеру Физикада алған білімдерін өмірдің практикалық саласына аудару білу әр
Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі	Физиканың әртүрлі бөлімдерінен алған білім, білік, дағды және дағдыларды күнделікті өмірде қолдануды, сондай ақ жаратылыстану ғылыми циклдің басқа пәндерінен алған білімдерін біріктіруді талап ететін сапалық есептерді шешу, зерделенген заңдылықтарға, заңдылықтарға және физикалық құбылыстарға сүйене отырып пайымдаулардың тізбесін құру	Мәселені өзектендіру, оны жан-жақты қарастыру, қолда бар материалдық және материалдық емес ресурстарды талдауды ескере отырып мәселені шешудің жоспарын әзірлеу Жаңа жобаларды ұсыну, идеяларды жаңашылдық, Өзіндік ерекшелік, практикалық маңыздылық тұрғысынан бағалау	Физика саласындағы эрудицияның қалыптасуы мен көрінуіне ықпал ету, өзінің білімдік және мәдени деңгейін ұдайы арттыру Саналы таңдау жасау, оны дәлелдеу, шешім қабылдау жауапкершілігін өз мойнына алу, Жағдайды бағалау, дұрыс шешім қабылдау үшін рефлексия әдістерін қолдану Ішкі мотивация, оның ішінде мақсатқа жетуге және табысқа жетуге ұмтылу Оптимизм, бастамшылдық, өз мүмкіндіктеріне қарай әрекет ету

			Жобалық қызмет тәжірибесін алу Адамдармен қарым- қатынасты коммуникативті тиімді жүзеге асыру, қамқорлық жасау, жанжалдарды шешу қабілеттерін қамтитын әлеуметтік дағдыларға ие болу
Базалық құндылықтар	1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық		

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

9. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

Бөлімшелер	10-сынып	11-сынып
1.1 Кинематика	10.1.1.1 - қазіргі заманғы физиканың рөлі туралы пікірін айту және өз пікірін дәлелдеу	
	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу	
	10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау	
	10.1.1.4 - физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескере отырып, эксперименттік зерттеудің соңғы нәтижесін жазу	
	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару	

	10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану	
	10.1.1.7- инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату	
	10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану	
	10.1.1.9 - қисықсыздықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау	
	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау	
1.2 Динамика	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	
	10.1.2.2 - инертті масса мен гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру	
	10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру	
	10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану	
	10.1.2.6 - есептерді шешу кезінде айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін оның әртүрлі формаларында қолдану	
	10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу	
1.3 Статика	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау	
	10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату	

	10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау	
1.4. Сақталу заңдары	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	
1.5. Сұйықтар мен газдардың механикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	
	10.1.5.2 - үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.3 - Торричелли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.4 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	
2.1 Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау	
	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау	
	10.2.1.3- молекулалық кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
2.2 Газ заңдары	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу (Бойль-Мариотт заңы)	
	10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы)	
	10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы)	
	10.2.2.5 - газ заңдарын сандық және графикалық есептер шығаруда қолдану	
2.3 Термодинамика негіздері	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану	

	10.2.3.2 - термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге және адиабаталық процеске қолдану	
	10.2.3.3 - идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау	
	10.2.3.4 - жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолдану	
2.4 Сұйық және қатты денелер	10.2.4.1 - гигрометрдің және психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау	
	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау	
	10.2.4.3 - әртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты денелердің құрылымын ажырату	
	10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	
3.1 Электростатика	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.2 - суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдалану	
	10.3.1.3 - зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның электр өрісінің кернеулігін анықтау	
	10.3.1.4 - нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептеу	
	10.3.1.5 - электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.6 - гравитациялық және электростатикалық өрістерде күшті және энергетикалық сипаттамаларды салыстыру	
	10.3.1.7 - диэлектриктердегі поляризация құбылысы мен өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылысына салыстырмалы талдау жасау	
	10.3.1.8 - конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін зерттеу	

	10.3.1.9 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда	
	10.3.1.10 - электр өрісінің энергиясын есептеу;	
3.2 Тұрақты ток	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	
	10.3.2.3 - электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу	
	10.3.2.4 - толық тізбек үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.5 - эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау	
	10.3.2.6 - электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолдану	
3.3 Әртүрлі ортадағы электр тогы	10.3.3.1 - металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температураға тәуелділігін талдау	
	10.3.3.2 - жоғары температурада асқын өткізгішті материалдарды алудың келешегін талқылау	
	10.3.3.3-жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіру	
	10.3.3.4-шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу	
	10.3.3.5 - электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.3.6 - газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттау	
3.4 Магнит өрісі	10.3.4.1 - магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері мен есептер шығару арқылы түсіндіру	

	10.3.4.2 - электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру	
	10.3.4.3 - токомак, циклотрон, андронды коллайдер, магниттік тордың жұмыс істеу принципін талдау және поляр шұғыласының табиғатын түсіндіру	
	10.3.4.4 - зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттеу	
	10.3.4.5 - заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастыру және олардың қолдану аймағын анықтау	
	10.3.4.6 - магниттік материалдарды (неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл іздегіш) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	
3.5 Электромагниттік индукция	10.3.5.1 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін зерттеу	
	10.3.5.2 - электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.5.3 - механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізу	
	10.3.5.4 - қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттеу және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіру	
4.1 Механикалық тербелістер		11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) зерттеу
4.2 Электромагниттік тербелістер		11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау
		11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру

		11.4.2.3 - компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттеу
4.3 Айнымалы ток		11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
		11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
		11.4.3.3 - синусоидалы айнымалы ток немесе кернеуді гармоникалық функция түрінде көрсете алу
		11.4.3.4 - айнымалы ток тізбегінде тек активті жүктеме кезінде(резистор) фаза ығысуын сипаттау
		11.4.3.5 - айнымалы ток тізбегінде реактивті жүктемелер кезінде (катушка, конденсатор) фаза ығысуын сипаттау
		11.4.3.6 - R, L, C -дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептеу
		11.4.3.7 - айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру
		11.4.3.8 - векторлық диаграмма салу арқылы қуат коэффициентін анықтау
		11.4.3.9 - резонанс шартын түсіндіру және

		оның қолданылуына мысал келтіру;
		11.4.3.10 - резонанстық жиілікті есептеу
		11.4.3.11 - трансформатордың жұмыс істеу принципін талдау
		11.4.3.12 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
		11.4.3.14 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
5.1 Толқындық қозғалыс		11.5.1.1 - ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттеу
		11.5.1.2 - графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтау және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіру
		11.5.1.3 - судың бетінде екі көзде пайда болған интерференцияны зерттеу
5.2 Электромагниттік толқындар		11.5.2.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
		11.5.2.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттау
		11.5.2.3 - амплитудалық және жиіліктік модуляцияны ажырату
		11.5.2.4 - детекторлы радиоқабылдағыштың

		жұмыс істеу принципін түсіндіру
		11.5.2.5 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
		11.5.2.6 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
6.1 Толқындық оптика		11.6.1.1 жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
		11.6.1.2 - призма арқылы өткен кездегі ақ жарықтың жіктелуін түсіндіру
		11.6.1.3 - механикалық және жарық толқындарының интерференциялық көріністеріне салыстырмалы талдау жүргізу
		11.6.1.4 - жұқа пленкаға түскен және шағылған жарықтардан пайда болған интерференциялық максимумдар мен минимумдарды бақылау шарттарын анықтау
		11.6.1.5 - Френель теориясын қолданып, қылдан, саңылаулардан, дөңгелек саңылаудан пайда болған дифракциялық көріністерді түсіндіру
		11.6.1.7 - жарықтың интерференция, дифракция және поляризация құбылысын талдай отырып,

		эксперимент арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын дәлелдеу
6.2 Геометриялық оптика		11.6.2.1 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың шағылу заңын түсіндіру
		11.6.2.2 - сфералық айнадағы сәуленің жолын салу және сфералық айнаның формуласын есептер шығаруда қолдану
		11.6.2.3 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың сыну заңын түсіндіру
		11.6.2.4 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоалшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
		11.6.2.5 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау және экспериментті жақсартудың жолдарын ұсыну
		11.6.2.6 - линзалар жүйесінде сәулелердің жолын салу;
		11.6.2.7 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
7.1 Салыстырмалы теорияның элементтері		11.7.1.1 - Галилейдің салыстырмалы принципі мен Эйнштейннің салыстырмалы принципін сәйкестендіру
		11.7.1.2 - Эйнштейн постулаттары мен Лоренц түрлендірулерін есептер шығаруда қолдана

		отырып, релятивистік эффектін түсіндіру
		11.7.1.3 - зарядталған бөлшектердің үдеткіштерінің жұмыс істеу принципін, оларда орын алатын релятивистік эффектін ескере отырып түсіндіру
8.1 Атомдық және кванттық физика		11.8.1.1 - сәулеленудің көздері мен түрлерін топтастыру
		11.8.1.2 - электромагниттік сәулелену, олардың табиғатта пайда болуы мен затпен өзара әрекеттесуін ажырату
		11.8.1.3 - Стефан-Больцман, Винн заңдарын және Планк формуласын ультракүлгін апаттын негіздеу және абсолют қара дененің жылулық сәулеленуін сипаттау үшін қолдану
		11.8.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
		11.8.1.5 - фотоэффектінің заңдары мен Эйнштейн теңдеуін есеп шығаруда қолдану
		11.8.1.6 - жарықтың кванттық теориясы негізінде жарық қысымының табиғатын түсіндіру
		11.8.1.7 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
		11.8.1.8 - компьютерлік және магниттік-

		резонанстық томографияны салыстыру
		11.8.1.9 - электромагнитік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатынын дәлелдейтін мысалдар келтіру
		11.8.1.10 - атомның планетарлық моделін альфа бөлшектің ыдырауы бойынша Резерфорд тәжірибесіне сүйене отырып негіздеу
		11.8.1.11 - бор постулаттарына сүйеніп атомның орнықты күйінің шартын түсіндіру
		11.8.1.12 - сутегі атомының энергетикалық құрылымына сүйене отырып, сызықтық спектрдің табиғатын түсіндіру
		11.8.1.13 - лазер құрылғысын және әсер ету принципін түсіндіру
		11.8.1.14 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
		11.8.1.15 - элементар бөлшектердің толқындық табиғатының пайда болуы мен практикада қолданылуына мысалдар келтіру
		11.8.1.16 - де Бройль толқын ұзындығының формуласын есептер шығаруда қолдану
8.2 Атом ядросының физикасы		11.8.2.1 - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру

		11.8.2.2 - радиоактивті ыдыраудың формуласын есептер шығаруда қолдану
		11.8.2.3 - атомдық ядроның байланыс энергиясын есептеу және меншікті байланыс энергиясының ядроның массалық санына тәуелділігін түсіндіру
		11.8.2.4 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын қолдану
		11.8.2.5 - ядролық синтездің және табиғи радиоактивтіліктің табиғатын түсіну
		11.8.2.6 - магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалыс сипатын түсіндіру
		11.8.2.7 - α , β және γ сәулелерінің табиғатын, қасиеттерін және биологиялық әсерін түсіндіру
		11.8.2.8 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау
		11.8.2.9 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
9.1 Нанотехнология және наноматериалдар		11.9.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын түсіндіру
		11.9.2.2 - нанотехнологияның қолданылуын талқылау
10.1 Космология		11.10.1.1 - жұлдыздардың басты спектрлік класын сипаттау

		11.10.1.2 - көрінерлік жұлдыздық шама және абсолют жұлдыздық шама ұғымдарын ажырату
		11.10.1.3 - көрінерлік және абсолют жұлдыздық шаманы анықтау үшін формулаларды қолдану
		11.10.1.4 - Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану
		11.10.1.5 - кара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау
		11.10.1.6 - ара қашықтықты анықтау үшін, «қарапайым май шамдар» әдісін пайдалануды сипаттау
		11.10.1.7 - Әлемнің жеделдеуі мен кара энергия туралы пікірталасты талқылау
		11.10.1.8 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу
		11.10.1.9 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру

10. Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

11. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі. (38-аптаға байланысты (тереңдетілген деңгей үшін) кіріктірілген тақырыптарды I және II жарты жылдықтың кейін өткізуге ұсыныс беріледі. Бұл жерде республикалық, халықаралық физикалық олимпиадалардың талабына сәйкес экспериментальдық тапсырмалар және ғылыми-зерттеу жоба жұмыс

тақырыптары енгізілді. Осындай тапсырмаларды орындау кез-келген оқушы үшін өзінің физикадан алған білімін бағалауға мүмкіндік береді).

12. Осы оқу бағдарламасы «Абай ұлттық мектебінің» 10-11 сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

4-параграф. 10-11 сыныптарға арналған «Физика» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

13. Бөлім тақырыбы атауы барлық сыныптар бойынша тұрақты түрде қайталанады. бөлім тақырыптары атауларын шиыршық әдісі бойынша бөлімшелерге бөлуде оқулық авторының еркіне сәйкес сыныптың өсуіне қарай күрделеніп, түрлендіріліп беріледі.

10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Кинематика	Қазіргі заманғы физиканың рөлі	10.1.1.1 -қазіргі заманғы физиканың рөлі туралы пікір айту және өз пікірін дәлелдеу, қазіргі заманғы физиканың түрлі салаларындағы жетістіктерін зерттеу арқылы ғылыми ақпаратты іздеу, талдау, сұрыптау және өз ой-пікірін дәлелдей отырып ұсыну;
	Физикалық шамалардың қателіктері. Өлшеулер нәтижесін өңдеу. № 1 Зертханалық жұмыс "Көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау"	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу; 10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау; 10.1.1.4 - физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескере отырып, тәжірибелік зерттеудің соңғы нәтижесін жазу
	Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері мен ұғымдары	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару; 10.1.1.6 - сандық және графигтік есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану, Қозғалыс моделін құру (мысалы, арбашаның көлбеу жазықтықтағы қозғалысы);мәліметтер жинау (уақыт пен арақашықтық өлшеу)жылдамдық пен үдеуді

		есептеу, қозғалыстың графигін тұрғызу (s-t, v-t, a-t), тәжірибе мен теориялық модель арасындағы сәйкестікті талдау.
	Инвариантты және салыстырмалы физикалық шамалар. Галилейдің салыстырмалылық принципі	10.1.1.7 - инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату; 10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану,
	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау; видеоанализ немесе компьютерлік модельдеу (Tracker, PhET) арқылы дерек жинау; алынған мәліметтерді график, кесте түрінде өңдеу және қорытынды жасау.
	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы.	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау; эксперименттік немесе сандық модельдеу нәтижелерін графиктік түрде талдау және ғылыми негізделген қорытынды жасау дағдыларын дамыту.
Динамика	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру, қозғалыстың заңдылықтарын бақылау және ғылыми қорытынды жасау
	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы	10.1.2.2 - инертті масса мен гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру; 10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру; 10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану, аспан денелері мен Жердегі денелер арасындағы тартылыс күшінің әрекетін модельдеу

	Абсолют қатты дененің инерция моменті	10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану,
	Импульс моменті. Импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі	10.1.2.6 - есептерді шешу кезінде айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін оның әртүрлі формаларында қолдану; 10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу, Импульс моментінің спорт, техника және астрономиядағы (планеталардың айналуы) қолданысын талдау.
Статика	Массалар центрі.	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау
	Тепе-теңдік түрлері.	10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату, Тепе-теңдік шартын графикалық түрде түсіндіру
	№ 2 Зертханалық жұмыс "Бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу"	10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау
Сақталу заңдары	Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары және олардың кеңістік пен уақыттың қасиеттерімен байланысы.	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану, арбашалармен немесе басқа қозғалмалы денелермен серпімді және серпімсіз соқтығысуларды зерттеу; денелердің соқтығысудан бұрынғы және кейінгі жылдамдықтарын өлшеу (мысалы, трек пен таймер немесе видеоанализ арқылы);
Сұйықтар мен газдардың механикасы	Гидродинамика. Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстары	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау, Сұйықтықтың мөлдір құбырдағы қозғалысын бақылау (мысалы, боялған су арқылы); Ламинарлық және турбуленттік ағысты визуалды түрде салыстыру;

	Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Көтергіш күш	10.1.5.2 - үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану
	Тұтқыр сұйықтың қозғалысы. Стокс формуласы. Денелерді капталдай ағу	10.1.5.3 - Торричелли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану
	№ 3 Зертханалық жұмыс «Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу»	10.1.5.4 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
Молекулалық-кинетикалық теория негіздері	Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері. Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер. Тепе-теңдік және тепе-теңдік емес күйдегі термодинамикалық жүйе. Температура - зат бөлшектерінің жылулық қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі ретінде	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау
	Идеал газ. Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау; 10.2.1.3 - молекулалық кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану, тәжірибе немесе модельдеу арқылы зерттеу арқылы газ қысымының молекулалардың жылдамдығына және тығыздығына тәуелділігін түсіну, формула арқылы теориялық және тәжірибелік нәтижелерді салыстыру және қорытынды жасау
Газ заңдары	Идеал газ күйінің теңдеуі	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану; цифрлық модельдеу арқылы зерттеу, алынған деректерді талдау және заңдылықтарды график түрінде

		көрсету арқылы ғылыми тұжырым жасау
	Изопроцестер. Изопроцестер графиктері. Дальтон заңы	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу (Бойль-Мариотт заңы); 10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы); 10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы); 10.2.2.5 - газ заңдарын сандық және графиктік есептер шығаруда қолдану
Термодинамика негіздері	Идеал газдың ішкі энергиясы. Термодинамикалық жұмыс. Жылу мөлшері, жылу сыйымдылық	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану
	Термодинамиканың бірінші заңы. Термодинамиканың бірінші заңын изопрцестерге қолдану. Адиабаталық процесс, Пуассон теңдеуі	10.2.3.2 - термодинамиканың бірінші заңын изопрцестерге және адиабаталық процеске қолдану
	Қайтымды және қайтымсыз процестер. Энтропия. Термодинамиканың екінші заңы. Айналмалы процесс және оның пайдалы әсер коэффициенті, Карно циклі	10.2.3.3 - идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау; 10.2.3.4 жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолдану
Сұйық және қатты денелер	Қаныққан және қанықпаған бу. Ауаның ылғалдылығы. Фазалық диаграммалар. Үштік нүкте. Заттың кризистік күйі	10.2.4.1 - гигрометрдің және психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау
	Сұйықтың беткі қабатының қасиеттері. Жұғу, қылтүтіктік құбылыстар	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау
	Кристалл және аморф денелер. Қатты денелердің механикалық қасиеттері	10.2.4.3 - әртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты денелердің құрылымын ажырату; 10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау

(І-жарты жыл) Оқушымен семинар сабақтар-эксперименттік есептер шығару	№1. Қарындаштың стол бетімен сырғанағандағы үйкеліс коэффициентін анықтаңыздар	-Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№2 Жүктің максимал массасын көтеретіндей етіп парақ қағаздан көпірдің моделін жасау	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№3 Су шығынының тесіктердің диаметріне тәуелділігін зерттеу	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№4 Сұйықтың ағып шығу жылдамдығы сұйықтың деңгейінің биіктігіне тәуелділігін зерттеу	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
3-тоқсан		
Электростатика	Электр заряды. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану, Кулон заңының күнделікті өмір мен технологиядағы рөлін талдау.
	Электр өрісі. Біртекті және біртекті емес электр өрісі. Электр өрісінің кернеулігі. Электр өрісінің суперпозиция принципі	10.3.1.2 - суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдалану
	Электр өрісінің кернеулік векторының ағыны.	10.3.1.3-зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның электр өрісінің кернеулігін анықтау, электр зарядтарымен және бет ауданына қатысты бағытымен байланысын модельдеу немесе сандық зерттеу арқылы зерделеу
	Зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы. Потенциал. Электр өрісінің потенциалдар айырымы	10.3.1.4 - нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептеу
	Эквипотенциал беттер. Біртекті электр өрісі үшін кернеулік пен потенциалдар айырымы арасындағы байланыс	10.3.1.5 - электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану; 10.3.1.6 - гравитациялық және электростатикалық өрістерде күшті

		және энергетикалық сипаттамаларды салыстыру
	Электр өрісіндегі өткізгіштер мен диэлектриктер	10.3.1.7 - диэлектриктердегі поляризация құбылысы мен өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылысына салыстырмалы талдау жасау, Өткізгіштер мен диэлектриктердің электр өрісіндегі зарядтардың таралуын модельдеу. Материалдардың электр өткізгіштігі мен диэлектрлік тұтқырлығының айырмашылықтарын талдау; Нәтижелерді күнделікті өмірдегі мысалдармен (конденсаторлар, оқшаулағыш материалдар) байланыстыру.
	Электр сыйымдылығы. Конденсаторлар. Конденсаторларды жалғау	10.3.1.8 - конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін зерттеу; 10.3.1.9 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану
	Электр өрісінің энергиясы;	10.3.1.10 - электр өрісінің энергиясын есептеу
Тұрақты ток	Электр тогы. Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы. Өткізгіштерді аралас жалғау	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану, Электр энергиясын тұтыну мен есептеу әдістерін қарастыру
	№ 4 Зертханалық жұмыс "Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену"	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу
	Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі	10.3.2.3 - электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу
	Толық тізбек үшін Ом заңы;	10.3.2.4 - толық тізбек үшін Ом заңын қолдану
	№ 5 Зертханалық жұмыс "Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау" Электр тогының жұмысы мен қуаты. Джоуль – Ленц	10.3.2.5 - эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау 10.3.2.7 - электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы

	заңы. Ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті	әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолдану, Электр тогын үй тұрмысында қалай үнемдеу жолын ұсыну, талдау
Әртүрлі ортадағы электр тогы	Металдардағы электр тогы. Асқын өткізгіштік	10.3.3.1 - металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температураға тәуелділігін талдау; 10.3.3.2 – жоғары және төмен температурада асқын өткізгішті материалдарды алудың келешегін талқылау
	Жартылай өткізгіштердегі электр тогы. Жартылай өткізгішті құралдар	10.3.3.3 - жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіру, Жартылай өткізгіштің күнделікті өмірдегі қолданысын (күн панельдері, сенсорлар, процессорлар) талдау.
	№ 6 Зертханалық жұмыс "Шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасы"	10.3.3.4 - шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу
	Электролит ерітінділеріндегі және балқыламалардағы электр тогы. Электролиз заңы	10.3.3.5 - электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолдану
	Газдардағы электр тогы. Вакуумдегі электр тогы.	10.3.3.6 - газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттау; вакуумдағы ток тасымалдануын (электрондардың катодтан анодқа қозғалысы) модельдеу, электрондық шам принципін түсіну; Газдағы электр тогының пайда болуы үшін ионизация шарттарын зерттеу
4-тоқсан		
Магнит өрісі	Магнит өрісі. Тогы бар өткізгіштің өзара әрекеттесуі. Ампер тәжірибелері. Магнит индукция векторы. Дөңгелек және шексіз түзу тогы бар өткізгіштердің индукциясы. Бұрғы ережесі	10.3.4.1 - магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері мен есептер шығару арқылы түсіндіру; Магнит өрісінің техникадағы қолданысын (динамо, электрқозғалтқыш, магниттік жазба, МРТ) талдау.
	Ампер күші, сол қолы ережесі;	10.3.4.2 - электр өлшеуіш құралдардың, электр

		қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру;
	Лоренц күші. Магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалысы	10.3.4.3 - токомак, циклотрон, андронды коллайдер, магниттік тордың жұмыс істеу принципін талдау және поляр шұғыласының табиғатын түсіндіру; 10.3.4.4 - зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттеу;
	Заттың магниттік қасиеттері. Кюри температуры	10.3.4.5 - заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастыру және олардың қолдану аймағын анықтау; 10.3.4.6 - магниттік материалдарды(неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл іздегіш) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау, Әртүрлі заттардың (темір, мыс, алюминий, пластмасса т.б.) магнит өрісіндегі әрекетін бақылау;Заттарды магниттік қасиеттері бойынша салыстыру және жіктеу
Электромагниттік индукция	Ампер күшінің жұмысы. Магнит ағыны. Электромагниттік индукция құбылысы	10.3.5.1 - Электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін зерттеу
	Электромагниттік индукция заңы. Ленц ережесі. Өздік индукция. Индуктивтілік	10.3.5.2 - электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолдану
	Магнит өрісінің энергиясы	10.3.5.3 - механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізу
	Электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электр генераторы	10.3.5.4 - қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттеу және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіру
Қосымша кіріктірілген сабақтар тақырыбы: (зерттеу жоба жұмыстары)	«Физика және цирк» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – циркте қолданылуын көрсету

	«Футболдағы Физика» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – спортта қолданылуын көрсету
	«Көпір құрылысын зерттеу» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – көпірде қолданылуын көрсету
	«Лазерлік технологиялар және оларды пайдалану» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – өндірісте қолданылуын көрсету

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Механикалық тербелістер	Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері	11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) зерттеу, теңдеулеріндегі физикалық шамалардың байланыстарын анықтау және график арқылы практикалық тұрғыда (мм қағазға салу арқылы) зерделеу
Электромагниттік тербелістер	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық	11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру; 11.4.2.3 - компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттеу
Айнымалы ток	Айнымалы ток генераторы	11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу, компьютерлік модельдеу, ротор мен статор моделін ұсыну
	Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау, осы шамалардың туындыларының байланыстарын график арқылы зерттеу; 11.4.3.3 - синусоидалы айнымалы ток

		немесе кернеуді гармоникалық функция түрінде көрсете алу
	Айнымалы ток тізбегінде активті және реактивті кедергі	11.4.3.4 - айнымалы ток тізбегінде тек активті жүктеме кезінде(резистор) фаза ығысуын сипаттау; 11.4.3.5 - айнымалы ток тізбегінде реактивті жүктемелер кезінде (катушка, конденсатор) фаза ығысуын сипаттау, айырмашылықтарын ажырата алу
	Активті және реактивті кедергілерден тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегі үшін Ом заңы	11.4.3.6 - R, L, C -дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептеу, тригонометриялық заңдылықтар арқылы графиктерін зерттеу
	Айнымалы ток тізбегіндегі қуат	11.4.3.7 - айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру, вольтметр, амперметр және ваттметрді қолданып, әр қуат (активті, реактивті және толық қуат) түрінің байланыстарын зерттеу 11.4.3.8 - векторлық диаграмма салу арқылы қуат коэффициентін анықтау,
	Электр тізбегіндегі кернеу резонансы	11.4.3.9 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.10 - Резонанстық жиілікті есептеу, графиктерін зерделеу арқылы резонанс болудың шарттарын түсіну
	Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор	11.4.3.11 - қуат формуласының негізінде трансформатордың жұмыс істеу принципін талдау; 11.4.3.12 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру, тұрмыстағы электр энергиясын үнемдеу жолдарын зерделеу
	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.13 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау, атом электр станциясының артықшылығын зерттеу
2-тоқсан		
Толқындық қозғалыс	Серпімді механикалық толқындар. Бойлық және тұрғын толқындардың теңдеуі.	11.5.1.1 - ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттеу; 11.5.1.2 - графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтау

	№ 1 Зертханалық жұмыс «Ауадағы дыбыс жылдамдығын анықтау»	және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіру, физикалық шамалардың гармоникалық тербелістерінің заңдылықтарн зерттеу
	Механикалық толқындардың таралуы. Механикалық толқындардың интерференциясы және дифракциясы	11.5.1.3 – механикалық толқындардың интерференциясы мен дифракциясын мысалдармен түсіндіру, компьютерлік модельдеу арқылы зерделеу
Электромагниттік толқындар	Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы	11.5.2.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау, электромагниттік толқындар шкаласы арқылы жиілік пен периодтың өсу немесе кему ретімен орналасуын анықтау
	Радиобайланыс. Детекторлы радиоқабылдағыш	11.5.2.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттау; 11.5.2.3 - амплитудалық (АМ) және жиіліктік (FM) модуляцияны ажырату; 11.5.2.4 - детекторлы радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру, графиктерін компьютерлік модельдеу арқылы анықтап отырып ситаттау
	Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары	11.5.2.5 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
	Байланыс құралдары	11.5.2.6 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну, әртүрлі елдердегі байланыс құралдардың даму деңгейлерін зерттеу
Толқындық оптика	Жарықтың электромагниттік табиғаты. Жарықтың жылдамдығы	11.6.1.1 - жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру, білім беру порталдарындағы контенттерді қолдана отырып зерделеу
	Жарықтың дисперсиясы. Жарықтың интерференциясы	11.6.1.2 - призма арқылы өткен кездегі ақ жарықтың жіктелуін түсіндіру; 11.6.1.3 - механикалық және жарық толқындарының интерференциялық көріністеріне салыстырмалы талдау жүргізу; 11.6.1.4 - жұқа пленкаға түскен және

		шағылған жарықтардан пайда болған интерференциялық максимумдар мен минимумдарды бақылау шарттарын анықтау, күшею (max) мен бәсеңдеу (min) өрнектеріне практикалық есептер шығару және графиктерін зерделеу
	Жарықтың дифракциясы. Дифракциялық торлар	11.6.1.5 - Френель теориясын қолданып, қылдан, саңылаулардан, дөңгеле саңылаудан пайда болған дифракциялық көріністерді түсіндіру, дифракциялық тордың штрих сандарына, толқын ұзындығына, дифракциялық бұрыш және максимум мен минимум сандарына арналған практикалық есептер шығару
	Жарықтың поляризациясы. № 2 Зертханалық жұмыс «Жарықтың интерференциясын, дифракциясын және поляризациясын бақылау»	11.6.1.6 - жарықтың интерференция, дифракция және поляризация құбылысын талдай отырып, эксперимент арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын дәлелдеу және электрондық контенттерді қолдана отырып модельдеу
Қосымша кіріктірілген сабақтар тақырыбы: (зерттеу жоба жұмыстары)	«Табиғаттағы оптика және оптикалық құбылыстар» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – табиғатта қолданылуын көрсету
	«Адамның дыбыстық және жарық сигналдарына реакция жылдамдығын өлшеу»- жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – өмірде қолданылуын көрсету
	«Марсты отарлау мүмкіндіктерін бағалау» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – ғарышта қолданылуын көрсету
	«Зымырандарды ұшыруға арналған ғарыштық қалдықтар саласындағы мәселелер мен шешімдер» жобасы	физикалық заңдар мен құбылыстардың практикада – ғарыш саласында қолданылуын көрсету
3-тоқсан		
Геометриялық оптика	Гюйгенс принципі. Жарықтың шағылу заңы	11.6.2.1 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың шағылу заңын түсіндіру, Гюйгенс принципінің физикалық мағынасын меңгеру, толқын фотонының таралу жолын

		сызбасын электронды контенттер арқылы көрсету
	Жазық және сфералық айналар	11.6.2.2 - сфералық айнадағы сәуленің жолын салу және сфералық айнаның формуласын есептер шығаруда қолдану
	Жарықтың сыну заңы	11.6.2.3 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың сыну заңын түсіндіру, практикалық есептер шығару
	Толық ішкі шағылу	11.6.2.4 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоалшықты технологияның артықшылығын түсіндіру, графикалық сызбасын сызу
	№ 3 Зертханалық жұмыс «Шынының сыну көрсеткішін анықтау»	11.6.2.5 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау және экспериментті жақсартудың жолдарын ұсыну
	Линзалар жүйесінде кескін салу. Жұқа линза формуласы. Оптикалық құралдар	11.6.2.6 - линзалар жүйесінде сәулелердің жолын салу, практикалық тұрғыдан әртүрлі линзалардың кескіндерін салдырту 11.6.2.7 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру,
Салыстырмалы теорияның элементтері	Салыстырмалы теорияның постулаттары. Лоренц түрлендірулері	11.7.1.1 - Галилейдің салыстырмалы принципі мен Эйнштейннің салыстырмалы принципін сәйкестендіру; 11.7.1.2 - Эйнштейн постулаттары мен Лоренц түрлендірулерін есептер шығаруда қолдана отырып, релятивистік эффектін түсіндіру, күрделі есептерді шығару жолдарын ұсыну
	Энергия. Релятивистік динамикадағы импульс және масса. Материалдық дене үшін энергия мен массаның байланыс заңы	11.7.1.3 - зарядталған бөлшектердің үдеткіштерінің жұмыс істеу принципін, оларда орын алатын релятивистік эффектін ескере отырып түсіндіру, күрделі есептерді шығару жолдарын ұсыну
Атомдық және кванттық физика	Сәулеленудің түрлері Спектрлер.	11.8.1.1 - сәулеленудің көздері мен түрлерін топтастыру, спектрлі анықтаудың компьютерлік модельдеуін ұсыну
	Инфракызыл және ультракүлгін сәулелену. Рентген сәулелері.	11.8.1.2 - электромагниттік сәулелену, олардың табиғатта пайда болуы мен затпен өзара әрекеттесуін ажырату,

Электромагниттік сәулелену шкаласы	электронды контенттер арқылы көрсету, есептер шығару
Жылулық сәулелену. Стефан –Больцман және Винн заңдары. Ультракүлгін апаты. Планк формуласы. Фотондар. Фотоэффект	11.8.1.3 - Стефан-Больцман, Винн заңдарын және Планк формуласын ультракүлгін апаттын негіздеу және абсолют қара дененің жылулық сәулеленуін сипаттау үшін қолдану, есептерді шығару жолдарын ұсыну
Фотоэффектіні қолдану	11.8.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру; 11.8.1.5 - фотоэффектінің заңдары мен Эйнштейн теңдеуін есеп шығаруда қолдану, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу
Жарық қысымы	11.8.1.6 - жарықтың кванттық теориясы негізінде жарық қысымының табиғатын түсіндіру, есептерді шығару жолдарын ұсыну
Жарықтың химиялық әсері	11.8.1.7 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу
Рентгендік сәулелену	11.8.1.8 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру, жұмыс істеу принциптерін зерделеу және салыстыру
Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы	11.8.1.9 - электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатының дәлелдейтін мысалдар келтіру, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу
Альфа бөлшектің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесі. Бор постулаттары. Франк және Герц тәжірибелері	11.8.1.10 - атомның планетарлық моделін альфа бөлшектің ыдырауы бойынша Резерфорд тәжірибесіне сүйене отырып негіздеу, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу 11.8.1.11 - Бор постулаттарына сүйеніп атомның орнықты күйінің шартын түсіндіру, есептерді шығару жолдарын ұсыну
№ 4 Зертханалық жұмыс «Сәулеленудің тұтас және сызықтық спектрлерін бақылау»	11.8.1.12- сутегі атомының энергетикалық құрылымына сүйене отырып, сызықтық спектрдің табиғатын түсіндіру;

	Сызықты емес оптика туралы түсінік. Лазерлер	11.8.1.13 - лазер құрылғысын және әсер ету принципін түсіндіру, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу 11.8.1.14 - голографияның даму кезеңдерін талқылау, есептерді шығару жолдарын ұсыну
	Бөлшектің толқындық қасиеттері. Бор теориясының қиыншылығы. де Бройль толқындары	11.8.1.15 - элементар бөлшектердің толқындық табиғатының пайда болуы мен практикада қолданылуына мысалдар келтіру, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу 11.8.1.16 - де Бройль толқын ұзындығының формуласын есептер шығаруда қолдану
Атом ядросның физикасы	Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы	11.8.2.1 - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру, электронды контенттер арқылы көрсету, қолдану аясын зерделеу 11. 8.2.2 - радиоактивті ыдыраудың формуласын есептер шығаруда қолдану, күрделі есептерді шығару
	Атомдық ядро. Ядроның нуклондық моделі. Изотоптар. Ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы	11. 8.2.3 - атомдық ядроның байланыс энергиясын есептеу және меншікті байланыс энергиясының ядроның массалық санына тәуелділігін түсіндіру, Соди ережелерін зерделеу, есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар. Жасанды радиоактивтілік. Ауыр ядролардың бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция. Сындық масса	11. 8.2.4 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын қолдану; 11.8.2.5 - ядролық синтездің және табиғи радиоактивтіліктің табиғатын түсіну, есептер шығаруда қолдану, жасанды элементтерді шығарып алу жолдарын зерделеу
	№ 5 Зертханалық жұмыс «Дайын сурет бойынша зарядталған бөлшектердің тректерін оқып үйрену»	11. 8.2.6 - магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалыс сипатын түсіндіру, электронды контенттер арқылы көрсету
	Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану	11. 8.2.7 - α , β және γ сәулелерінің табиғатын, қасиеттерін және биологиялық әсерін түсіндіру, Қазақстандағы ядролық энергетиканың даму болашағына баға беру, ядролық

		энергетика мен қоршаған орта арасындағы байланысты зерттеу
	Ядролық реактор. Ядролық энергетика. Термоядролық реакциялар	11. 8.2.8 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау, радиоактивті сәулелердің қолданылуы мен зиянын салыстыру (мысалы, медицинада қолдану мен ядролық апат салдары), ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау, әртүрлі елдердегі ядролық энергетика дамуына қатысты мәліметтерді салыстыру
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері. Наноматериалдар	11.9.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын түсіндіру, нанотехнологиялардың әртүрлі салаларда (медицина, электроника, энергетика) қолданылуын талдау, наноматериалдардың кәдімгі материалдардан айырмашылығын сипаттап, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау 11.9.1.2 - нанотехнологияның қолданылуын талқылау, нанотехнологиялардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал әсерлерін бағалау, нанотехнология-ның даму тенденцияларын болжау және болашақтағы рөлін талқылау
4-тоқсан		
Космология	Жұлдыздар әлемі. Жұлдызға дейінгі қашықтық. Айнымалы жұлдыздар	11.10.1.1 - жұлдыздардың басты спектрлік класын сипаттау; 11.10.1.2 - көрінерлік жұлдыздық шама және абсолют жұлдыздық шама ұғымдарын ажырату, түрлі спектрлік кластағы жұлдыздардың өмірлік циклдерін салыстыру; 11.10.1.3 - көрінерлік және абсолют жұлдыздық шаманы анықтау үшін формулаларды қолдану, күннің спектрлік класына сүйене отырып, оның жұлдыз ретінде орны мен ерекшеліктерін талдау;
	Жұлдыздардың планеталық жүйелері. Жер топтарындағы планеталар және гигант-планеталар. Күн	11.10.1.4 - Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.10.1.5 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа

	жүйесіндегі кіші денелер	жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау, есептер шығару;
	Біздің Галактика. Басқа Галактикалардың ашылуы. Кварзарлар	11.10.1.6 - ара қашықтықты анықтау үшін, «қарапайым май шамдар» әдісін пайдалануды сипаттау;
	Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау.	11.10.1.7 - Әлемнің жеделдеуі мен қара энергия туралы пікірталасты талқылау, Галактикалардың қозғалысын және қызыл ығысу құбылысын талдау арқылы ғаламның кеңеюі туралы қорытынды жасау,
	Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері. Әлемнің моделдері. Өмір және Әлем туралы ойлар Адамзаттың космостық болашағы және космосты игеру	11.10.1.8 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу, 11.10.1.9 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру, Әлемнің эволюциясы туралы әртүрлі ғылыми теорияларды (Үлкен жарылыс теориясы және альтернативті модельдер) салыстырып, айырмашылықтарын анықтау, Ғаламның болашағы туралы ғылыми болжамдарды (Жылулық өлім, Үлкен жарылыс/қысылу, т.б.) дәлелдерге сүйене отырып бағалау
Эксперименттік есептер-семинар (Қосымша кіріктірілген сабақтар тақырыбы)	№1. Электр қыздырғышы бар қондырғының ПӘК-ін өлшеу	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№2. Омметрдің көмегімен кедергіні өлшеу	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№3. Болат сымның Юнг модулін анықтау	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
	№4 Екі вольтметрдің көмегімен ЭҚК-ті анықтау	Эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну

4-параграф. Бағалау критерийлері

15. Әр тақырыптық блоктың соңында оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін бөлім бойынша бақылау жұмыстары жүргізіледі.

16. «Физик» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Оқушылар мәтіннің түрлі компоненттері мен мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Оқушылар жазбаша және ауызша мәтіндер жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	Оқушылар өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады.

15. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

16. Бағалауы:

- материалда берілген мәтіннің мазмұнын толық оқып шығу
(кейде ҰБТ-де, ОЖСБ-да, PISA тапсырмаларында оқулықтағы мәтінге сай сұрақтар туындауы мүмкін).

- Физикалық тұрғыда оқылым-графикалық таңбалар бетіне түскен сөздер мен физикалық формулалардың мағынасын түсініп оқу арқылы санасына қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптай алу

- ой мен сананың бірлесе жұмыс атқаруы

-мәтіннен туатын ойды дұрыс және толық түсіне алуы

- жазылған таңбалар тізбегін дұрыс ажырата алуы

17. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Анализ	Оқушылардың екі мәтін үзіндісін талдап, салыстырып, пікірлер мен негіздемелер беріп, жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыра білуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануын көрсетуі бағаланады (критерийлер А, В және D).	30
Шығармашылық жазу	Оқушылардың жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыруы (критерий В), шығармашылық процессіне қатысып, аудиторияға әсерін түсінуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануы бағаланады (критерийлер С және D).	50

10–11-сыныптарға арналған «Астрономия» таңдау пәні бойынша оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу жоспарына негізделген, Негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасы аясында әзірленген, қазақ ұлттық білім компонентін интеграциялаған бірегей бағдарлама. Ол оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтуге, сыни және кеңістік-логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.

«Астрономия» курсы – жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты, ғалам туралы түсінікті, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама аясында оқушылар астрономияның іргелі ұғымдарымен, күн жүйесінің құрылымы, жұлдыздар, галактикалар және қазіргі заманғы ғарыштық зерттеулермен танысады.

Курс мазмұны физика, математика, география пәндерімен пәнаралық байланыста құрылып, зертханалық тәжірибелер, цифрлық модельдер мен астрономиялық бақылау әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Мақсаты:

Ғалам туралы ғылыми дүниетаным қалыптастыру, астрономиялық құбылыстарды түсіндіру және бақылау дағдыларын меңгерту арқылы оқушылардың зерттеушілік, логикалық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- Астрономия ғылымының негіздерін меңгерту;
- Ғарыш денелерінің құрылымы мен қозғалысын түсіндіру;
- Жер мен Күн жүйесі туралы ғылыми білім беру;
- Астрономиялық бақылау әдістерімен таныстыру;
- Ғылыми зерттеу және модельдеу дағдыларын қалыптастыру;
- Ғарышты зерттеудегі заманауи технологиялармен таныстыру;
- Ғылымға және ғарыш саласына қызығушылықты дамыту.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.Оқу жүктемесі (38 апта):

- 1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
- 2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2.Бағдарлама тұлғаға бағытталған, құндылықтық, құзыреттілік, инклюзивті, конструктивистік және пәнаралық тәсілдерге негізделеді.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып

Астрономияға кіріспе
Астрономия ғылымының тарихы
Ғалам туралы алғашқы түсініктер
Астрономия мен басқа ғылымдардың байланысы
Аспан сферасы және аспан координаталары
Аспан сферасы ұғымы
Жұлдызды аспан және оның көрінісі
Күннің, Айдың қозғалысы
Уақыт және күнтізбелер
Жердің айналуы және уақыт есептеу
Сағаттық белдеулер мен күнтізбе түрлері
Күн мен түн, маусымдық өзгерістер
Күн жүйесі
Күн және оның құрылымы
Планеталар, олардың сипаттамалары
Ай, серіктер, астероидтар мен кометалар
Жер – ғарыш денесі ретінде
Жердің пішіні мен қозғалысы
Гравитация ұғымы
Күн мен Айдың тартылыс күштері (толысу, тартылу құбылыстары)
Астрономиялық құралдар мен бақылау әдістері
Телескоптың түрлері
Оптикалық бақылаулар негіздері
Цифрлық модельдер мен ғаламдық карталар
11-сынып
Жұлдыздар әлемі
Жұлдыздардың түрлері мен эволюциясы
Жарықтылығы мен спектрлік кластар
Қос жұлдыздар мен жұлдыздық жүйелер
Галактикалар мен Ғалам құрылымы
Құс жолы галактикасы
Басқа галактикалар
Ғаламның пайда болуы мен кеңеюі
Космология негіздері
Үлкен жарылыс теориясы
Ғаламның жасын анықтау
Қара құрдымдар мен нейтрон жұлдыздары
Ғарышты игеру тарихы мен заманауи зерттеулер
Алғашқы ғарыштық ұшулар
Ғарыш станциялары мен спутниктер
Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктері
Ғарыштағы тіршілік мәселесі
Экзопланеталар
Тіршілікке қолайлы жағдайлар
Астрофизика мен биоастрономияның дамуы

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Ғарышты зерттеу және ғылыми пікір айтуға машықтанады	Ғылыми жауапкершілік, ғаламға қызығушылық	Цифрлық және визуалды сауаттылық дамиды
Ғылым	Ғылыми зерттеу жүргізу, астрономиялық құралдарды қолдану	Ғарыш және астрономия саласында бағдар алады	Физика, математикамен интеграцияланған талдау дағдылары
Шығармашылық	Ғалам моделін құрастыра алады, визуалды креативті жобалар жасайды	Ойлаудың кеңістіктік және метафоралық түрлері дамиды	Астрономиялық деректерді креативті визуалдау

**10–11-сыныптарға арналған
«Химия» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленген. Ол пәнаралық байланысқа, функционалдық сауаттылыққа, зерттеу мен жобалау дағдыларына, жеке білім траекторияларын құруға негізделеді.

Бұл бағдарлама оқушылардың химиялық сауаттылығын тереңдете отырып, ғылыми таным мен тәжірибелік дағдыларды дамытуға, қоршаған ортаға деген жауапкершілік пен саналы тұтыну мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, химия пәні арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін, зертханалық машықтарын және кәсіби бағдарын дамыту көзделеді.

Пән мазмұны экологиялық, технологиялық және биомедициналық мәселелерді химиялық тұрғыдан талдай білуге, тәжірибе мен бақылау арқылы қорытынды жасауға үйретеді. Бағдарлама оқушылардың STEAM бағытындағы болашақ кәсіптерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Курстың мақсаты:

Оқушылардың химиялық білімін тереңдетіп, ғылыми-эксперименттік ойлауын дамыту, табиғи құбылыстарды химиялық тұрғыда түсіндіре білуге және болашақ кәсіптік бағдар беруге жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1) Химиялық элементтер мен заттардың қасиеттерін, заңдылықтарын меңгерту;
- 2) Зертханалық жұмыстар арқылы практикалық дағдылар қалыптастыру;
- 3) Экологиялық және әлеуметтік маңызды мәселелерді химиялық тұрғыдан түсіндіру;
- 4) Зерттеу, жоба, тәжірибе жүргізу арқылы сыни ойлау және жауапкершілік дағдыларын дамыту;
- 5) Ғылым мен техникадағы химияның рөлін түсіндіру арқылы болашақ мамандыққа бағдар беру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Химия» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

- 1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
- 2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2. Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3. Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып мазмұны:

Химия ғылымы және оның әдістері

Атом құрылысы және периодтық заң

Химиялық байланыс және молекула құрылысы

Заттардың агрегаттық күйлері және олардың өзгерістері

Ерітінділер және олардың қасиеттері

Химиялық реакциялар және олардың типтері

Зертханалық жұмыстар: қарапайым тәжірибелер, өлшеу, бақылау және қорытынды жасау

Жобалық жұмыс: қарапайым экологиялық және тұрмыстық тақырыптарда зерттеу

11-сынып мазмұны:

Органикалық қосылыстардың негізгі кластары

Көмірсутектер, спирттер, қышқылдар, күрделі эфирлер

Биологиялық маңызды қосылыстар (ақуыз, май, көмірсу)

Электрхимия негіздері және батареялар

Қоршаған орта химиясы (ауаның, судың, топырақтың ластануы)

Зертханалық жұмыстар: органикалық қосылыстардың қасиеттерін зерттеу

STEAM жобалар: экологиялық, биомедициналық, технологиялық бағытта

Ғылыми таным әдістері және зерттеу дағдылары

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Командалық жобалар мен зерттеу жұмыстарында бастамашыл болу	Жауапкершілік, ынтымақтастық	Коммуникативтік, цифрлық дағдылар
Ғылым	Химиялық тәжірибелер, формулалар мен заңдылықтар қолдану	Ғылыми дәлелмен жұмыс істеу дағдысы	Зерттеу жүргізу, мәліметтерді талдау
Шығармашылық	Эксперименттерді жобалау, жаңа шешімдер ұсыну	Идеяларды еркін ұсыну, ой қорыту	Критериалды бағалау, рефлексия жасау

10-11-сыныптарға арналған «Биология» оқу пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама мақсаты:

Абайдың рухани мұрасына және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Бағдарламаның міндеттері:

1) табиғаттың даму заңдарын түсінуге негізделе отырып, адамның табиғаттағы рөлін анықтайтын маңызды биологиялық білімдер мен біліктер ауқымын кеңейту;

2) табиғаттың даму және тіршілігін жалғастыру заңдарын жаңа білімдерді алу, оларды ары қарай дамыту және тереңдету негізі және құралы ретінде пайдалану;

3) жүйені меңгеру барысында ғылым білім мен дүниетаным негіздерін; шығармашылық дербестік пен сын тұрғысынан ойлау қабілетін; зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

4) әдеп мәселелерімен және қоғамның әлеуметтік өмірі мен еңбек әрекетіне тікелей қатысумен байланысты қоршаған шынайылықта еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін, бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамыту;

5) білім алушылардың білім алуды және өздігінен білім алуды жалғастыруы үшін қажетті зияткерлік біліктерді дамыту.

Бағдарламаның мазмұны:

білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Биология» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2. Бағдарлама құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. «Биология» пәні бағдарламасының мазмұны психологиялық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған:

- академиялық деңгейде оқу, жазу және сөйлеу біліктілігін қалыптастыру;

- ұлттық мәдениетті саналы түрде қабылдау;

- сыни және креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

6. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Ғылыми жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру, тәжірибе жүргізу барысында рөлдерді тиімді бөлу, нәтижелерді көпшілік алдында қорғау	Жауапкершілік пен ынтымақтастық қабілетін дамыту, өзгенің пікірін құрметтеу, ғылыми-этикалық нормаларды сақтау	Коммуникативті дағдылар, топпен жұмыс істеу және жобалық қызметті басқару тәжірибесі
Ғылым	Ғылыми зерттеудің кезеңдерін меңгеру (мәселе қою, гипотеза	Қоршаған ортаға және тірі ағзаларға ғылыми негізде түсіністікпен қарау, табиғи ресурстарды	Ақпаратты талдау, сұрыптау, визуализациялау және биологиялық деректерді

	жасау, эксперимент, талдау, қорытынды), нақты биологиялық ұғымдарды, терминдерді орынды қолдану	ұтымды пайдалануға ұмтылу	интерпретациялау дағдылары
Шығармашылық	Биологиялық мәселелерге балама шешімдер ұсыну, инновациялық идеялар әзірлеу, модельдеу мен симуляцияны қолдану	Табиғатқа деген эстетикалық және рухани қарым-қатынасты қалыптастыру, биологиялық этика принциптерін түсіну және ұстану	Алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану, экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын насихаттау

4-параграф. Бағалау критерийлері

7. «Биология» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Оқушылар мәтіннің түрлі компоненттері мен мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Оқушылар жазбаша және ауызша мәтіндер жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	Оқушылар өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады.

8. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

9.Бағалауы:

Тіл бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

- 1) Сәйкестік, мұра, мәдениет, әртүрлілік
- 2) Қоғамдар, ғаламдану, көші-қон, жер аудару
- 3) Әлеуметтік тарих, өркениеттер, саяхаттар
- 4) Медиа және ұжымдық коммуникация
- 5) Балалық шақ, жасөспірім кезең, жастар, идея және тәжірибе
- 6) Отбасы, достық, қарым-қатынастар
- 7) Жүйелер, билік және қарсылық, әділет, бейбітшілік және қақтығыстар, еркіндік және тәуелсіздік
- 8) Денсаулық және әл-ауқат, қоршаған орта, өмір салты

10-11 сыныптарға арналған «География» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, сонымен қатар Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялаған бірегей модель. Ол пәнаралық тәсілге, сыни ойлауға және жеке білім траекторияларын құруға негізделген.

Бағдарлама оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«География» пәнінің мақсаты – білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Сонымен қатар географиялық сауаттылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алуға, әлеуметтік-табиғи құбылыстарды талдап, тұрақты дамуды қолдайтын, шешімдер ұсына алуға бағыт-бағдар беретін, болашақтың қолайлы жобаларын әзірлеуге үйрету.

Пәннің міндеттері:

1) оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

5) геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

6) Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытып, түрлі зерттеулер жүргізіп, креативті мәселені шешуге қабілетті, қорытынды жасап, шешім қабылдай білетін тұлға қалыптастыру;

7) Жаһандану деңгейі негізінде әлемдік процестерді (экономика, саясат, экология) түсіну, кросс-мәдениеттік коммуникацияға дайындық ғылыми дағдыларын дамыту

Әрбір білім алушы географиялық сауаттылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алуға, әлеуметтік-табиғи құбылыстарды талдап, тұрақты дамуды қолдайтын, шешімдер ұсына алуға бағыт-бағдар беретін, болашақтың қолайлы жобаларын әзірлеуге үйрету.

Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің пән бойынша міндеттері:

1. Географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілдік сауаттылықты қалыптастыру, сонымен қатар оқушылардың интеллектуалдық және рухани дамуына ықпал ету – Абай айтқан «ақыл», «жүрек» және «қайрат» үйлесіміне негізделген тұлғаны тәрбиелеу.

2. Ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде жүретін геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық және әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттей отырып, оқушылардың сыни және жүйелі ойлау қабілетін дамыту, оларды халықаралық түсіністік пен жауапкершілікке тәрбиелеу.

3. Геокеңістіктік деректерді талдау мен өңдеудің заманауи әдістерін (ГИС, қашықтықтан зондтау, цифрлық картография және т.б.) меңгеруге жағдай жасау арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын және технологиялық сауаттылығын арттыру.

4. Қазіргі әлемнің географиялық бейнесін зерттеу арқылы құндылықтар жүйесін – адамзатқа ортақ жауапкершілік, табиғатты сүю, әділет пен еңбек сынды Абай ұсынған моральдық қағидаларды бойға сіңіруге жағдай жасау.

5. География ғылымы мен оның қолданбалы салаларында қолданылатын әдістерді тәжірибеде қолдана отырып, оқушылардың кәсіби бағдарын айқындау, болашақ мамандықты саналы таңдауға ықпал ету.

6. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытып, түрлі зерттеулер жүргізіп, креативті мәселені шешуге қабілетті, қорытынды жасап, шешім қабылдай білетін тұлға қалыптастыру;

7. Жаһандану деңгейі негізінде әлемдік процестерді (экономика, саясат, экология) түсіну, кросс-мәдениеттік коммуникацияға дайындықғылыми дағдыларын дамыту;

8. Әр түрлі тәсілдермен білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытатын географияны оқытудың әдістерін сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

1-тарау. «География» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Оқу жүктемесінің көлемі: 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 38 сағат

1. Пән мазмұны келесі 7 бөлімді қамтиды:

1) Географиялық зерттеу әдістері

- 2) Картография және геоинформатика
- 3) Табиғатты пайдалану және геоэкология
- 4) Геоэкономика
- 5) Геосаясат
- 6) Елтану
- 7) Адамзаттың ғаламдық проблемалары

2. Мазмұндық құрылым:

Пән мазмұны әр бөлім ішінде оқу мазмұнына негізделген бөлімшелерге бөлінген. Пәндік құрылым білім, түсіну, дағды және құндылықтар аясында оқушы бейініне сәйкес күтілетін нәтижелер арқылы ұйымдастырылады.

3.10-сыныпқа арналған мазмұн:

Географиялық зерттеу әдістері: Жалпы географиялық әдістер мен географиялық зерттеудің негізгі түрлерін зерттейді. Мақсат: оқушыны зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыру.

Географияның географиялық зерттеу әдістері бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер:

Оқушы географиялық зерттеудің жалпы әдістерін (бақылау, сипаттау, салыстыру, талдау, модельдеу т.б.) түсінеді. Географиялық зерттеу түрлерін (дала жұмыстары, картографиялық зерттеулер, қашықтықтан зондтау, әлеуметтік-географиялық сауалнамалар, статистикалық талдау) сипаттап бере алады. Әртүрлі географиялық дереккөздермен (карта, спутниктік сурет, график, диаграмма т.б.) жұмыс істей біледі. Қоршаған ортаны зерделеуде зерттеушілік дағдыларды қолдана алады. Зерттеу сұрағын қояды, гипотеза ұсынады, дерек жинау мен талдау жүргізе алады. Өз бетімен қарапайым географиялық зерттеу жобасын жоспарлап, қорғай алады. География ғылымына қызығушылық танытады, ізденімпаз, сыни ойлайтын, жауапты тұлға ретінде қалыптасады. Жергілікті жерді зерттеу арқылы туған өлкеге, табиғатқа деген патриоттық сезімі мен экологиялық мәдениеті дамиды. Жұпта, топта жұмыс жасау арқылы ынтымақтастық пен зерттеу этикасы туралы түсінік қалыптасады. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша «ақыл мен еңбек» негізінде, білімге құштар, жүйелі ойлайтын, нақты шешімге ұмтылатын тұлға болып қалыптасады.

2) Картография және геоинформатика: Бұл бөлімде Заманауи картография, геоинформатика негіздері, геодеректерді визуализациялау тақырыптарымен танысып, тақырыптар бойынша жұмыс жасай отырып, ақпараттарды талдап, графикалық қорытындылар ұсынады.

Мақсат: ақпаратты сыни түсініп, оны жаһандық мәселелерді шешуде қолдана білу.

Географияның картография және геоинформатика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер:

Заманауи картография мен геоинформатика ғылымдарының негіздерін меңгереді. Геоақпараттық жүйелердің (ГАЗ) мақсаты мен қолдану аясын түсінеді. Геодеректердің түрлерін, олардың көздерін (спутниктік деректер, GPS, сандық карталар) таниды және сипаттай алады. Географиялық мәселелерді шешуде геоақпараттық технологияларды қолдана алады. Геодеректерді өңдеу, талдау және визуализациялау (картамен жұмыс, диаграмма, инфографика жасау)

дағдыларын меңгереді. Әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан салыстырып, талдай алады. Ғылыми-зерттеушілік ойлауы, ақпараттық сауаттылығы және сыни пайымдау қабілеті дамиды. Жаһандық және өңірлік мәселелерді (климат өзгерісі, урбанизация, су тапшылығы, т.б.) географиялық деректер негізінде талдай отырып, шешу жолдарын ұсына алады. Коммуникативтік және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытады, әртүрлі картографиялық құралдарды пайдалану арқылы өз ойларын дәлелдеп, қорытынды жасай алады. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша «еңбек пен ақыл» иесі ретінде, нақты деректермен жұмыс істеп, қоғамдық маңызы бар ақпаратты дұрыс жеткізеді.

3) Табиғатты пайдалану және геоэкология: Бұл бөлімде Табиғатты тиімді пайдалану қағидаттары. Экологиялық таза өндірістер. Қазақстан мен әлемнің экологиялық проблемалары тақырыптарын қарастыратын болады. Мақсат: табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікке негізделген экосаналы тұлға қалыптастыру

Географияның табиғатты пайдалану және геоэкология бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер:

Табиғатты тиімді пайдалану қағидаттарын (ұқыпты пайдалану, қалпына келтіру, тұрақты даму, ластанудың алдын алу) түсінеді және сипаттай алады. Экологиялық таза (жасыл) өндірістердің ерекшеліктерін, маңызын және оларды енгізу жолдарын сипаттайды. Қазақстан мен әлем елдеріндегі экологиялық мәселелерді (мысалы: Арал теңізінің тартылуы, Семей ядролық полигоны, ауа мен су ластануы, жаһандық жылыну, орман жойылуы) талдайды. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаның жай-күйі туралы нақты географиялық деректермен жұмыс істей алады (карталар, диаграммалар, статистика). Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шешімдер мен әрекет жоспарларын ұсына алады. Әлемдік және ұлттық деңгейдегі экологиялық проблемаларды салыстырып, себеп-салдарлық байланыстарын анықтайды. Экосаналы тұлға ретінде табиғатқа ұқыпты қарау, экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғи ресурстарды үнемді пайдалану қажеттілігін түсінеді. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қарым-қатынастың маңызын сезінеді және күнделікті өмірде қолдануға тырысады. Экологиялық мәселелерге немқұрайлы қарамай, жауапты азаматтық ұстаным қалыптастырады. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша жүрегі бар тұлға, табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің маңызын түсінеді.

4) Геоэкономика: Бөлім бойынша Шаруашылық жүйелер. Әлемдік және ұлттық экономиканың өзара байланысы. ҚР-ның экономикалық даму көрсеткіштері тақырыптарын өтеді.

Мақсат: жаһандық экономика үрдістерін түсіне отырып, ұлттық болмысты бағалау

Географияның геоэкономика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Шаруашылық жүйелерінің түрлерін (дәстүрлі, нарықтық, жоспарлы, аралас) түсінеді және салыстырады. Әлемдік және ұлттық экономиканың өзара байланысын (сауда, инвестиция, жаһандық еңбек бөлінісі, халықаралық ұйымдар рөлі) сипаттай алады. Қазақстан Республикасының экономикалық даму көрсеткіштерін (ЖІӨ, экспорт-импорт, индустрия, қызмет көрсету секторы,

еңбек нарығы) талдай алады. Геоэкономикалық үрдістерді (жаһандану, экономикалық интеграция, аймақтық даму, цифрлық экономика) нақты мысалдармен түсіндіріп, ұлттық экономикаға әсерін бағалай алады. ҚР-ның экономикалық көрсеткіштерін әлемдік экономикамен салыстыра отырып, даму бағыттарын ұсынады. Экономикалық карталар, инфографикалар, диаграммалармен жұмыс істеп, ақпаратты талдау және қорытынды жасау дағдыларын қолданады. Жаһандық экономикалық өзгерістерді түсіне отырып, ұлттық мүддені, ұлттық бірегейлікті бағалайды. Экономикалық сауатты, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Қазақстанның экономикалық жетістіктеріне сыни көзбен қарап, азаматтық ұстанымын білдіреді және ел дамуына қатысты жауапкершілік сезімін дамытады. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша ақыл мен ғылымға негізделген білімді қолданушы тұлға, елге пайдасы тиетін біліммен қаруланады.

5) Геосаясат: Геосаясат және географиялық факторлар. Мемлекеттік шекара және аумақтық тұтастық

Мақсат: бейбітшілік пен ынтымақтастықты қадірлейтін жаһандық азамат тәрбиелеу

Географияның геосаясат бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Геосаясат ұғымын, оның мазмұны мен қалыптасу тарихын түсінеді. Геосаясаттағы географиялық факторлардың рөлін (орналасу, табиғи ресурстар, шекаралар, көлік-коммуникациялық желілер) анықтайды. Мемлекеттік шекара, аумақтық тұтастық, егемендік ұғымдарын түсіндіреді және мысалдар келтіреді. Геосаяси жағдайларды (қақтығыстар, аймақтық интеграциялар, геосаяси мүдделер) талдап, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды. Әлемдегі және Қазақстандағы шекара мәселелерін, халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен бейбітшілік бастамаларын зерттейді. Геосаяси карталармен, дереккөздермен жұмыс істеп, графикалық және мәтіндік қорытынды жасай алады. Бейбітшілікті, ынтымақтастықты, халықаралық келісімді қадірлейтін жаһандық азаматтық ұстаным қалыптастырады. Шекара мен аумақтық тұтастық мәселелеріне патриоттық және саналы көзқарас танытады. Өз көзқарасын дәлелді түрде білдіре алады, мәдениетаралық диалог пен түсіністікке құрметпен қарайды. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша

7) Елтану: Дүниежүзі елдерінің салыстырмалы талдауы. Географиялық аудандастырудың негіздері

Мақсат: мәдениетаралық түсінік пен құрметті дамыту

Географияның елтану бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Дүниежүзі елдерінің географиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін біледі. Елдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра отырып сипаттай алады (халық саны, табиғи ресурстар, даму деңгейі, мәдениет, саяси құрылым). Географиялық аудандастырудың негіздерін (физикалық, экономикалық, тарихи-мәдени, саяси өлшемдер бойынша) түсінеді және қолдана алады. Әртүрлі елдердің даму жолдары мен географиялық ерекшеліктерін талдап, салыстырмалы қорытындылар жасай алады. Географиялық деректер (карталар, кестелер, графиктер, статистика) негізінде елдерге баға беріп, сараптама жасай алады. Географиялық аудандастыруды

нақты мысалдармен қолдана отырып, аймақтық ерекшеліктерді сипаттайды. Әртүрлі елдердің мәдениеттеріне, дәстүрлеріне, дүниетанымына құрметпен қарау дағдысы қалыптасады. Мәдениетаралық түсіністік пен төзімділікке негізделген көзқарас дамиды. Жаһандық азамат ретінде әлем елдерінің әртүрлілігін бағалай отырып, бейбітшілік пен ынтымақтастық құндылықтарын бойына сіңіреді. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша адамзат баласын тең көретін, кемел ойлы тұлға ретінде қалыптасады.

7) Адамзаттың ғаламдық проблемалары: Экология, демография, азық-түлік, энергетика, климат. Географиялық шешу жолдары

Мақсат: жер бетіндегі ортақ мәселелерге жауапкершілікпен қарау

Географияның адамзаттың ғаламдық проблемалары бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер:

Адамзат баласына ортақ экологиялық, демографиялық, азық-түлік, энергетикалық және климаттық мәселелерді танып, олардың мәнін түсінеді. Бұл проблемалардың пайда болу себептерін, таралу аясын және салдарын нақты мысалдармен сипаттай алады. Әрбір ғаламдық проблеманы географиялық тұрғыдан талдайды. Ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық тәсілдерді, технологияларды, халықаралық ынтымақтастық шараларын ұсына алады. Географиялық деректер мен карталар негізінде проблемаларды талдап, ғылыми негізделген қорытынды жасайды. Әлем елдерінің және Қазақстанның ғаламдық мәселелерге қатысты ұстанымын, әрекеттерін және шешу стратегияларын салыстыра алады. Адамзаттың ортақ болашағы үшін жауапкершілікпен ойлайтын, экосаналы және белсенді жаһандық азамат ретінде қалыптасады. Табиғатқа, ресурстарға, болашақ ұрпаққа деген жауапкершілік сезімі артады. Ғаламдық мәселелерді шешуге қатысуға дайын, креативті, бастамашыл тұлға ретінде өз пікірін ашық жеткізе алады. Абайдың толық адам тұжырымдамасы бойынша жүрегі мен ақылы тең, адам баласын сүйетін толық адам бейнесіне жақындайды.

10-сынып География пәні бойынша оқу нәтижелері

Білім алушылар:

1. Географиялық зерттеу әдістерін (бақылау, сипаттау, салыстыру, картамен жұмыс, модельдеу) қолданып, нақты географиялық құбылыстарды зерттей алады;

2. Картография және геоинформатика саласындағы негізгі ұғымдарды түсініп, географиялық деректерді визуализациялау, талдау және карта жасау дағдыларын меңгереді;

3. Табиғатты тиімді пайдалану қағидаттарын меңгеріп, экологиялық таза өндірістердің қажеттілігін түсінеді; Қазақстан мен әлемнің экологиялық проблемаларын (жердің тозуы, ластану, орман жойылуы) анықтап, экосаналы шешімдер ұсына алады;

4. Әлемдік және ұлттық шаруашылық жүйелердің байланысын талдап, Қазақстанның экономикалық даму үрдістерін бағалай алады;

5. Геосаяси ұғымдар мен факторларды (шекара, ресурстар, аумақтық тұтастық) түсініп, бейбітшілік пен тұрақтылық құндылықтарын құрметтейді;

6. Елтану негіздері бойынша әртүрлі елдерді салыстырып, мәдениетаралық түсінік пен жаһандық құрметті қалыптастырады;

7. Ғаламдық проблемаларды (азық-түлік, су, климат, энергия, көші-қон) географиялық тұрғыда сипаттап, жауапты азаматтық ұстаным қалыптастырады.

Тұлғалық даму нәтижелері бойынша:

Ақыл: күрделі ақпаратты жүйелі талдайды

Жүрек: жер мен адамзатқа жанашырлықпен қарайды

Еңбек: жобалық және зерттеу жұмыстарына белсене қатысады

4.11-сыныпқа арналған «География» пәнінің мазмұны

Оқу жүктемесінің көлемі: 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 38 сағат

Пән мазмұны келесі 7 бөлімді қамтиды:

1. Географиялық зерттеу әдістері
2. Картография және геоинформатика
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология
4. Геоэкономика
5. Геосаясат
6. Елтану
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары

1. Географиялық зерттеу әдістері (10 сағат): Жалпыгеографиялық әдістер. Географиялық зерттеулердің өзекті әдістері (мысалы, ГИС, қашықтықтан зондтау, далалық зерттеу)

Мақсат: Географиялық кеңістіктегі процестерді зерттеудің саналуан әдістерін меңгеру және оларды нақты жағдайларда қолдану

Географияның Географиялық зерттеу әдістері бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: География ғылымында қолданылатын жалпыгеографиялық әдістерді (бақылау, салыстыру, талдау, картографиялық әдіс, модельдеу) және заманауи әдістерді (ГАЗ, қашықтықтан зондтау, далалық зерттеу) жүйелі меңгереді. Географиялық кеңістіктегі табиғи және әлеуметтік процестерді ғылыми дәлдікпен зерттеп, шынайы деректерге сүйене отырып қорытынды жасай алады. Далалық немесе жобалық зерттеу жұмысын жоспарлап, ұйымдастырып және нәтижесін ғылыми форматта ұсыну дағдысын дамытады. (Абайдың толық адам идеясы – ақыл, жүрек, еңбек): Географиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, қоршаған ортаға қатысты этикалық, парасатты, сындарлы көзқарас қалыптастырады. Ақпаратты зерттеуде ақылға негізделген ойлау мен нақты дерекке сүйену, зерттеуге ынта мен ниетпен қарау, зерттеулерді еңбекпен, табандылықпен жүргізу қабілеті дамиды.

Зерттеу үдерісінде жеке жауапкершілік пен шынайылықты сақтайды, әділдік пен ғылыми адалдық қағидаларын ұстанады. Әлеуметтік және жаһандық азаматтық нәтижелерді амануи географиялық әдістерді қолдана отырып, қоғамдық маңызы бар экологиялық, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды зерттеп, шешу жолдарын ұсынуға тырысады. Жаһандық және жергілікті процестерге ғылыми көзқараспен қарап, бейбітшілік, ынтымақтастық, орнықты даму құндылықтарын бағалайды.

Өртүрлі көзқарастарды тындап, мәдениетаралық диалогқа ашық болады, ғылыми нәтижесін негіздеп, дәлелдеп көрсете алады.

2. Картография және геоинформатика: Геоақпараттық жүйелер. Географиялық деректерді визуализациялау. Қолданбалы картография

Мақсат: Геокеңістіктік ақпаратты өңдеу мен қолданудың практикалық дағдыларын меңгеру

Географияның картография және геоинформатика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: ГИС платформаларымен жұмыс істей алады. Өздік картографиялық жоба жасай алады. Құндылықпен байланысы: Білімділік, ашықтық, жауапкершілік. Шындықты дерек арқылы тану – "толық адам" әділеттілігіне ұмтылу. Географиялық ақпараттық жүйелердің (ГАЖ) құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін түсініп, қолдана алады. Географиялық деректерді жинау, өңдеу және визуализациялау әдістерін меңгереді (цифрлық карталар, инфографика, қабаттармен жұмыс істеу). Қолданбалы картография арқылы географиялық және әлеуметтік-экономикалық процестерді бейнелейді және талдайды. ГАЖ платформаларында нақты проблемаларды шешуге бағытталған жобалық жұмыс орындай алады.

Абайдың толық адам тұжырымдамасы: ақыл, жүрек, еңбек: Ақыл – кеңістіктік ақпаратпен логикалық, дәлелді және жүйелі жұмыс істейді. Жүрек – қоршаған орта мен қоғамға пайдалы ақпаратты ұсынуда адамгершілік пен жауапкершілік танытады. Еңбек – күрделі геоақпараттық тапсырмаларды орындауда табандылық пен шыдамдылық көрсетіп, дағдыларын жетілдіреді. Жұмыстарында шығармашылық пен нақты дерекке негізделген тәсілдерді үйлестіріп қолданады.

Геокеңістіктік ақпаратты экологиялық, әлеуметтік, экономикалық проблемаларды шешуде қолдана алады. Жергілікті және жаһандық деңгейде геоинформатика құралдарын пайдаланып, орнықты даму идеяларын қолдайды. Өртүрлі көзқарастарды құрметтейді, мәдениетаралық тақырыптармен жұмыс істеуде толерантты және ашық болады. Өз жобаларын сыни тұрғыда бағалап, үнемі жетілдіру жолдарын іздейді. Бұл нәтижелер оқушыны: зерттеуші, техникалық сауатты, этикалық тұрғыда жауапты, қоғамға пайда келтіретін, заманауи құралдармен жұмыс істей алатын толық адам ретінде қалыптастыруға бағытталған

3. Табиғатты пайдалану және геоэкология: Табиғатты қорғау шаралары. Қоршаған ортаның сапасы мен антропогендік әсері. Геоэкологиялық жобалау

Мақсаты: Экожүйелерді сақтау жолдарын түсіну және жобалау қызметі арқылы шешімдер ұсыну

Географияның картография және геоинформатика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Жергілікті экологиялық мәселені шешу бойынша жобалық ұсыныс жасай алады. Тұрақты даму қағидаларын негіздеп түсіндіре алады. Қамқорлық, жүрек тазалығы (Абай), жер-ананы құрметтеу. Сонымен қатар қоршаған орта сапасына әсер ететін антропогендік факторларды (өнеркәсіп, көлік, урбанизация, ауыл шаруашылығы, т.б.) талдап, ғылыми тұрғыда негізделген пікір қалыптастырады. Экожүйелердің жұмыс істеу принциптері мен оларды қорғау жолдарын түсінеді. Геоэкологиялық жобалау негіздерімен

танысып, нақты аумақ бойынша табиғатты қорғауға бағытталған ұсыныстар дайындай алады. Сапалы және тұрақты шешім қабылдау үшін экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларды ескереді.

Тұлғалық және құндылықтық нәтижелер (Абайдың толық адам концепциясы: Ақыл, Жүрек, Еңбек): Ақыл – табиғатты қорғау мен экожүйелерді сақтау мәселелерінде ғылыми білімге негізделген саналы таңдау жасайды. Жүрек – табиғатқа ізгілікпен, жанашырлықпен қарай отырып, өзінің экологиялық әрекетіне жауапкершілікпен қарайды. Еңбек – экологиялық жобаларды іске асыруда шыдамдылық, еңбекқорлық және шығармашылық танытады. Жеке және топтық жобалар арқылы экологиялық мәдениетті дамытады. Жаһандық азаматтық және практикалық нәтижелер бойынша табиғатты сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған ұзақ мерзімді шешімдер ұсына алады (қорғалатын аумақтар құру, экологиялық мониторинг жүргізу, қалдықты басқару жүйелері). Өз жобаларын қорғай отырып, экологиялық және әлеуметтік әділеттілік қағидаларын сақтайды. Жергілікті және жаһандық экологиялық мәселелерге бей-жай қарамайтын, белсенді азамат ретінде әрекет етеді. Мәдениетаралық және халықаралық экологиялық тәжірибелерге сүйене отырып, ынтымақтастыққа негізделген идеялар ұсынады. Оқушы: Ғылыми сауатты, адамгершілікке негізделген, экологиялық жауапты, бастамашыл және жобалаушы тұлға ретінде қалыптасатын болады.

4. Геоэкономика: ҚР аймақтарының геоэкономикалық әлеуеті, Геоэкономикалық даму стратегиялары

Мақсаты: Ел аймақтарының ресурстық және экономикалық жағдайларын талдап, даму болашағын болжай білу

Географияның геоэкономика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Аймақтық даму карталарын талдай алады. Экономикалық даму сценарийін ұсына алады. Құндылықпен байланысы:

Қоғамдық жауапкершілік, еңбекқорлық, мақсатқа жету жолындағы қайратты тұлға болып шығуына көмектеседі. Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық, демографиялық және инфрақұрылымдық әлеуетін жан-жақты зерттеп, талдай алады. Әрбір аймақтың экономикалық мамандануы мен даму басымдықтарын анықтап, геоэкономикалық ерекшеліктерді сипаттайды. ҚР аймақтарын геоэкономикалық тұрғыда салыстырып, даму стратегияларына баға береді. Жаһандық және ұлттық факторлардың аймақтық дамуға ықпалын түсіндіре отырып, болжам жасай алады (мысалы, көлік дәліздері, шекаралық сауда, Жібек жолы жобалары т.б.). Тұлғалық және құндылықтық нәтижелер

(Абайдың толық адам концепциясы: Ақыл, Жүрек, Еңбек): Ақыл – аймақтардың даму мүмкіндігін бағалауда логикалық, дәлелді, сараптамалық ойлау қабілетін дамытады. Жүрек – аймақтардағы әлеуметтік әділеттілік, орнықты даму, халықтың әл-ауқаты секілді аспектілерге бейжай қарамай, ұлттық бірлік пен ортақ мүддені қолдайды. Еңбек – өз бетімен немесе топпен жұмыс істеуде дерек жинау, инфографика жасау, картамен жұмыс істеу және ұсыныс дайындау секілді еңбекқорлық пен дағдыларын жетілдіреді. Өзін еліміздің табысты болашағына үлес қосатын азамат ретінде сезінеді.

Жаһандық азаматтық және практикалық нәтижелер бойынша аймақтық даму мәселелеріне қатысты ұлттық мүддені сақтай отырып, халықаралық тәжірибелермен салыстыру жасай алады. Ел дамуына өз үлесін қосуға дайын, жауапкершілікті сезінетін, саналы азаматтық ұстаным қалыптастырады. Экономикалық теңсіздік, еңбек миграциясы, урбандалу сияқты күрделі геоэкономикалық мәселелерге шешім ұсынуға қабілетті. Қазақстанның әрбір аймағының дамуына бағалау мен болжам жасау арқылы бейбітшілік пен әділеттілікке негізделген көзқарас қалыптастырады.

Бұл бөлім оқушыны: талдау жасайтын, ұлттық құндылықтарды түсінетін, зерттеу мен даму жобаларына ұсыныс бере алатын, жауапты әрі білімді қазақстандық ретінде қалыптастыруды көздейді.

5. Геосаясат: Қазақстанның геосаяси жағдайы, Геосаяси қауіпсіздік және интеграция

Мақсаты: ҚР геосаяси мүдделерін түсіну және жаһандық аренадағы рөлін бағалау

Географияның геосаясат бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Геосаяси карта мен ықпал аймақтарын сараптай алады. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдықтарды түсіндіреді. Қазақстанның геосаяси жағдайын, көрші елдермен шекаралас орналасуын және транзиттік рөлін талдай алады. ҚР-ның халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, ТМД т.б.) қарым-қатынасын және жаһандық аренадағы стратегиялық серіктестіктерін бағалайды. Геосаяси қауіпсіздік ұғымын түсінеді және энергетикалық, су, азық-түлік, ақпараттық қауіпсіздік сияқты заманауи сын-қатерлерді ажырата алады. Қазақстанның бейбітшілік, ядролық қарусыздану, дипломатиялық бейтараптық бағытындағы саясатын зерттейді. Тұлғалық және құндылықтық нәтижелер (Абайдың толық адам концепциясы: Ақыл, Жүрек, Еңбек): Ақыл – геосаяси үрдістерді логикалық, салмақты, дәлелді пайымдай отырып, саяси сауаттылық қалыптастырады. Жүрек – елдің қауіпсіздігі мен ынтымақтастыққа негізделген сыртқы саясатын құрметпен және азаматтық жауапкершілікпен қабылдайды. Еңбек – күрделі геосаяси тақырыптарда талдау, картамен жұмыс, салыстырмалы кесте жасау, эссе жазу сияқты зерттеу дағдыларын дамытады. Тарихи оқиғалар мен қазіргі халықаралық жағдайды салыстырып, ұлт қауіпсіздігі мен бейбіт өмірді бағалай біледі. Қазақстанның жаһандық аренадағы бейбіт бастамаларын түсініп, оларды жаһандық жауапкершілікпен қолдайды. Әртүрлі елдердің геосаяси мүдделерін сыни тұрғыдан салыстырып, бейтарап баға бере алады. Геосаяси білімін жаһандық тұрақтылық, дипломатия және халықаралық диалогты дамыту үшін қолдануға дайын. Ұлттық мүдде мен әлемдік ынтымақтастық арасындағы тепе-теңдікті сақтайтын көзқарас қалыптастырады. Бұл нәтижелер оқушыны: гуманистік көзқарастағы жаһандық азамат, ел тағдырына бейжай қарамайтын тұлға, кешенді ойлай алатын саяси сауатты адам ретінде тәрбиелеуге бағытталған.

6. Елтану: Қазақстанның дүниежүзілік аймақтық құрылымдағы орны. Қолданбалы елтану (салыстырмалы көрсеткіштермен жұмыс)

Мақсаты: Дүниежүзі елдерін жан-жақты салыстырып, елдердің даму көрсеткіштерін талдау

Географияның елтану бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Салыстырмалы графиктер мен кестелер құрастырады. Елдердің даму деңгейіне әсер ететін факторларды түсіндіреді. Дүниежүзі елдерінің географиялық, экономикалық, әлеуметтік және саяси көрсеткіштерін салыстыра отырып, жүйелі талдау жасай алады (мысалы: ЖІӨ, АДИ, урбанизация деңгейі, экологиялық индекс, білім беру көрсеткіштері). Қазақстанның дүниежүзілік аймақтық құрылымдағы орнын географиялық, тарихи, экономикалық тұрғыдан түсіндіреді. Аймақтық жіктеу жүйелерімен (мысалы: БҰҰ, Дүниежүзілік банк, IMF классификациясы) танысып, елдерді топтастырудың ғылыми негіздерін меңгереді. Картографиялық және статистикалық деректермен жұмыс істей отырып, қолданбалы елтанулық зерттеу жүргізе алады. Тұлғалық және құндылықтық нәтижелер (Абайдың толық адам концепциясы: Ақыл, Жүрек, Еңбек): Ақыл – елдер арасындағы даму айырмашылықтарының себеп-салдарын терең түсініп, сындарлы ой түйеді. Жүрек – әртүрлі елдердің мәдениетіне, даму деңгейіне, өмір салтына құрметпен қарап, мәдениетаралық түсіністікке ұмтылады. Еңбек – нақты елдер бойынша зерттеу жобаларын орындау барысында деректер жинап, сараптау, қорытынды жасау және визуализациялау сияқты дағдыларын дамытады. Елтанулық салыстыру арқылы өз елін бағалауға, мақтан тұтуға және оның жаһандық беделін арттыруға ниеттенеді. Әлем елдерінің даму жолдарын салыстыра отырып, өзгелердің жетістігінен үйренуге, ал өз елінің артықшылықтарын түсінуге қабілетті болады. Жаһандану мен орнықты даму контекстінде елдердің бір-бірімен байланысын ұғынады. Зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде жазбаша және ауызша түрде жеткізіп, карталар мен диаграммалар арқылы ұсына алады. Әлемдік әртүрлілікті түсіне отырып, толерантты, мәдениетті, ашық тұлға ретінде қалыптасады. Елтану бөлім оқушыны: мәдениетаралық түсінігі жоғары, құндылықтар негізінде салыстыра алатын, зерттеуші, сарапшы және жаһандық ойлайтын азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталған. +

7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары : Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары (су, климат, аштық, энергия, көші-қон, т.б.)

Мақсаты: Адамзат алдында тұрған маңызды проблемаларды түсініп, оларды шешу жолдарын географиялық тұрғыда ұсыну

Географияның геоэкономика бөлімін оқыту бойынша күтілетін нәтижелер: Проблемаларды шешудің бір немесе бірнеше нұсқасын ұсынып, олардың салдарын талдай алады. Адамзаттың алдында тұрған негізгі жаһандық проблемаларды (су тапшылығы, климаттың өзгеруі, энергия ресурстары, азық-түлік қауіпсіздігі, көші-қон, кедейлік, т.б.) сипаттай алады. Бұл мәселелердің географиялық себеп-салдарын (орналасу, табиғи ресурстар, халық тығыздығы, даму деңгейі) талдайды. Әрбір жаһандық проблеманы шешуге арналған аймақтық және халықаралық тәжірибелерді салыстырады. Географиялық деректерді (карталар, диаграммалар, графиктер) пайдалана отырып, шешім ұсынуға бағытталған жобалық идеялар әзірлей алады. Тұлғалық және құндылықтық нәтижелер (Абайдың толық адам концепциясы: Ақыл, Жүрек, Еңбек): Ақыл – күрделі ғаламдық үдерістерді терең түсініп, ғылыми негізде ой қорытады. Жүрек – адамзаттың ортақ мәселелеріне жанашырлықпен қарап,

әділеттілік пен адамгершілік қағидаларын басшылыққа алады. Еңбек – зерттеу жүргізу, ақпарат жинау, карта мен диаграмма жасау, проблеманы шешуге бағытталған жобалық ұсыныс әзірлеу секілді белсенді практикалық әрекеттер орындайды. Абайдың «толық адам» моделіне сай – саналы, мейірімді, еңбекқор тұлға ретінде жаһандық жауапкершілікті сезінеді. Әлем халықтарының алдында тұрған ортақ проблемаларды ұлттық мүдде мен жаһандық ынтымақтастық аясында қарастыра алады. Ғаламдық мәселелерге қатысты әлеуметтік әділеттілік пен орнықты даму идеяларын қолдайды. Өз пікірін жүйелі түрде, дәлелдермен, визуалды материалдар арқылы жеткізе алады (мысалы, презентация, постер, пікірталас, мақала). Экологиялық және әлеуметтік тұрғыда жауапты, саналы таңдау жасай алады (мысалы, энергияны үнемдеу, ресурсты тиімді пайдалану, тұтыну мәдениетін өзгерту).

Адамзаттың ғаламдық проблемалары бөлімін оқыту оқушыны: адамзат тағдырына бейжай қарамайтын жаһандық азамат, экосаналы және парасатты тұлға, ғылыми негізделген шешім ұсына алатын зерттеуші ретінде дамытуға бағытталған.

11-сынып География пәні бойынша оқу нәтижелері

Білім алушылар:

1. Жалпыгеографиялық зерттеулер әдістері, далалық, ГИС және қашықтықтан зондтау сияқты әдістерді меңгеріп, кеңістіктік деректерді нақты жағдайларда қолдана алады;

2. Геоинформатика және қолданбалы картография құралдарын қолданып, географиялық шешімдер ұсынуға арналған интерактивті визуализациялар жасайды;

3. Қоршаған ортаның сапасын, антропогендік әсерді бағалай отырып, геоэкологиялық жобалау әдістерін қолдана алады;

4. Өз өлкесі мен Қазақстан аймақтарының геоэкономикалық әлеуетін бағалап, тұрақты даму стратегиясын ұсынуға бейім болады;

5. Қазақстанның геосаяси жағдайын, қауіпсіздігін және халықаралық рөлін түсінеді, ынтымақтастық пен бейбітшілік құндылықтарын қолдайды;

6. Қазақстан мен әлем елдерінің даму деңгейін салыстырып, қолданбалы елтану арқылы елдердің географиялық, әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштерін талдайды;

7. Жаһандық мәселелерге географиялық тұрғыдан шешім ұсынып, жауапты, экосаналы жаһандық азамат ретінде әрекет етеді.

Тұлғалық даму нәтижелері:

Ақыл: күрделі жүйелерді сараптап, дәлелді қорытынды жасайды

Жүрек: өз халқы мен басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарайды

Еңбек: шешім қабылдау және жобалау арқылы әлемге оң әсер етуге ұмтылады

2-тарау. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

6. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Ғылыми жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру, тәжірибе жүргізу барысында рөлдерді тиімді бөлу, нәтижелерді көпшілік алдында қорғау	Жауапкершілік пен ынтымақтастық қабілетін дамыту, өзгенің пікірін құрметтеу, ғылыми-этикалық нормаларды сақтау	Коммуникативті дағдылар, топпен жұмыс істеу және жобалық қызметті басқару тәжірибесі
Ғылым	Ғылыми зерттеудің кезеңдерін меңгеру (мәселе қою, гипотеза жасау, эксперимент, талдау, қорытынды), нақты биологиялық ұғымдарды, терминдерді орынды қолдану	Қоршаған ортаға және тірі ағзаларға ғылыми негізде түсіністікпен қарау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ұмтылу	Ақпаратты талдау, сұрыптау, визуализациялау және биологиялық деректерді интерпретациялау дағдылары
Шығармашылық	Географиялық мәселелерге балама шешімдер ұсыну, инновациялық идеялар әзірлеу, модельдеу мен симуляцияны қолдану	Табиғатқа деген эстетикалық және рухани қарым-қатынасты қалыптастыру, геоэкологиялық этика принциптерін түсіну және ұстану	Алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану, экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын насихаттау

4-параграф. Бағалау критерийлері

7. «География» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар

төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Білімалушылар мәтіннің мазмұнын, мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	Білімалушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету маңыздылығын түсінеді.	Білімалушылар жазбаша және ауызша мәтіндер жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	Білімалушылар өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады. Білімалушылар картаның тілін пайдалана отырып талдау жұмыстарын орындайды.

8. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

9. Бағалауы:

География бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

- 1) Тұтастық, тұрақты даму, табиғи мұра, Географиялық заңдылықтар
- 2) Қоғам, ғаламдану, көші-қон, жер аудару
- 3) Халықтар географиясы, туризм
- 4) Әлеуметтік инфрақұрылым, геоэкономика
- 5) идея және тәжірибе, эксперимент
- 6) Коммуникация байланыс
- 7) Экология, ғаламдық проблемалар
- 8) Денсаулық және әл-ауқат, қоршаған орта, өмір салты

Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаттары	
		10-сынып	11-сынып
1. Географиялық зерттеу әдістері	Жалпы географиялық әдістер	10.1.1.1-зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг және салыстыру әдістерін қолдану; 10.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану; 10.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 10.1.1.5- зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады	- зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама мен эксперттік бағалау әдістерін қолдану; - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
		10.1.1.6- Зерттеу тақырыбының әдістері негізінде заманауи зерттеулердің жетістіктерін талдау	11.1.1.4- Географиялық зерттеулердің соңғы нәтижелерін ұсыну
2. Картография және геоинформатика	2.1 Картография	10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталар-ды оқу, оларды қолданумен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
	2.2 Геоинформатика негіздері	10.2.2.1- Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру; 10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен	11.2.2.1 - қашықтықтан зерде-леу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 11.2.2.2 - геоақпараттық әдіс-тер мен геоақпараттық жүйе-лер (ГАЗ) технологиялары-ның ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен

		картодиаграммаларды жасау; 10.2.2.2 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) графикалық редакторларын қолдану арқылы тақырыптық картасызбалар жасау	байланыстарын түсіндіру; 11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру; 11.2.2.4 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
3.Табиғатты пайдалану және	3.1 Табиғатты пайдалану	10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну 10.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); 10.3.1.3 - табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсыну(жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде) 10.3.1.4 - табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтау; 10.3.1.5 - табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)	11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау; 11.3.1.2-табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау(жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) механизмін талдау; 11.3.1.3 - табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде) 11.3.1.4 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, "экологиялықізін" есептеу; 11.3.1.5 - жеке тұлғаның денсаулығына табиғи ортаның әсерін бағалау және жеке тұлғаның табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының басты қағидаттарын ұсыну (тұтыну тұрғысынан) (өзгертілді) 11.3.1.6 – Жергілікті компонентті қамту негізінде жаһандану деңгейіндегі заманауи экологиялық жобаларды ұсыну
	3.2 Экологиялық	10.3.2.1 - геоэкологиялық	- қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері

	таза өндірістерді жобалау	зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын графикалық түрде ұсыну және геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру;(біріктірілді) 10.3.2.2 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу; 10.3.2.3 - дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру; 10.3.2.4 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; 10.3.2.6 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдары мен экологиялық таза өндірістік жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) (өзгертілді) 10.3.2.7 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіріп, геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; (біріктірілді) 10.3.2.9 - ғаламдық экологиялық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеп, инновациялық	мен қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; - ластанған қоршаған ортаның адам өміріне тигізетін әсеріне баға беру(жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде); - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу; - қоршаған орта сапасын тәжірибелік зерттеу арқылы анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу(жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); - қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) – қоршаған ортаның өзгеруінен туындайтын қауіптердің алдын алу бойынша ұсынылған жобаларды бағалау
--	---------------------------	--	--

		технологиялардың рөлін анықтау; 10.3.2.11 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру және Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын және қазіргі ғылыми-техникалық құралдар мен міндеттер негізіндегі экологиялық жобаларды ұсыну(өзгертілді және біріктірілді)	
--	--	--	--

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
			11-сынып
Бөлім 7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары	7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу;
		Ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері	11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау;
		Біздің болашағымыз.Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?	11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алу немесе шешу жөнінде өзіндік жобасын ұсыну
		Абай толық адам концепциясы- Жаһандық үйлесімділік негізі	11.7.1.4 Абайдың «толық адам» тұжырымдамасын талдап, оны жаһандық мәселелерді шешуге қолдану жолдарын ұсыну

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары
			10-сынып
Бөлім 7. Адамзаттың ғаламдық проблема лары		Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері	10.7.1.1 адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру
			10.7.1.2 ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау

7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу			10.7.1.2 ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау
			10.7.1.3 ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру
			10.7.1.3 ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру
			10.7.1.4 ғаламдық проблемалардың аумақтық көріністерін анықтау

10–11-сыныптарға арналған
«Әлем тарихы» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленген. Ол пәнаралық байланысқа, функционалдық сауаттылыққа, зерттеу мен жобалау дағдыларына, жеке білім траекторияларын құруға негізделеді.

Бұл бағдарлама оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, дүниежүзілік өркениеттердің дамуын, адамзаттың жаһандық мәселелерді шешудегі тәжірибесін, тарихи тұлғалар мен идеялардың рөлін терең зерделеуге мүмкіндік береді. Оқушылар жаһандық тарихи процестерді ұлттық тарихпен байланыстыра отырып, тарихи ойлау, салыстырмалы талдау, дереккөзбен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Пәннің мақсаты: Оқушылардың адамзат өркениетінің негізгі кезеңдері мен идеялық-саяси, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді түсінуіне, тарихи сананы қалыптастыруына және қазіргі жаһандық құбылыстарды тарихи тұрғыдан пайымдай алуына жағдай жасау.

Міндеттері:

Әлем тарихының негізгі кезеңдері мен оқиғаларын жүйелі меңгерту;
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
Тарихи ойлау және тарихи салыстыру, талдау машығын дамыту;
Тұлғалық, гуманистік және азаматтық құндылықтарды тәрбиелеу;
Жаһандық мәселелерді тарихи тұрғыдан бағалау мен болжау жасауға үйрету.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Әлем тарихы» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

- 1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;
- 2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3.Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4.10-сынып мазмұны:

Орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуірі: Еуропа мен Азия өркениеттері

Ұлы географиялық ашулар және олардың салдары
 Жаңа заман тарихы: абсолютизм, буржуазиялық революциялар
 XIX ғасыр – индустрияландыру мен отаршылдық дәуірі
 Ұлттық қозғалыстар және жаңа мемлекеттердің құрылуы
 Әлемдік мәдениет пен ғылым дамуы
 Жобалық жұмыс: тарихи тұлғаның рөлі немесе өркениеттер тоғысы
 11-сынып мазмұны:
 XX ғасырдың басындағы әлем: империялар мен дағдарыстар
 Екі дүниежүзілік соғыс және олардың салдары
 Соғыстан кейінгі әлем: блоктарға бөліну және қырғи-қабақ соғыс
 XX ғасырдың екінші жартысындағы жаһандық өзгерістер
 XXI ғасыр басындағы жаһандық процестер мен сын-қатерлер
 Цифрлық дәуірдегі тарихты зерделеу: тарихи сананы жаңаша
 қалыптастыру
 STEAM жобалар: жаһандық тарихтағы тұрақты даму, бейбітшілік идеясы
 Тарихи дерекпен жұмыс, медиа және цифрлық сауаттылық

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Тарихи жобаларды басқару, тарихи пікірталастар ұйымдастыру	Азаматтық жауапкершілік, мәдени көптүрлілікке құрмет	Коммуникативтік, дерекпен жұмыс дағдылары
Ғылым	Дереккөздерден мәлімет алу, салыстырмалы талдау жасау	Сыни ойлау, пайымдау қабілеті	Ақпараттық және медиа сауаттылық
Шығармашылық	Тарихи реконструкция, мультимедиялық жоба жасау	Қиял мен образ арқылы тарихи бейне қалыптастыру	Презентация, визуализация дағдылары

10-11 сыныптарға арналған «Құқық негіздері» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы болып табылады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына сәйкес әзірленген. Бағдарлама Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялай отырып, оқытудың бірегей моделін ұсынады.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заң нормаларын білуге және оларды күнделікті өмірде қолдана білуге, құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған пән.

Бұл бағдарлама оқу мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін, заңға және әділетке құрметпен қарау ұстанымын қалыптастыруды көздейді.

Бағдарлама мақсаты (тереңдетілген деңгей, халықаралық құқықтық аспектілермен біріктірілген):

Оқушылардың құқықты көпдеңгейлі нормативтік жүйе ретінде тұтас қабылдауына жағдай жасау, оның құрамына ұлттық құқық, халықаралық жария құқық, халықаралық жеке құқық, аймақтық құқықтық режимдер мен ұлттан жоғары құқық кіреді. Оқушылар нормативтік плюрализм, юрисдикциялық фрагментация, құқықтық нормалар иерархиясы (*jus cogens*, *lex specialis*, *lex posterior*) сияқты ұғымдарды меңгеріп, құқықтық коллизия түрлерін анықтай алуы және оларды шешу тәсілдерін қолдана алуы тиіс..

Доктриналық талдау, құқықтық интерпретация және салыстырмалы-құқықтық зерттеу жүргізу қабілетін дамыту, оның ішінде заң герменевтикасы, телеологиялық және жүйелі талдау әдістерін меңгеру, сондай-ақ прецеденттік тәжірибені қолдану. Оқушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция, Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты сынды халықаралық құқықтық актілермен салыстыра талдай алуы қажет.

Халықаралық және ұлттық құқықтық реттеу саласына тән ұғымдық-санаттық аппаратты меңгеру, оның ішінде: егемендік пен юрисдикцияны шектеу, экстерриториялылық, әмбебап юрисдикция, трансшекаралық құқық қолдану, халықаралық міндеттемелерді имплементациялау, *soft law* нормаларының

әрекеті және халықаралық құқық нормаларын бұзуға қарсы тұру құқығы сияқты күрделі ұғымдарды терең түсіну.

Трансұлттық контексте күрделі құқықтық жағдайларды модельдеу дағдыларын қалыптастыру, оның ішінде қолданылатын құқықты анықтау (*lex loci delicti commissi*, *lex fori*), юрисдикциялық қайшылықтарды талдау, эквиваленттілік және шетелдік шешімдерді тану механизмдерін, халықаралық арбитраж, медиация және БҰҰ, МҚС (МУС), АҚЕС (ЕСПЧ), Адам құқықтары жөніндегі кеңес (СПЧ) сияқты халықаралық құқық қорғау механизмдерін түсіну.

Жаһандық құқықтық бірегейлік контексіндегі құқықтық сана мен рефлексияны қалыптастыру, яғни позитивті құқық пен табиғи құқық доктринасының өзара байланысын сыни тұрғыда түсіну, әмбебап және бөлінбейтін адам құқықтарының мәнін ұғыну, оларды төтенше жағдай режимінде, өтпелі әділеттік (*transitional justice*) жағдайында, сондай-ақ гуманитарлық дағдарыс, қарулы қақтығыстар мен халықаралық санкциялар механизмдері шеңберінде жүзеге асыру ерекшеліктерін білу.

Жеке тұлғаның өз құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау үшін құқықтық позиция қалыптастыруына ықпал ету, оның ішінде: субсидиарлық қағидат, ұлттық құқықтық қорғау құралдарының таусылуы, халықаралық органдардың шешімдерін тану, БҰҰ органдарына және аймақтық соттарға жеке шағым беру рәсімдерін меңгеру.

Бағдарламаның міндеттері:

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

Құқықтың көпдеңгейлі нормативтік жүйе ретіндегі тұтас түсінігін қалыптастыру.

- 1.1. Құқықтық жүйелердің типологиясын (романо-германдық, англосаксондық, діни, дәстүрлі, аралас) талдау және Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің осы жіктемедегі орнын институционалдық, тарихи-құқықтық және доктриналық тұрғыда негіздеу.
 - 1.2. Қазақстандағы құқықтық нормалар иерархиясын халықаралық құқықтағы *jus cogens* (императивтік нормалар) ұғымымен салыстыру және ұлттық пен халықаралық нормалар арасындағы ықтимал қайшылықтарды анықтау.
 - 1.3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық шарттар және құқықтық әдет-ғұрыптардың өзара әрекеттесуін мысал ретінде алып, нормативтік плюрализм ұғымын талдау және құқықтық коллизия жағдайында шешім қабылдау үлгісін жасау.
2. Құқықтық интерпретация және салыстырмалы құқықтық талдау дағдыларын дамыту
- 2.1. Халықаралық құқықтық актілердің (мысалы: Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция) және Қазақстан Конституциясының тиісті баптарын салыстыра отырып, халықаралық құқық нормаларының ұлттық құқыққа имплементациясын анықтау;
 - 2.2. Төтенше жағдайлар кезінде адам құқықтарының шектелуіне қатысты гипотетикалық құқықтық дауды талдау және бұл жағдайда телеологиялық және

жүйелі интерпретация әдістерін қолдана отырып құқықтық позиция ұсыну (мысалы: *Handyside v. United Kingdom*, Еуропалық Адам құқықтары сотының тәжірибесіне сүйену).

2.3. Қазақстан мен басқа аймақтық құқықтық жүйелердегі (мысалы, Еуроодақ немесе Латын Америкасы елдері) заңдық жауапкершілік институттарын салыстыра талдау: заңдылық, пропорционалдық және санкциялардың тиімділігі қағидаттары негізінде.

3. Ұлттық және халықаралық құқықтың ұғымдық-санаттық аппаратымен жұмыс жасау;

3.1. Төмендегі ұғымдардың құқықтық айырмашылықтарын түсіндіретін және салыстыратын аналитикалық кесте құрастыру: егемендік, юрисдикция, экстерриториялылық, әмбебап юрисдикция, функционалдық иммунитет, гуманитарлық интервенция.

3.2. Шекарааралық құқықбұзушылық (мысалы: интернеттегі қудалау немесе жеккөрушілік тілі) жағдайына арналған казусты шешу: қолданылатын құқықты анықтау және таңдалған норманы (*lex fori*, *lex loci delicti commissi*, *lex causae*) дәлелдеу.

3.3. *Soft law* (жұмсақ құқық) тұжырымдамасының ұлттық заңнамаға әсерін талдау: Париж климаттық келісімі, БҰҰ-ның бизнесте адам құқықтарын сақтау жөніндегі нұсқаулықтары сынды құжаттарды мысалға алу.

4. Халықаралық контекстегі күрделі құқықтық жағдайларды модельдеу

4.1. Халықаралық арбитраждық дауды (инвестициялық немесе зияткерлік меншік саласында) модельдеу: юрисдикцияны анықтау, қолданылатын құқықты таңдау, шешімді тану мен орындау процедураларын сипаттау.

4.2. Траншекараалық қылмыстарды (мысалы: адам саудасы немесе киберқылмыс) құқықтық талдау: халықаралық қылмыстық құқық, БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы және ұлттық заңнама нормаларын қолдану.

4.3. Халықаралық және ұлттық құқық актілеріне сүйене отырып, еңбек мигранттарының құқықтарын қорғау моделін жасау: мысалы, БҰҰ-ның барлық еңбекші-мигранттардың құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенциясы және Қазақстан Республикасының еңбек көші-қоны туралы заңнамасы.

5. Ғаламдық құқықтық сана қалыптастыру

5.1. Құқықтың философиялық негіздерін (табиғи құқық, позитивизм, құқықтық реализм, сыни юриспруденция) талдау және жаһандану жағдайында интегративті көзқарастың маңыздылығын дәлелдеу.

5.2. Адам құқықтарын шектеудің құқықтық шегін анықтау: қажеттілік тесті (*necessity test*), пропорционалдылық қағидасы және халықаралық прецеденттік тәжірибе негізінде құқықтық аргументация жасау.

5.3. Өтпелі әділеттілік (*transitional justice*) контекстіндегі постконфликттік елдерде қолданылатын құқықтық механизмдерді (люстрация, амнистия, шындыққа құқық, ұлттық татуласу комиссиялары) салыстыра зерттеу (мысалы: ОАР, Руанда, Украина тәжірибесі негізінде).

6. Халықаралық деңгейде құқықты қорғау қабілетін дамыту

6.1. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ комитетіне жеке шағым жолдау процедурасын зерттеу (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Факультативтік хаттамасы аясында), және барлық талаптарға сәйкес (субсидиарлық қағидат, құқықтық құралдарды тауыса пайдалану, анонимсіздік) шағымның жобасын құрастыру.

6.2. Еуропалық Адам құқықтары сотының нақты ісін (мысалы: Тымчук Украинаға қарсы ісі) талдап, оның құрылымдық сараптамасын жүргізу: фактілік негіздер, құқықтық дәлелдеме, стандарттар, шешім және ұлттық құқыққа ықпалы.

6.3. Мемлекет тарапынан құқық бұзылған жағдайда (мысалы: заңсыз ұстау, әділ сот қағидаттарының бұзылуы) жеке құқықтарды қорғау стратегиясын құрастыру: БҰҰ-ның Адам құқықтары кеңесі, арнайы баяндаушылар, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар сияқты халықаралық механизмдерді қолдану.

Бағдарламаның мазмұны:

Бұл оқу бағдарламасы қазіргі жаһандық құқықтық кеңістікте бағдар жасай алатын, ұлттық және халықаралық құқықтың өзара ықпалдастығын ұғынып, терең талдай алатын құқықтық сауатты тұлға қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама халықаралық-құқықтық нормаларға негізделіп, Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесін салыстырмалы-құқықтық талдау аясында қарастырады.

Бағдарламаның мазмұны құқық теориясы, конституциялық құқық, адам құқықтары, халықаралық құқық, құқықтық жауапкершілік және құқықтық мәдениет бағыттарындағы тереңдетілген білімді қамтиды. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы, *jus cogens* (императивтік нормалар), *soft law*, халықаралық юрисдикция, құқықтық интерпретация және құқықтық плюрализм сынды күрделі категориялар оқушылардың теориялық және практикалық құқықтық сауатын қалыптастырудың өзегіне айналады.

Бағдарлама оқушылардың келесі құзыреттерін дамытуға бағытталған:

– Құқықтық жүйелерді типологиялық сараптау: романо-германдық, англосаксондық, діни және аралас құқықтық жүйелерді салыстыру арқылы Қазақстанның құқықтық моделін контекстеу;

– Халықаралық және ұлттық құқық нормаларын салыстырмалы талдау: адам құқықтары, мемлекеттің юрисдикциясы, халықаралық шарттар мен ұлттық заңнама арасындағы үйлесімділік пен қайшылықтарды анықтау;

– Интерпретациялық және казустық талдау дағдыларын жетілдіру: құқықтық нормаларды телеологиялық, жүйелі және грамматикалық тәсілдер арқылы талдау;

– Құқықтық модельдеу және дауларды шешу қабілеті: халықаралық арбитраж, адам құқықтары жөніндегі халықаралық соттар, халықаралық гуманитарлық құқық негізінде заңды позиция қалыптастыру;

– Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру: жаһандық құқықтық дискурстағы философиялық бағыттармен (позитивизм, табиғи құқық, құқықтық реализм) танысу және сыни-құқықтық рефлексия жүргізу.

Бағдарлама құрылымы оқушыны күрделі құқықтық жағдайларды талдай алуға, халықаралық құқықтың базалық категорияларын қолдана отырып құқықтық позиция қорғауға, және адам құқықтарын халықаралық деңгейде тиімді қорғау жолдарын анықтауға үйретеді. Бұл ретте оқу процесі проблемалық оқыту, модельдеу, талдамалық пікірталас және құқықтық құжаттармен жұмыс істеу әдістері арқылы ұйымдастырылады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына сай бола отырып, құқықтық білім берудің халықаралық (ЮНЕСКО, БҰҰ, Еуропалық Кеңес) ұсынымдары мен құндылықтарына сәйкес келеді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

2.«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа бағытталған, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілікке негізделген конструктивистік белсенділік, коммуникативтік және инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін дамытуды, олардың тұлғалық қасиеттерінің азаматтық ұстанымын және қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

3.Бағдарламаның мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4.Бағдарламаның құрылымы төмендегі дағдыларды дамытуға бағытталған: Білім алушылардың сыни ойлау, зерттеушілік, коммуникативтік шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік жауапкершілігін, құқықтық бағдарын, жеке оқу траекториясын құру қабілетін және пән аралық байланысты орнату мүмкіндіктерін дамыту.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Пәннің базалық мазмұны спиральді қағидатқа сәйкес құрастырылған. Оқу бөлімдерінің (юниттердің) негізгі тақырыптары мен дағдылары әр оқу деңгейінде жүйелі түрде қайталана отырып, біртіндеп күрделенеді, тереңдей түседі және абстрактілі сипатқа ие болады. Бұл тәсіл оқушылардың тұрақты білім мен құзыреттілікті игеруіне, ойлау икемділігін қалыптастыруға және пәнді меңгеруге деген сенімділігін арттыруға бағытталған.

Құқық негіздері пәнінің мазмұны:

10-сынып Көшбасшылық Ғылым Шығармашылық

11-сынып Көшбасшылық Ғылым Шығармашылық

10сынып	11сынып
Коммуникативтік дағдылар: Құқықтық ақпаратты талдау және қолдану. Жеңіл деңгейдегі ауызша аргументация.	Коммуникативтік дағдылар: Құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік жағдайлардағы дискуссиялар. Аргументтелген пікірді қолдану Қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу, қарсылас аргументтерін талдау
Мәтінмен жұмыс: Оқушылар құқықтық мәтіндермен жұмыс істеу арқылы: Заңнамалық құжаттардың мазмұнын түсінеді; Автордың (мемлекеттің) ұстанымын қарапайым интерпретациялайды. (мысалы, Ата заң баптарындағы құқықтар мен міндеттер; негізді ойды бөліп, жоспар құруқұқықтық жағдайларды әңгімелеу, нақты баптарға сүйеніп, қысқаша пікір білдіру дағдыларын қалыптастырады:	Мәтінмен жұмыс: Библиографиялық мәтін: белгілі тұлғалардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау, мінез- құлық модельдерін саралау Мотивациялық эссе/ сөз сөйлеу Оқушыларға шабыт беру, жауапкершілік пен шешім қабылдауды үйрету; Кейістік мәтін (жағдайлық тапсырма) Топпен шешім қабылдауды Интервью, эссе, Мақала + медиа мәтін, Диалог, Сот кейсі, шағын хроника Ашық сұраққа негізделген ойтолғау. Авторлық идея, подтекст, символика. Мақалалар, блогтар, медиаматериалдарды сыни тұрғыдан талдау. үйрену, көшбасшылық мінез-құлықты көрсету Дебатқа дайындық мәтіні: Қоғамдық мәселелерді талдау арқылы көшбасшылық дағдыны дамыту
Жазба тілі: хат-өтініш. аналитикалық есеп.	Жазба тілі: құқықтық эссе (ойлану, талдау), Рецензия (заңнамалық құжатқа мақалаға бейнематериалдарға) сыни мақала.

1.Ұлттық және жаһандық құзыреттілік: Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін терең меңгеру. Бағдарламада Қазақстан Республикасының құқықтық негіздері (Конституция, заң шығару процесі, мемлекеттік билік тармақтары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары) кеңінен қарастырылады. Бұл оқушыларға: ұлттық құқықтық мәдениетті тануға, құқықтық мемлекет принциптерін бағалауға, және азаматтық жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

Құқықтық сана және патриотизм. Ұлттық құқықтық нормаларды түсіну арқылы оқушыларда азаматтық ұстаным, қоғам алдындағы борыш пен жауапкершілік, заңға құрмет сияқты ұғымдар нығаяды. Бұл – ұлттық құзыретті тұлғаның негізгі сипаттары.

Мемлекет пен азамат арасындағы құқықтық қарым-қатынасқа баулу. Оқушылар құқықтық нормалар мен жауапкершілік туралы нақты білім ала отырып, өз құқықтарын пайдалану мен міндеттерін орындау мәдениетін қалыптастырады. Бұл процесс ұлттық құқықтық интеграцияның маңызды бөлігі.

Халықаралық құқық және оның қағидаттарын меңгеру. Бағдарламада халықаралық құқықтың негізгі институттары, субъектілері (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ДСҰ, Еуропалық сот және т.б.), халықаралық шарттар мен адам құқықтары туралы құжаттар қарастырылады. Бұл оқушыларға: жаһандық құқықтық тәртіпті түсінуге, халықаралық нормаларды ұлттық деңгейде түсіндіруге, мемлекетаралық құқықтық қарым-қатынастарды бағалауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы кең құқықтық көкжиек қалыптастыру. Бағдарламада романо-германдық, англосаксондық, діни және дәстүрлі құқықтық жүйелерді салыстыру арқылы оқушы халықаралық құқықтық плюрализмді танып, әртүрлі құқықтық мәдениеттерді саралай алады. Бұл – құқықтық төзімділік пен интеркультуралық түсіністікті дамытудың өзегі.

Адам құқықтарын жаһандық тұрғыда қорғау механизмдерін игеру. Оқушылар адам құқықтарын қорғау бойынша БҰҰ құрылымдары, Еуропалық Адам құқықтары соты және басқа халықаралық механизмдермен таныса отырып: глобал азаматтық сана, құқықтық универсализм, және трансұлттық жауапкершілік сезімі сияқты сапаларды игереді.

Халықаралық құқықтық симуляциялар мен жобалық жұмыс. Бағдарламада құқықтық модельдеу (мысалы, халықаралық трибунал, адам құқықтары бойынша комитет отырысы), жобалық зерттеу, құқықтық кейстерді талдау оқушыларды: коммуникативтік, аналитикалық, зерттеушілік құзыреттерге, және халықаралық құқықтық риторика мен аргументацияға дағдыландырады.

2) Коммуникативтік құзыреттілік: Пәнішілік терминологиялық лексиканы меңгеру. Бағдарламада құқық теориясы, халықаралық құқық, конституциялық құрылым, адам құқықтары мен құқықтық жауапкершілік сынды күрделі ұғымдар мен терминдер жүйелі түрде қолданылады: Нормативтік құқықтық акт, құқықтық жауапкершілік, юрисдикция, императивтік нормалар, халықаралық субъектілер, конституциялық қағидаттар т.б.

Осындай терминдерді меңгеру барысында оқушылар ұғымдық коммуникация жүргізуді, яғни заң тілінде ойын дәл және қисынды жеткізуді үйренеді. Бұл – кәсіби коммуникацияның базалық дағдысы.

Дебаттық, пікірталастық және казустық әдістер

Бағдарламада проблемалық оқыту, пікірталас, жағдайлық талдау (казустар), құқықтық модельдеу сияқты әдістер қарастырылған. Бұл әдістер оқушылардың:

Қарсы пікірге дәлелмен жауап беру;

Логикалық-құрылымды ой түзу;

Көпшілік алдында ойын жүйелі жеткізу;

Әр түрлі көзқарастарды салыстыру және талдау қабілеттерін дамытады.

Мысалы, адам құқықтарын бұзу немесе халықаралық шарттарды орындау мәселесіне қатысты оқушылар жария пікірталас немесе сот моделі түріндегі симуляциялар арқылы заңды риторика мен дәлелдеу мәдениетін меңгереді.

Халықаралық құқықтық құжаттармен жұмыс жасау

Бағдарламада БҰҰ Жарғысы, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы, ЕҚЫҰ және басқа халықаралық ұйымдардың құжаттарын т.б. талдау қамтылады. Бұл оқушыларға: көптілді мәтіндермен жұмыс жасауға (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі құқықтық мәтіндер), құқықтық мәтіндерді салыстырып талдауға, түсіндірме және қайта мазмұндау дағдыларын дамытуға жол ашады.

Жеке және топтық құқықтық жобалар

Бағдарламаның қорытынды бөлімінде оқушылар ғылыми-тәжірибелік құқықтық жоба орындайды. Бұл жобаларды ұсыну және қорғау кезеңінде

оқушылар: Құқықтық презентация дайындау, топ ішінде рөлдік бөлініс жасау (спикер, сарапшы, аналитик), пікірталас кезінде кәсіби этика мен сөйлеу мәдениетін ұстану тәжірибесін жинақтайды. Ғылыми-тәжірибелік құқықтық жоба жұмыстарының түрін таңдау пән мұғалімінің еркінде.

Критериалды бағалау және кері байланыс

Оқыту мен бағалаудың заманауи тәсілдері (рефлексия, өзара бағалау, кері байланыс) арқылы оқушылар жазбаша және ауызша аргументацияны, сыни-құқықтық пікір білдіруді, пікірін дәлелдеуді үйренеді. Бұл процестер коммуникативтік құзыреттіліктің дамуына дәйекті әсер етеді.

3)Зерттеу және сыни ойлау құзыреттілігі: «Құқық негіздері» пәні оқушылардың құқықтық ақпаратпен (заңнамалық құжаттар, құқықтық жағдайлар, нормативтік актілер) жұмыс істеу, оны талдау және тұжырым жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім алушылар өз бетінше құқықтық мәселелерді зерделеу, құқықтық нормаларды салыстыру және олардың қоғамдағы қолданысын талдау арқылы сыни және логикалық тұрғыдан ойлауға дағдыланады. Сонымен қатар, олар қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелерге креативті шешім ұсыну арқылы азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Бұл құзыреттілік тұлғаның терең пайымдайтын, жауапты әрі әділетті көзқарас иесі болуына негіз қалайды.

Зерттеушілік тәсілдерге негізделген модульдер

Бағдарламада келесі тақырыптар зерттеу әрекетіне кеңінен жол ашады: Конституциялық құрылым мен билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік; Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шектелу шекаралары; Халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңнаманың өзара әрекеттестігі; Адам құқықтары саласындағы халықаралық юрисдикция мәселелері т.б. Бұл тақырыптар құқықтық жағдаяттарды талдау, салыстырмалы-құқықтық шолу жасау, заңнамалық актілердің тиімділігін бағалау сынды әрекеттер арқылы оқушыны ғылыми ойлау мен дәлелдеу қызметіне тартады.

Құқықтық зерттеу әдістерін меңгерту

Бағдарлама зерттеудің келесі құқықтық әдістерін қолдануға негізделген: Казустық талдау (нақты құқықтық жағдайды зерттеу); Салыстырмалы-құқықтық талдау (әртүрлі елдер арасындағы құқықтық реттеуді салыстыру); Нормативтік-құқықтық актілерді интерпретациялау; Доктриналық (ғылыми) көзқарастарды талдау. Осы әдістерді қолдану арқылы оқушылар құқықтық гипотеза жасау, дәлелдерді жинақтау, зерттеу қорытындысын логикалық түрде тұжырымдау дағдыларын меңгереді.

Дереккөздермен және құжаттармен жұмыс жасау қабілеті

Бағдарламада халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттармен жұмыс істеу міндеттелген. Оқушылар: Қазақстан Конституциясы мен кодекстерін; Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; БҰҰ Жарғысы, ЕҚЫҰ актілері; Халықаралық соттардың прецеденттік шешімдерін талдау арқылы құқықтық ақпаратты іздеу, сұрыптау, құрылымдау және интерпретациялау дағдыларын дамытады.

Құқықтық жобалық-зерттеу жұмыстары. Бағдарлама құрылымында оқушыларға: Жеке немесе топтық құқықтық жобалар қорғау; Құқықтық-

социологиялық сауалнама жүргізу; Заңнамалық ұсыныс дайындау; Зерттеу рефераты немесе құқықтық мақала жазу сияқты практикалық тапсырмалар ұсынылады. Бұл оқушылардың зерттеу циклін толық меңгеруіне мүмкіндік береді: мәселе қою → гипотеза қалыптастыру → деректер жинау → талдау → қорытынды → презентация жасау.

Сыни ойлау және рефлексия арқылы зерттеушілік рефлексияны дамыту. Зерттеу жұмыстары барысында оқушылар тек деректерді жинақтап қана қоймай, оларды сыни-құқықтық тұрғыдан бағалайды. Бұл өз кезегінде: нормативтік актінің құқықтық мазмұнын сын тұрғысынан қарастыру; әлеуметтік-құқықтық салдардың тиімділігіне баға беру; альтернативті құқықтық шешімдер ұсыну сияқты жоғары деңгейлі ойлау әрекеттерін қажет етеді.

4) Базалық құндылықтар:

- 1) тәуелсіздік және патриотизм;
- 2) бірлік және ынтымақ;
- 3) әділдік пен жауапкершілік;
- 4) заң және тәртіп;
- 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- 6) жасампаздық пен жаңашылдық.

6. Пәннің мазмұны әлемдік білім беру стандарттары мен Қазақ ұлттық дәстүрлерді ұштастыра отырып, оқушылардың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, оларды елдің негізгі салаларын жетілдіруге дайындайды.

7. «Құқық негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы мектептерге жергілікті және ұлттық оқу мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, мазмұны терең, өзекті, күрделі әрі маңызды білім саласын ұсынады.

Пән оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, зерттеуге негізделген оқыту тәсілін қолдана отырып, құқықтық тілді, ұғымдарды және процестерді тануға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде білім алушылар фактологиялық, концептуалдық және пікірталасқа негізделген сұрақтарды талдау арқылы құқықтық ойлау мен дәлелді пікір айту дағдыларын дамытады.

8. Білім алушылар негізгі және қатысты ұғымдарды орта білім ғаламдық контексттері арқылы зерттейді:

«Сәйкестілік және қатынастар» контексінде тұлға мен қоғам, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі және мемлекетпен өзара байланысы мәселелерін қарастырады.

«Кеңістік пен уақыттағы бағдарлау» арқылы Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің тарихи қалыптасуы мен эволюциясын зерделейді. «Жеке және мәдени өрнек» тақырыбында ұлттық құқықтық дәстүрлер мен заманауи құқықтық көзқарастар арасындағы байланысқа назар аударады.

«Ғылыми және техникалық инновациялар» контексі аясында киберқұқық, цифрлық қауіпсіздік және инновациялық технологиялардың құқықтық салдары талданады.

«Глобализация және тұрақтылық» бағыты халықаралық құқық, жаһандық құқықтық мәселелер мен тұрақты даму ұстанымдарын қамтиды. Ал «Әділеттілік және даму» контексінде құқық пен әділеттің қоғамдағы орны, әлеуметтік теңдік және құқықтық мемлекет қағидалары қарастырылады.

9. Күтілетін нәтижелер:

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	сөйлеу дағдыларын олардың қарым-қатынас жағдайына сәйкестігі мен болжанған нәтижеге қол жеткізу табыстылығы тұрғысынан талдау	Қазақ халқының негізгі ұлттық-мәдени құндылықтарының бірі ретінде түсіну, ана тілінің жеке тұлғаның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері мен моральдық қасиеттерін дамытудағы рөлін анықтау, оның мектептегі білім алу процесіндегі маңыздылығын түсіну	Барлық сөйлеу әрекеттерін меңгеру
Ғылым	коммуникативті жағдаятта туындайтын қиындықтардың негізгі себептерін түсіну және оларды түсіндіре білу; өз және өзгелердің сөзін дәл, орынды және әсерлі сөз қолдану тұрғысынан бағалау; тілдің әртүрлі әсерлі құралдарын тану	Қазақ тілінің эстетикалық құндылығын түсіну; қазақ тіліне құрметпен қарау, онымен мақтану; қазақ тілінің ұлттық мәдениет құбылысы ретінде тазалығын сақтауға қажеттілік; сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ұмтылу	Ақпаратпен жұмыс дағдыларын жетілдіру
Шығармашылық	оқу мақсаттарын тәуелсіз анықтау, жаңа міндеттерді қою және өз оқу мен танымдық қызметінде дамыту, өз танымдық қызығушылықтары мен қызығушылықтарын дамыту;	Әдептілік сана-сезімінің дамуы және моральдық мәселелерді шешу кезінде жеке таңдау негізінде кәсіби қабілеттілік, адамгершілік сезімдер мен адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру, өз іс-әрекетіне саналы және жауапты қатынас; оқуға жауапкершілікпен қарау; еңбекке	Алынған білім, дағды және дағдыларды күнделікті өмірде қолдану

		құрметпен қарау, әлеуметтік маңызы бар еңбекке қатысу тәжірибесінің болуы	
	мақсаттарға жету жолдарын, оның ішінде баламалы жолдарды тәуелсіз жоспарлау, оқу мен танымдық міндеттерді шешудің ең тиімді тәсілдерін саналы түрде таңдау	Өз бетінше даму мен өзін-өзі оқытуға дайындық және қабілеттілік, оқу мен танымға деген мотивация негізінде өзін-өзі бағалау қабілеті, өз сөзін бақылау арқылы өзін-өзі бағалау дағдысы	Жобалық қызмет тәжірибесін алу
	әртүрлі талқылауларға қатысу, өз ұстанымын айқындау және оны негіздеу, өмірлік және оқырмандық тәжірибеден мәліметтер тарту	Қазіргі заманғы экологиялық ойлауға сәйкес экологиялық мәдениеттің негіздерін меңгеру.	Адамдармен қарым-қатынасты коммуникативті тиімді жүзеге асыру

10. «Құқық негіздері» пәнінің міндеті төрт бағалау критерийлерінің біріне сәйкес келеді. Әрбір критерийде сегіз мүмкін болатын жетістік деңгейі (1–8) бар, олар төрт топқа бөлінген, әр топтың өзіндік сипаттамалары бар, бұл оқушылардың жұмысына мұғалімдердің шешім қабылдауына негіз болады.

Критерий А: Талдау	Критерий В: Ұйымдастыру	Критерий С: Мәтін өндіру	Критерий D: Тілді қолдану
Оқушылар мәтіннің түрлі компоненттері мен мәтіндер арасындағы байланысты, сондай-ақ аудиторияның реакциясы мен жасаушының мақсаттары туралы түсінік көрсетеді. Оқушылар мәтінді өз жауаптарын қолдауға және әртүрлі көзқарастар мен түсіндірмелерге талдау жасауға пайдаланады.	Оқушылар өз идеялары мен пікірлерін түрлі коммуникациялық формалар мен мақсаттарға арналған тиісті ережелерді пайдалана отырып, түсінеді және ұйымдастырады. Олар академиялық адалдықты сақтаудың, интеллектуалдық меншік құқықтарын құрметтеудің және барлық дереккөздерді дәл көрсету	Оқушылар жазбаша және ауызша мәтіндер жасайды, шығармашылық процесс пен жасаушы мен аудитория арасындағы байланысты түсіну негізінде. Оқушылар мәтіндер жасау барысында жасаушы мен аудиторияға әсер ететін шешімдер қабылдайды.	Оқушылар өз ойларын, идеяларын және ақпаратты ұйымдастырып, білдіріп, қарым-қатынас жасайды. Олар контекстке және мақсатқа сәйкес келетін дәл және әртүрлі тілдерді қолданады.

	маңыздылығын түсінеді.		
--	------------------------	--	--

11. Бағалау шәкілі:

4 критерий	3 критерий	2 критерий	1 критерий	Қорытынды баға	Қазақстандық баға
1-5	0-3	0-2	1	1	2
6-9	4-6	3-4	2	2	3
10-14	7-10	5-7	3	3	3
15-18	11-13	8-9	4	4	4
19-23	14-17	10-11	5	5	4
24-27	18-20	12-13	6	6	5
28-32	21-24	14-16	7-8	7	5

12.Бағалауы:

Тіл бағдарламасында зерттелетін идеялар мен мәселелер мыналарды қамтиды:

- 1) Сәйкестік, мұра, мәдениет, әртүрлілік
- 2) Қоғамдар, ғаламдану, көші-қон, жер аудару
- 3) Әлеуметтік тарих, өркениеттер, саяхаттар
- 4) Медиа және ұжымдық коммуникация
- 5) Балалық шақ, жасөспірім кезең, жастар, идея және тәжірибе
- 6) Отбасы, достық, қарым-қатынастар
- 7) Жүйелер, билік және қарсылық, әділет, бейбітшілік және қақтығыстар, еркіндік және тәуелсіздік
- 8) Денсаулық және әл-ауқат, қоршаған орта, өмір салты
- 9) Әлеуметтік рөлдер, нормалар мен күтілетін нәтижелер, инклюзия, әлеуметтік таптар
- 10) Утопиялар, дистопия, аман қалу
- 11) Дін, сенім, құндылықтар, ғұрыптар, руханият, тыйым салынған нәрселер
- 12) Құштарлық, сатқындық, кек алу, кешіру

1. Емтихан құрылымдары тапсырмалардың құрылымын анықтайды, олар ішкі бағалауларды қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын модельдейді, қайталайды және үлгі ретінде алады.

Тапсырма	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
Анализ	Оқушылардың екі мәтін үзіндісін талдап, салыстырып, пікірлер мен негіздемелер беріп, жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыра білуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануын көрсетуі бағаланады (критерийлер А, В және D).	30

Шығармашылық жазу	Оқушылардың жұмысын үйлесімді және логикалық түрде ұйымдастыруы (критерий В), шығармашылық процессіне қатысып, аудиторияға әсерін түсінуі, сондай-ақ тілдік және грамматикалық дәлдік деңгейі жоғары тіл қолдануы бағаланады (критерийлер С және D).	50
-------------------	--	----

14. Үлгі сұрақ (шығармашылық жазу):

Оқушыларға визуалды бейне ұсынылып, төмендегі үш тапсырманың біреуіне жауап ретінде 400-600 сөзден тұратын мәтін жазуы қажет:

1) Осы көрініске қатысушы баяндамашының ойлары мен сезімдерін білдіретін ішкі монолог жазыңыз.

2) Кескінделген сәттен кейінгі оқиғаларды баяндаңыз.

3) Осы бейнедегі адам сіз болдыңыз делік. Көзіңізбен көрген нәрсені сипаттаңыз.

«Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын орындау білім алушыларда құқықтық жағдайларды талдау, нормативтік құқықтық құжаттар негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жобалық зерттеу жұмысты орындау барысында білім алушылар зерттеу сұрақтарын құрастыру, құқықтық деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өз болжамдарын ұсыну, нәтижелер мен қорытындылар шығару, өз ұстанымдарын белгілеу, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде анық және сауатты жеткізе білу сияқты зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады және дамытады.

**10–11-сыныптарға арналған
«Саясаттану» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленді.

Бұл бағдарлама оқушыларға саясаттың мәнін, құрылымын, негізгі институттары мен үдерістерін таныстыру арқылы оларды белсенді азамат болуға, сыни тұрғыдан ойлауға және демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді. Пән оқушыларды саяси сауаттылыққа, қоғамдық өмірге араласуға және өз пікірін дәлелдеуге машықтандыруды мақсат етеді.

Пәннің мақсаты: Оқушылардың саяси жүйе, билік, мемлекет, демократия, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам туралы негізгі білімдерін қалыптастырып, заманауи әлемдегі саяси құбылыстарға сыни көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Саясаттың мәні мен құрылымын ұғындыру;
- 2) Мемлекет, билік және басқару формалары туралы түсінік беру;
- 3) Қазақстандағы және әлемдегі саяси жүйелер мен идеологияларды таныстыру;
- 4) Азаматтық белсенділік пен жауапкершілікті қалыптастыру;
- 5) Қоғамдағы саяси құбылыстарды талдау, пікірталас жүргізу және шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Саясаттану» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3. Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4.10-сынып мазмұны:

Саясаттану пәні және оның зерттеу әдістері

Саясаттың мәні, қызметтері, субъектілері

Мемлекет және билік ұғымдары

Саяси билік түрлері және легитимдік
 Демократия және оның түрлері
 ҚР Конституциясындағы билік тармақтары
 Саяси мәдениет және саяси әлеуметтену
 Саяси идеологиялар: либерализм, консерватизм, социализм т.б.
 Жобалық жұмыс: «Мен – белсенді азаматпын»
 5.11-сынып мазмұны:
 Сайлау жүйелері мен саяси партиялар
 Қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ-тың саяси ықпалы
 Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет
 Қазақстандағы саяси жүйе және Президент институты
 Сыртқы саясат және халықаралық қатынастар
 Қазақстанның жаһандық бастамалары
 Саяси шешімдер қабылдау процесі
 Саяси көшбасшылық және саяси коммуникация
 Жобалық жұмыс: «Қазақстанның саяси даму болашағы»

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Пікірталас, саяси шешім ұсыну, дәлелдеу	Белсенді азаматтық ұстаным	Коммуникативтік, талдау дағдылары
Ғылым	Саяси терминдерді қолдану, жүйелі ойлау	Талдау мен тұжырым жасау	Сыни және аналитикалық ойлау
Шығармашылық	Сценарий, пікірсайыс, инфографика жасау	Саяси жағдаяттарды бағалау	Цифрлық сауаттылық, жобалау машығы

**10–11-сыныптарға арналған
«Әлеуметтану» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленді.

«Әлеуметтану» пәні – оқушыларға қоғамның құрылымы мен жұмыс істеу заңдылықтарын, әлеуметтік институттар мен үдерістерді, әлеуметтік өзара әрекеттестік пен өзгерістерді ғылыми тұрғыда түсіндіретін пән. Бұл курс оқушыларға әлеуметтік құбылыстарға ғылыми көзқараспен қарауды, өз орнын түсінуді және әлеуметтік жауапкершілік қалыптастыруды мақсат етеді.

Пәннің мақсаты: Оқушылардың әлеуметтанулық ойлау қабілетін дамыту, қоғамның негізгі құрылымдары мен үдерістері туралы жүйелі білім беру, заманауи әлеуметтік мәселелерге сыни көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Қоғам туралы ғылыми түсініктерді меңгерту;
- 2) Әлеуметтік құрылым мен стратификацияны түсіндіру;
- 3) Әлеуметтік институттардың (отбасы, білім, дін, БАҚ, экономика т.б.) рөлін анықтау;
- 4) Әлеуметтік нормалар мен девиациялық мінез-құлық туралы білім беру;
- 5) Әлеуметтік өзгерістер мен жаһандану үрдістерін зерделеу.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Әлеуметтану» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3.Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4.10-сынып мазмұны:

Әлеуметтану пәні және зерттеу әдістері

Қоғам және әлеуметтік құрылым

Әлеуметтік стратификация және мобильдік

Отбасы және оның әлеуметтендіру рөлі

Білім беру жүйесі және әлеуметтену

Мәдениет және субмәдениет ұғымдары
 Девиация және әлеуметтік бақылау
 Жобалық жұмыс: «Менің әлеуметтік ортам»
 5.11-сынып мазмұны:
 Қоғамдық пікір және бұқаралық ақпарат құралдары
 Қала және ауыл социологиясы
 Жастар социологиясы және әлеуметтік рөлдер
 Этнос, ұлт және әлеуметтік интеграция
 Жаһандану және оның әлеуметтік салдары
 Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік өзгерістер
 Әлеуметтік әділеттік және инклюзия
 Әлеуметтік зерттеу жобасын әзірлеу
 Жобалық жұмыс: «Қазақстан қоғамының болашағы – менің көзқарасым»

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру		Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Әлеуметтік жобалар жасау, топпен жұмыс		Әлеуметтік жауапкершілік	Коммуникативтік дағдылар
Ғылым	Зерттеу жүргізу, қорытынды жасау		Ғылыми ойлау және дәлелдеу	Сыни және логикалық ойлау
Шығармашылық	Инфографика, презентация әзірлеу		Қоғамды түсіну және бағалау	АКТ құралдарын қолдану, рефлексия жасау

**10–11-сыныптарға арналған
«Өнер» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленді.

«Өнер» таңдау курсы – оқушылардың көркемдік-шығармашылық қабілетін дамытуға, өнер түрлерінің тарихи, мәдени және әлеуметтік мәнін түсінуге бағытталған пән. Оқушылар бұл пән арқылы бейнелеу өнері, музыка, театр, кино, дизайн және заманауи өнер салалары туралы кең ауқымды түсінік алады.

Пәннің мақсаты: Оқушылардың өнерге деген танымдық қызығушылығын, шығармашылық ойлау қабілетін, мәдени сауаттылығын дамыту және ұлттық, әлемдік өнерге баулу.

Міндеттері:

- 1) Өнердің түрлері мен жанрларын ажыратуды үйрету;
- 2) Ұлттық және әлемдік өнер жауһарларымен таныстыру;
- 3) Көркемдік талғам мен эстетикалық көзқарас қалыптастыру;
- 4) Өнер туындыларын талдау және интерпретация жасау дағдысын дамыту;
- 5) Оқушылардың шығармашылық жобалар арқылы өзіндік көзқарасын білдіруіне мүмкіндік жасау.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Өнер» таңдау пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 76 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3.Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

4.10-сынып мазмұны:

Өнер ұғымы және оның қоғамдағы рөлі

Бейнелеу өнері: стильдер мен бағыттар

Музыка өнері: классикадан қазіргі заманға дейін

Дизайн негіздері және креативті ойлау
 Кино және анимация өнері
 Ұлттық қолөнер және ою-өрнек өнері
 Заманауи өнер және перформанс
 Жобалық жұмыс: «Менің өнерім – менің әлемім»
 5.11-сынып мазмұны:
 Өнер тарихы: Антикалықтан қазіргіге дейін
 Театр өнері және сахналық қойылымдар
 Фотосурет және цифрлық көркемдік
 Ұлттық бейнелеу өнері және мәдени кодтар
 Әлемдік өнер туындылары: талдау және интерпретация
 Қалалық ортадағы өнер: мурал, граффити, street art
 Кураторлық және арт-менеджмент негіздері
 Жобалық жұмыс: «Көркемдік инсталляция немесе көрме»

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Шығармашылық топпен жұмыс, көрме ұйымдастыру	Өзін-өзі таныту және мәдениетке қатысу	Коммуникативтік, презентация жасау
Ғылым	Өнер тарихын зерттеу, талдау жасау	Эстетикалық ойлау	Ақпаратты өңдеу, сыни ойлау
Шығармашылық	Жобалар мен арт-объектілер жасау	Авторлық идеяларды білдіру	Цифрлық құралдарды пайдалану, рефлексия жасау

10-11 сыныптарға арналған «Сахна тілі» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама)– тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы болып табылады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына сәйкес әзірленген. Бағдарлама Қазақ ұлттық білім беру компонентін интеграциялай отырып, оқытудың бірегей моделін ұсынады.

Сахна тілі пәні – оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіріп, сахнада көркем сөйлеу мен образ жасау қабілетін дамытатын өнер мен әдебиет тоғысындағы ерекше бағыттағы пән. Бұл пән мектеп оқушыларына сахналық сөйлеу техникасын меңгеруге, көркем мәтінді терең түсініп, шебер жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы талаптарға, «Мәдениет туралы» және «Білім туралы» заңдарға, жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламаларындағы құзыреттілік тәсілге негізделі отырып әзірленді. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының Тұжырымдамалық құжаттары мен стандарттарын басшылыққа алады.

Сахна тілі пәні – оқушылардың сөйлеу дағдысын жетілдірумен қатар, ұлттық әдеби мұра мен рухани құндылықтарды насихаттауға үлес қосатын маңызды пәндердің бірі. Бағдарлама мазмұны Абай Құнанбайұлының шығармаларына сүйене отырып құрылып, оның философиялық, адамгершілік және эстетикалық идеяларын жас ұрпақтың бойына сіңіруге бағытталған.

Пән мазмұнын құрастыруда театр педагогикасы, сахналық сөйлеу әдістемесі, дауыс пен тіл дамытуға арналған заманауи тәсілдер, сондай-ақ тұлғалық-бағдарлы оқыту принциптері ескерілді. Бұл бағдарлама – оқушыны тек сахнада сөйлеуге үйрету құралы ғана емес, оны ұлт руханиятына баулитын, адамгершілік пен парасаттылыққа тәрбиелейтін мазмұнды курс.

Оқу бағдарламасы белгілі бір тақырыптық жүйеге сүйене отырып, оқушылардың сахналық сөйлеу қабілеттерін кезең-кезеңмен жетілдіруге бағытталған. Сабақ барысында Абай Құнанбайұлының шығармашылығы негізгі әдістемелік құрал ретінде алынып, оқушылардың рухани дүниесін байытуға, эстетикалық талғамын арттыруға қызмет етеді. Абайдың поэзиясы мен қара сөздерін сахналық формада меңгеру – оқушыларға ұлттық әдебиетімізді терең сезініп, ұлы тұлғаның бейнесін сахнада сомдау арқылы тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Пән мазмұнына дикция, артикуляция, тыныс алу, дауыс қою, интонация, сахналық қимыл-қозғалыс пен мимика сынды сахна тіліне тән негізгі элементтер енгізілген. Сондай-ақ оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып,

театрландырылған көріністер қою арқылы олардың сахнадағы еркіндігі мен сенімділігін нығайту көзделеді.

Пәннің мақсаты:

Сахна тіліне тән ерекшеліктерді меңгерту (дикция, артикуляция, дауыс қою, интонация, мимика, ым-ишара, т.б.), эстетикалық талғам мен көркем сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

1) Дауыс жаттығулары арқылы сөйлеу аппараты мен тыныс алу жүйесін жетілдіру;

2) Көркем мәтінді (Абай өлеңдері мен қара сөздері) мәнерлі әрі түсінікті жеткізе білу;

3) Сахналық әрекетте дауыс пен қимылды үйлестіре қолдану қабілетін дамыту;

4) Абай шығармашылығы арқылы оқушылар бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және насихаттау.

Бұл пән оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып, сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге негіз болады.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Жұмыс бағдарламасы бойынша білім алушылардың теориялық білімдерін арттыру үшін сарамандық жұмыстар жүргізіледі. Бұл таңдау пәні бағдарламасының жылдық сағат саны 114, аптасына 3 сағат.

10 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында-114 сағат;

11 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында -114 сағат.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

2.10-сынып

I-бөлім Зерттеу және әзірлеу (А+В)

Бұл бөлімде қазақ әдебиетінің классиктері шығармаларымен қатар, Абай Құнанбайұлының шығармашылығына ішінара тоқталып, оның кейбір өлеңдері мен қара сөздері арқылы көркем мәтінді сахналық тұрғыда талдау жүзеге асырылады. Абай шығармалары — оқушының тілдік қоры мен көркемдік талғамын дамытуда маңызды құрал бола отырып, жалпы көркем сөйлеу дағдыларын жетілдірудің бір бағыты ретінде қарастырылады.

1. Абай шығармашылығына кіріспе: көркем мәтіндерді талдау (А)

Бұл бөлімде оқушылар Абайдың шығармашылығына жалпы шолу жасап, оның өлеңдері мен қара сөздерін талдайды. Көркем мәтіндердің мағынасы, стильдік ерекшеліктері мен рухани-адамгершілік тақырыптары зерттеледі.

2. Сахна тілінің негіздері: дикция, дауыс жаттығулары, тыныс (В) Оқушыларға сахналық сөйлеудің техникалық негіздері үйретіледі: таза әрі дұрыс дыбыстау, сөйлеу аппаратының жаттығулары, дұрыс тыныс алу және дауыс қою.

3.Мимика мен жесттің рөлі: практикалық жаттығулар (B)

Сөйлеу мен қимылдың үндестігін дамытуға арналған жаттығулар өткізіледі. Мимика мен жест арқылы эмоцияны жеткізу, көрерменге әсер ету машықтары дамытылады.

II-бөлім Шеберлікті дамыту және сахнада орындау (B+C)

Бұл бөлім оқушылардың сахналық сөйлеу дағдыларын дамытып, көркем мәтінді интонациялық, эмоциялық, қимылдық тұрғыдан әсерлі жеткізу шеберлігін арттыруға бағытталған. Абайдың шығармаларынан алынған үлгілер арқылы сахнада көркем сөйлеудің, сезімді жеткізудің, кейіпкер бейнесін жасаудың практикалық жолдары үйретіледі.

Бұл бөлім оқушылардың сөйлеу техникасынан сахналық шеберлікке көшу кезеңі болып табылады. Теориялық білім мен практиканы ұштастыра отырып, оқушылар шығармашылық жағынан дамып, сахна мәдениетіне бейімделе түседі.

1.Абайдың табиғат және адамгершілік өлеңдерін сахнада орындау (C)

Оқушылар Абайдың табиғатты және адамгершілік құндылықтарды суреттейтін өлеңдерін сахнада көркем түрде орындайды. Дауыс, интонация, эмоция мен қимыл үйлесімін меңгереді.

2. Қара сөздерді сахнада оқу: интонация, сезіммен жеткізу (C)

Абайдың қара сөздерін мәнерлеп, сезіммен оқу дағдылары қалыптасады. Оқушылар логикалық екпін, пауза мен интонацияны тиімді пайдалана отырып, мәтіннің рухани мәнін ашады.

3. Көрініс жасау: Абай мен шәкірті арасында диалог (C)

Абай мен шәкірті арасындағы әңгімелер сахналық диалог түрінде көрсетіледі. Бұл оқушыларға сахнада серіктеспен қарым-қатынас орнатуға және драмалық әрекетті меңгеруге мүмкіндік береді.

III-бөлім Қойылым және бағалау (C+D)

Бұл бөлім – оқу процесінің қорытынды кезеңі ретінде оқушылардың меңгерген теориялық және практикалық білімдерін шығармашылық жұмыста қолдануына, сахналық образ жасау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған. Абай шығармашылығынан алынған сахналық үзінділер, монологтар мен шағын қойылымдар арқылы оқушылар өз рөлдерін сахнада толыққанды сомдап, шығармашылық рефлексия жасап үйренеді.

1.Абай бейнесі ретіндегі сахналық портрет (C)

Бұл тақырыпта оқушылар Абай тұлғасын сахналық образ ретінде зерттеп, оны көркем түрде сахнада сомдайды. Мимика, дауыс, қимыл және ішкі толғаныстар арқылы кейіпкердің болмысын ашады.

2. Шағын сахналық қойылым: шығармашылық жұмыс (C)

Топтық немесе жеке шығармашылық жұмыс ретінде шағын сахналық қойылымдар дайындалады. Қойылымдарда Абай шығармашылығына негізделген көріністер немесе диалогтар орындалады.

3.Өз рөліне рефлексия, өзін және топты бағалау (D)

Қойылымнан кейін оқушылар өз өнерлерін, рөлдерін және топтағы жұмысын талдап, сын тұрғысынан бағалайды. Мұғалім мен сыныптастардың пікірлерін тыңдай отырып, өзін-өзі жетілдіру жолдарын анықтайды.

«Қойылым және бағалау» бөлімі – сахна тілі пәнінің ең маңызды қорытынды кезеңі. Бұл бөлімде оқушылар тек дайын мәтінді орындап қана қоймай, оны өзіндік өңдеумен, шығармашылықпен сахнаға алып шығады, әрі сахналық образ жасау процесін толық меңгереді. Сонымен қатар өзіндік ой түйіндеу, сахналық тәжірибені бағалау мен шығармашылық дамуға бағыт алу дағдылары қалыптасады. Сондықтан бұл бөлімде практикалық сабақтарға уақыт көп берілгені абзал.

3.11-сынып

I-бөлім Зерттеуді тереңдету, күрделі дайындық

1. Абайдың философиялық шығармаларын зерттеу (А)

Бұл бөлімде оқушылар Абайдың терең философиялық ой-толғамдарын, оның өмірлік ұстанымдары мен моральдық қағидаларын зерттейді. Қара сөздер мен кейбір өлеңдер арқылы дүниетанымдық мәндер, адамгершілік ұстанымдар, білім мен тәрбие мәселелері сахналық тұрғыдан талданады.

2. Қара сөздердің сахналық ықпалы мен астары (А)

Абайдың қара сөздерін сахна тілінде орындаудың ерекшеліктері қарастырылады. Мәтіннің астарлы мағынасы, автордың интонациялық мақсаты, сезімдік реңкі мен логикалық екпіні сараланып, сахналық орындауға бейімделеді.

3. Актерлік жаттығулар: эмоцияны жеткізу, сахнада өз-өзін ұстау (В)

Сахналық сергектік, зейін, эмоцияны еркін шығару, сахнадағы сенімділік пен табиғилықты дамытуға бағытталған актерлік тренингтер өткізіледі. Денені еркін ұстау, көрерменмен байланыс орнату, сөйлеу мен қимылды үйлестіру дағдылары жаттықтырылады.

II-бөлім Шеберлік мен сахналық орта (В+С)

1. Дауыс пен қозғалысты үйлестіру (В)

Сахнада дауыс пен дене қимылын үйлестіру дағдылары дамытылады. Сөйлеу кезінде ым-ишара, мимика, жүріс-тұрыстың эмоциялық мазмұнмен үндестігін табуға назар аударылады.

2. Абай бейнесіндегі монолог дайындау (С)

Оқушы Абай бейнесін зерттей отырып, оның тұлғалық келбетін, ішкі ой-толғамын монолог түрінде сахнада жеткізеді. Монолог нақты шығармаға сүйене отырып жасалады (мысалы, қара сөзден немесе белгілі өлең жолдарынан).

3. Абай және замандастары: сахналық диалогтар (С)

Абай мен оның шәкірттері немесе замандастары арасындағы ойлы әңгімелер сахналық диалогқа айналдырылады. Диалог арқылы оқушылар сахналық серіктестік, эмоциялық байланыс және логикалық ой ағымын көрсетуге дағдыланады.

III-бөлім Қойылым және бағалау (С + D)

1. Авторлық сахналық қойылым құру (С)

Оқушылар шағын сахналық қойылымды өз бетінше құрастырады. Сценарийді өздері жазады немесе дайын материалды бейімдеп, сахнаға лайықтайды. Қойылым мазмұнына Абай шығармашылығы, адамгершілік мәселелері немесе заманауи әлеуметтік тақырыптар енгізілуі мүмкін.

2. Актерлік импровизация және репетиция (С)

Бұл кезеңде дайын қойылымдарды шыңдау мақсатында импровизациялық жаттығулар, көріністерді түрлі тәсілмен қайталау, репетициялық жұмыстар жүргізіледі. Сахналық сенімділік пен бейнеге кіру қабілеті жетілдіріледі.

3.Қойылымнан кейінгі рефлексия, өзіндік сараптама (D)

Қойылым аяқталған соң, әр оқушы өз рөліне, сахнадағы мінез-құлқына, сөйлеу техникасына баға береді. Өзін-өзі сараптап, жетістіктері мен кемшіліктерін атап көрсетеді.

4.Сыныптық пікірталас, бағалау критерийлері бойынша жұмыс (D)

Сынып ішінде қойылымдар бойынша пікір алмасу, көркемдік деңгейін, сахналық шеберлікті, актерлік ойын мен сөйлеу мәдениетін бағалау критерийлері арқылы талдау жүргізіледі. Мұғалім мен оқушылар бірлесе отырып бағалау процесіне қатысады.

«Сахна тілі» пәнін бағалауға ұсынылған критерийлер

Критерий	Аты	Мазмұны	«Сахна тілі» пәніне бейімделуі
A	Зерттеу (Inquiring)	Өнер тәжірибелерін зерттеу, әртүрлі мәдени-көркем мәтіндерді талдау	Абай шығармаларын зерттеу; сахна тілінің теориясын, дауыс техникасын, сахналық әрекетті зерделеу
B	Өзірлеу (Developing skills)	Өнер жасау үшін дағдылар мен техникаларды дамыту	Дауыс қою, артикуляция, эмоция жеткізу, сахнада сөйлеу техникасын жетілдіру
C	Орындау (Creating/Performing)	Шығармашылық идеяларды жүзеге асыру	Абай өлеңдері мен кара сөздерін сахналау; монологтар мен көріністер құрастыру
D	Бағалау және рефлексия (Evaluating)	Өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалау	Қойылымдарға өзіндік талдау жасау, рефлексия жазу, көрермен пікірімен жұмыс істеу

Критерий А – Зерттеу (Inquiring / Research)

Анықтама:

Оқушылар сахна өнерінің теориялық және тарихи аспектілерін зерттейді. Олар әртүрлі стильдерді, мәдени контексттерді, сахна тілінің көркемдік мүмкіндіктерін талдайды. Абай шығармаларын сахналық тұрғыда зерттеп, оны сахнада қолданудың жолдарын іздейді.

Мұғалімге кеңестер:

Абайдың өмірбаяны мен шығармашылық контексін таныстырыңыз (ақын, ойшыл, ағартушы ретінде).

Оқушыларға шығармаларды талдау кестесі (стиль, эмоция, тақырып, кейіпкер т.б.) беріңіз.

Салыстырмалы талдаулар жасаңыз: Абай мен басқа авторлар/ақындар/драматургтер.

Теориялық білімді практикалық сахнамен байланыстырыңыз.

Критерий В – Дағдыны дамыту (Developing Skills)

Анықтама:

Бұл кезеңде оқушылар актерлік және сахналық сөйлеу дағдыларын дамытады: дикция, дауыс қою, артикуляция, қимыл, мимика, интонация сияқты техникаларды меңгереді.

Мұғалімге кеңестер:

Әр сабақтың басында дауыс және тыныс жаттығуларын енгізіңіз.

Абай өлеңдерін пайдаланып интонация мен дауыс ырғақтарын жаттықтырыңыз.

Айнамен жұмыс жасау арқылы мимика мен жесттерді дамытуға бағыт беріңіз.

Сахнада сөйлеу техникасын топтық және жұптық жаттығулар арқылы пысықтаңыз.

Критерий С – Орындау (Performing / Creating)

Анықтама:

Оқушылар шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы сахналық бейнелер жасайды. Абайдың поэзиясы мен прозасын сахнаға шығару арқылы көркем сахналық қойылымдарға қатысады.

Мұғалімге кеңестер:

Абай өлеңдері мен қара сөздері негізінде монолог, диалог, сахналық көріністер жасаңыз.

Шағын рөлдік ойындар ұйымдастырып, оқушыларға кейіпкер болуға мүмкіндік беріңіз.

Импровизация элементтерін қолданыңыз — бұл оқушылардың ішкі ойын шығармашылықпен жеткізуіне септігін тигізеді.

Қойылым дайындағанда сахналық кеңістікті, эмоциялық әсерді, дауыс деңгейін ескеруге бағыттаңыз.

Критерий D – Бағалау және рефлексия (Evaluating / Reflecting)

Анықтама:

Оқушылар өздерінің және басқа қатысушылардың жұмысын бағалайды. Сахналық жұмысты саралап, не сәтті шыққанын және неге көңіл бөлу керектігін түсінеді. Жеке рефлексия жүргізу арқылы шығармашылық дамуына талдау жасайды.

Мұғалімге кеңестер:

Әр қойылымнан кейін рефлексия жазу тапсырмасын беріңіз: "Не үйрендім?", "Не сәтті болды?", "Қандай қиындық болды?".

Топтық талқылау жүргізіңіз: оқушылар бір-бірінің жұмысына пікір айтуға үйренсін.

Бағалау парағы жасаңыз (мысалы: дауыс анық па? қимыл сенімді ме? бейне толық ашылды ма?).

Видеожазба қолданып, оқушылардың өз қойылымдарын қарап, салыстырмалы анализ жасауына жағдай жасаңыз.

Қосымша ұсыныстар:

Абай бейнесін сахнада көрсету — басты бағыт ретінде алынса, әр критерий соған қызмет етеді.

Кросс-пәндік байланыс орнатыңыз: әдебиет (Абай шығармалары), музыка (Абай әндері), тарих (Абай дәуірі).

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

(«Сахна тілі» таңдау пәні бойынша)

1. Шығармашылық қабілеттері дамиды

Көркем мәтінді сахналық тілде жеткізе білуге машықтанады

Өртістік қиял мен сахналық образды жасауда өзіндік шешімдер табады

Абай шығармалары негізінде жаңа сахналық туындылар жасай алады

2. Зерттеушілік және сын тұрғысынан ойлау дағдылары қалыптасады

Абай шығармаларын тарихи-мәдени контексте зерттейді

Кейіпкер мінезін, көркем бейнені талдап, өз ой қорытындыларын жасайды

Өзінің және өзгелердің шығармашылық жұмысын сыни тұрғыда бағалайды

3. Коммуникативтік дағдылары дамиды

• Мәнерлі сөйлеу, дауыс қою, сахнада өз ойын ашық жеткізу дағдысы қалыптасады

• Топ ішінде жұмыс істеу, диалог және сахналық серіктестік дағдылары дамиды

• Аудиториямен байланыс орнатуды үйренеді (көрерменмен жұмыс)

4. Рефлексия жасауға дағдыланады

• Өз сахналық жұмысын талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін айқындай алады

• Эмоциялық тәжірибесіне баға беріп, өзін-өзі дамыту жолдарын ұсынады

• Жеткен нәтижесін жеке мақсаттарымен байланыстырып түсінеді

5. Рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгереді

• Абай шығармаларындағы тәрбие, адамгершілік, парасаттылық идеяларын бойына сіңіреді

• Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасына құрметпен қарайды

• Өнер арқылы қоғамға оң әсер етудің маңызын түсінеді

6. Өзін-өзі көрсету және сенімділік артады

• Қоғам алдында сөйлеу, өз рөлін ойнау арқылы сенімділік қалыптасады

• Қорқынышты жеңу, сахнада еркін болу арқылы тұлғалық еркіндік артады

Өз ойын ашық айту мен шығармашылық пікір білдіру дағдылары дамиды

**10–11-сыныптарға арналған
«Экономика» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленді.

«Экономика» таңдау пәні – оқушылардың экономикалық сауаттылығын арттырып, нарықтық қатынастарды, жеке және қоғамдық экономикалық шешімдерді түсінуге бағытталған курс. Пәнде оқушылар микроэкономика және макроэкономика негіздерін, қаржы жүйесін, жеке бюджет жүргізу, кәсіпкерлік, инвестиция және тұрақты даму экономикасы мәселелерін зерттейді.

Пәннің мақсаты: Оқушыларға заманауи экономикалық білім беру, қаржылық сауаттылығын қалыптастыру және өмірде тиімді экономикалық шешімдер қабылдай алу қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- 1) Негізгі экономикалық ұғымдар мен заңдылықтарды түсіндіру;
- 2) Экономикалық ойлау мен анализ жасау дағдыларын дамыту;
- 3) Жеке және отбасы бюджетін жоспарлау негіздерін үйрету;
- 4) Кәсіпкерлікке қызығушылықты арттыру;
- 5) Қазақстан мен әлемдегі экономикалық үрдістер туралы түсінік қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Экономика» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында-114 сағат;

11 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында -114 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3.Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып мазмұны:

Экономика негіздері: сұраныс, ұсыныс, баға

Тұтынушы және өндіруші

Нарық және оның түрлері

Бәсекелестік пен монополия

Жалақы, еңбек нарығы және жұмыссыздық
 Ақша және банк жүйесі
 Инфляция және оның салдары
 Жобалық жұмыс: «Отбасы бюджетін жоспарлау»
 11-сынып мазмұны:
 Макроэкономика негіздері: ЖІӨ, экономикалық өсу
 Мемлекеттік бюджет және салық жүйесі
 Халықаралық сауда және жаһандану
 Инвестициялар мен қор нарығы
 Қаржылық сауаттылық: депозит, несие, сақтандыру
 Кәсіпкерлік және стартаптар
 Экономика және тұрақты даму
 Жобалық жұмыс: «Мектеп бизнес-жобасы»

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Бизнес идеяларды ұсыну және қорғау	Жауапкершілік, шешім қабылдау	Коммуникативтік, қаржылық есеп
Ғылым	Экономикалық анализ және модельдеу	Сыни ойлау	Ақпаратпен жұмыс істеу, рефлексия
Шығармашылық	Стартап жобаларды әзірлеу	Икемділік және инновациялық ойлау	Цифрлық құралдармен жұмыс, презентация жасау

**10–11-сыныптарға арналған
«Менеджмент» таңдау пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

Түсінік хат

«Qazaq national school programme» білім беру бағдарламасы – тереңдетілген үлгілік оқу бағдарламасы Негізгі және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Абай ұлттық мектебінің тұжырымдамасына және Қазақ ұлттық білім беру компонентіне сүйене отырып әзірленді.

«Менеджмент» таңдау пәні қазіргі заманғы басқару қағидаттарын, көшбасшылық пен ұйымды тиімді басқару тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Бұл курс оқушыларды басқарушылық ойлауға, командада жұмыс істеуге, жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыруға үйретеді. Оқушылар жеке және кәсіби өмірде басқару дағдыларын дамытады.

Пәннің мақсаты: Оқушыларға басқару ғылымының негіздерін үйрету арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамыту, шешім қабылдау және командамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Менеджменттің негізгі ұғымдары мен функцияларын түсіндіру;
- 2) Басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- 3) Команда құру, мотивация және көшбасшылықты меңгеру;
- 4) Жобаларды басқару тәсілдерін игеру;
- 5) Заманауи ұйымдар мен кәсіпорындарда қолданылатын менеджменттің түрлерін талдау.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1.«Менеджмент» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі (38 апта):

10 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат;

11 сынып-аптасына 3 сағат, оқу жылында – 114 сағат.

2.Бағдарлама тұлғаға бағдарланған, құндылыққа негізделген, құзыреттілік, конструктивистік және инклюзивті тәсілдерге сүйене отырып іске асырылады.

3.Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделіп іске асырылады.

2-параграф. Таңдау пәнінің мазмұны

10-сынып мазмұны:

Менеджментке кіріспе: ұғымы мен эволюциясы

Басқару функциялары: жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау

Уақытты басқару және мақсат қою

Көшбасшылық және мотивация теориялары

Коммуникация және команда құру
 Менеджер тұлғасы және этикасы
 Жобалық жұмыс: «Мектептегі шағын команда құру»
 11-сынып мазмұны:
 Стратегиялық менеджмент
 Жобаларды басқару негіздері (Project management)
 Маркетингтік менеджмент
 Қаржылық менеджменттің негіздері
 Адами ресурстарды басқару
 Тәуекел мен өзгерістерді басқару
 Инновациялық менеджмент
 Жобалық жұмыс: «Жас менеджерлер симуляциясы»

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

Негізгі бағыттар	Дағдыларды меңгеру	Жеке тұлғалық	Метапәндік
Көшбасшылық	Команданы ұйымдастыру және басқару	Жауапкершілік, белсенділік	Коммуникативтік, презентациялық дағдылар
Ғылым	Басқару процестерін талдау	Сыни және стратегиялық ойлау	Ақпаратты жүйелеу, логикалық қорытынды
Шығармашылық	Жоба және стартап идеялар әзірлеу	Икемділік және инновациялық ойлау	Цифрлық құралдармен жұмыс, жоспар құру